

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

№ 5

М А Й

№ 5

АЛМАТЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ
1955

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXIV жыл шығуы

Қазақ және орыс тілінде шығады

№ 5

М А Й

1955

М А З М Ұ Н Ы

БАС МАҚАЛА — Баспасөздің идеялық дәрежесі мен ұйымдастырушылық ролі арттырылсын 2

СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ МАРКС — ЭНГЕЛЬС — ЛЕНИН — СТАЛИН ИНСТИТУТЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

В. И. ЛЕНИННІҢ ЖАҢА МАҚАЛАЛАРЫ 8

Буржуазияның халықаралық саясаты 9

Деревняны «тыныштандыру» туралы помещиктік үн 10

Капитализм және әйел еңбегі 11

Бельгиялық стачканың сабақтары 12

Құрылыс өнеркәсібі және құрылыс жұмысшылары 13

4-інші Думаға баға 14

Тұрмыс қымбатшылығы және капиталистердің ауыр халі 15

Герман социал-демократиясы және қарулану 16

Неміс католиктерінің бұқараны ұйымдастыруы 17

Жұмысшылар үшін демалыс туралы 19

«Тарихи» формуланың маңызы 20

Кімге сүйенеді? 21

Депутат Франк жалпы стачканы жақтайды 22

Қызықты съезд 23

Г. БОРАНБАЕВ, П. ПАХМУРНЫЙ — Большевиктер партиясы — бірінші орыс революциясындағы бірден-бір марксистік ұйымдастырушы күш 25

С. ТОЛЫБЕКОВ, Л. РАХЛИС — Маркс пен Энгельстің қоғамдық-саяси қызметінің алғашқы дәуірі 35

А. МОРОЗОВ — Колхоздарды басшы кадрлармен нығайта берейік 43

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

М. РОГИНЕЦ — Барлық резервтерді іске қосамыз 48

Н. КАВЕШНИКОВ — Бұқараның творчестволық бөлсенділігі және өндірістің резервтері 52

Л. ПЛЕТНЕВА — Партиялық оқу орындарында оқу жылы ұйымшылықпен аяқталсын 55

ЖЕРГІЛІКТІ БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Металл және газет 59

Баспасөздің идеялық дәрежесі мен ұйымдастырушылық ролі арттырылсын

Коммунистік партия, оның ұлы көсемі В. И. Ленин ұйымдастырып, тәрбиелеп өсірген партиялық баспасөз өзінің өмір сүруінің алғашқы күндерінен бастап партиямыздың ең күшті құралына айналды. Ол әрдайым коллективтік насихатшы, үгітші және бұқараның ұйымдастырушысы болып келді. Ол қоғамдық тұрмыстың барлық салаларында іске жұмылдырушы және ұйымдастырушы болып орасан зор роль атқаруда.

Партиялық, советтік баспасөздің бай тарихы бар. В. И. Ленин ұйымдастырған «Искра» газеті жаңа тұрпатты партияны құру күресінде шешуші роль атқарғаны мәлім. Сол кездің өзінде, өзінің тууының таңында, партия баспасөздің жауынгерлік партиялылығына, жоғары идеялылығына, принципшілдігіне үнемі қамқорлық жасап отырды. «...Біз өз органымызды әртүрлі көзқарастардың жәй бір қоймасы еткіміз келмейді...» — делінді 1900 жылы В. И. Ленин жазған «Искра» редакциясының мәлімдемесінде. — Біз оны, қайта, өте айқын бағыт рухында жүргіземіз. Бұл бағытты: марксизм — деген сөзбен білдіруге болады...».


Партия қатарын нығайтып, партияның бұқарамен байланысын кеңейтуде, революцияшыл жұмысшылардың жаңа ұрпағын тәрбиелеуде «Правда» орасан зор роль атқарды. 1912—1914 жылдардағы революциялық өрлеу дәуірінде туған «Правда» өзінің қажырлы қызметі арқасында жұмысшылар мен барлық еңбекшілердің күшті сүйіспеншілігіне және зор құрметіне ие болды.

«Правда» жаңа тұрпатты баспасөздің — халықтық баспасөздің тұңғышы болды. Советтік баспасөз — шын мәнісінде прогрестік, өмір орнықтырушы баспасөз, өзінің міндеттері, бағыты, мазмұны жағынан, сол сыяқты бүкіл қызметінің формалары және құралдары жағынан, буржуазиялық баспасөзден түбірінен, принципінде өзгеше баспасөз.

«Біздің баспасөзден күшті, одан тыңғылықты құралымыз жоқ, — деді СОКП Орталық Комитетінің секретары Н. С. Хрушев жолдас. Баспасөз — біздің партияның ең алыстан атып тигізетін идеялық қаруы. Егер газеттер мен журналдар үшін материалдарды жақсы іріктеп алатын болсақ, біз сан мың километр алыстағы нысанға дәлдеп тигізіп, ұлан-байтақ еліміздің барлық түкпірлеріндегі кемшіліктерді аша аламыз. Сондықтан, кімде-кім баспасөзді жете бағаламаса, ол біздің күштерімізді нашарлатады».

Партиялық және советтік баспасөзді дамытып, жетілдіруге қамқорлық жасауға Коммунистік партия ерекше көңіл бөліп отырады. Қазіргі уақытта ССРО-да жүздеген журналдардан тыс, 7 мыңнан астам газет шығарылады, бұлардың бір жолғы тиражы 47 миллион дана.

Совет Одағын мекендейтін көптеген ұлттар тек Совет өкіметі тұсында ғана өздерінің ана тілінде баспасөз органдарын шығаруға мүмкіндік алды. Ұлттық баспасөздің мейлінше күшті қарқынмен өркендеуін Қазақстанның мысалы айқын дәлелдей алады. Қазіргі уақытта мұнда 8 республикалық газет, 33 облыстық, 223 қалалық және аудандық газеттер, 38 көптиражды газет, 20 қоғамдық-саяси, көркем-әдеби және ғылыми-



өндірістік журналдар шығарылады. Олардың жалпы тиражы 1 370 мың данадан асады. Газеттер мен журналдар қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр және корей тілдерінде шығарылады.

Социалистік қоғамның дамуының барлық кезеңдерінде баспасөзіміз партияның шындық сөзін бұқараға қажырлылықпен таратып келді және таратуда, Коммунистік партия мен Совет үкіметі жүргізіп отырған Совет Одағының ішкі және сыртқы саясатын еңбекшілерге түсіндіріп келді және түсіндіруде.

Кәзіргі уақытта еліміздің баспасөзі өзінің барлық күшін партияның XIX съезінің тарихи шешімдерінде, СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының шешімдерінде белгіленген орасан зор міндеттерді жүзеге асыру жолына жұмсауда.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы, Отанымыздың бүкіл халық шаруашылығының және мызғымас қорғаныс қуатының берік негізі, совет халқының әл-ауқатының үздіксіз өсуінің қайнар бұлағы болып отырған ауыр индустрияны онан әрі өркендету Коммунистік партияның басты міндеті болып табылатынын атап көрсетті. Партия мен совет халқының ауыл шаруашылығы саласындағы ең шұғыл міндеті — таяудағы жылдарда астықтың жалпы түсімін 10 миллиард пұтқа жеткізу және мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді екі — екі еседен аса арттыру міндетін тек бүкіл социалистік өнеркәсіпті, әсіресе ауыр өнеркәсіпті өркендету негізінде ғана ойдағыдай орындауға болады.

Еліміздің экономикасы мен мәдениетін онан әрі өркендетуге бағытталған партия мен үкіметтің шешімдерін орындау үшін күресе отырып, Қазақстанның баспасөзі бұқараны коммунистік қоғам орнатуға жұмылдыруда едәуір жұмыс істеді. Газеттер мен журналдар индустрияны онан әрі өркендету саласында, Қазақстанды еліміздің шығыстағы негізгі астық және мал шаруашылығы базасына айналдыру ісінде республиканың алдында тұрған зор міндеттерді еңбекшілерге күнбе-күн түсіндіріп келеді.

Газеттер біраз пайдалы тәжірибе алды. Мәселен, «Лениногорская правда» өнеркәсіп мәселелерін өткен жылдардағыдан едәуір жақсы баяндап отырады. Газет өндірістің пайдаланылмаған резервтерін ашып, артта қалған кәсіпорындарды батыл сынады, еңбекті ұйымдастырудағы кемшіліктерді жоюға көмектеседі, машиналар мен механизмдерді неғұрлым өнімді пайдалану үшін күреседі, өнертапқыштар мен рационализаторлар арасындағы жұмысқа көп көңіл бөліп отырады. «Лениногорская правда» өндірістің белгілі бір участогіндегі кемшіліктерді туғызатын себептерді терең зерттеп айыруға тырысады, бесінші бесжылдық жоспардың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындауды көздейтін социалистік жарысты ұйымдастыру мәселелерін баяндауға көп көңіл бөледі.

Дегенмен, республикалық баспасөздің елеулі кемшіліктері де бар. Ауыр өнеркәсіпті халық шаруашылығының басқа барлық салаларынан оздыра өркендету — Коммунистік партияның сара жолы екені мәлім. СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы ауыр өнеркәсіпті өркендетуді жете бағаламауды, кейбір экономистердің елімізде ауыр және жеңіл өнеркәсіпті өркендету қарқыны туралы мәселені шатастыруын қатты айыптады. Бұл мейлінше қате пікірлер біздің кейбір газеттеріміз бен журналдарымыздың бетіне де өтті.

«Қазақстан коммунисті» журналының 1954 жылғы 1-номерінде жарияланған Ц. Фридман мен Е. Антипованың «Социализм тұсында өндіру және тұтыну» деген мақаласында, партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету жөніндегі шаралары — шаруашылық мәселелерінің бүкіл тізбегін тартып шығаруға мүмкіндік беретін негізгі буын болып табылады деген пікір айтылды. Журнал-

дың 1955 жылғы 2-номерінде жарияланған В. Черняктың «Марксизм-ленинизмнің творчестволық сипаты» деген мақаласында да ауыр өнеркәсіпті оздыра өркендетудің маңызы жете айтылмады.

«Қазақстан коммунисті» журналының бетінде ауыр өнеркәсіп және республиканың халық шаруашылығының нақтылы экономикасы мәселелеріне арналған мақалалардың бұған дейін аз басылуы да редакциялық коллегия журналдың жұмысындағы елеулі кемшілік деп есептейді. Құрылыс, транспорт мәселелері мүлде баяндалған жоқ. Халық шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыру жолдары туралы, техникалық прогрес туралы, электрлендіру, шаруашылық есеп, үнемшілдік тәртібі, өнімнің түсер құнын кеміту туралы мақалалар аз басылды. 1955 жылға арналған жұмыс жоспарында редакция бұл кемшіліктерді жоюдың бірсыпыра шараларын белгіледі.

Марксизмді тұрпайылаушылардың, социализмнің негізгі экономикалық заңын біржақты, тек тұтыну жағынан түсіндіріп, кәзіргі уақытта ауыр өнеркәсіпті өркендету біздің басты міндетіміз болудан қалады-мыс, социалистік құрылыстың белгілі бір кезеңінде ұлғаймалы ұдайы өндірісті жүзеге асырғанда, жеңіл өнеркәсіп индустрияның барлық басқа салаларының дамуын басып оза алатындай және озуға тиісті етіп жүзеге асыруға болады-мыс дейтін байымдаулары коммунистік құрылыс ісіне зор зыян келтіреді. Маркстік-лениндік теорияны тұрпайылаушылықпен бұрмалау әрекеттерінің қандаймен болса да күресу біздің бүкіл баспасөзіміздің аса маңызды міндеті болып табылады.

Біздің кейбір баспасөз органдар социалистік өнеркәсіпті оған әрі өркендету мәселелеріне әлі күнге тиісінше көңіл бөлмейтінін айту қажет. Мәселен, «Социалистическая Қарағанда» газеті өнеркәсіп орындарының жұмысы туралы аз жазады. Соңғы төрт айдың ішінде газет Балқаш мыс қорыту заводы туралы небәрі үш материал, Жезқазған руднигі туралы бір материал берді. Ал Жезқазған және Қоңырат рудниктерінде механизмдер мен жабдықтар нашар пайдаланылады, еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің түсер құнын кеміту жоспарлары орындалмайды. Солай бола тұрса да, газет бұл мәселелерден шет қалып келеді.

Қарағанды бассейнінің көмір өнеркәсібі өркендетуде де олқылық аз емес. Шахталардың үштен бір бөлегі өндірістік тапсырмаларды орындамайды, солай бола тұрса да редакция, шахталардың жобаланған қуатын меңгеру, еңбек өнімділігін арттыру және техникалық прогрес жолдары, көмір разрездеріндегі кеннің бетін ашу жұмыстарының артта қалуын жою сыяқты мәселелерге көңіл бөлмейді.

Республиканың баспасөзі ауыл шаруашылығының барлық салаларын өрге бастыру мәселелерімен нақтылы шұғылдана бастады. Қостанайдың «Сталинский путь» газеті облыстың еңбекшілерін тың және тыңайған жерлерді игеруге жұмылдырып ұйымдастыруда зор жұмыс атқарып келеді. Өткен жылы облыста жанадан 19 совхоз, быйыл тағы да 76 совхоз құрылды. Газет кең далада астық фабрикаларының құрылуын үнемі қадағалап, жана қонысшылардың жана жерлерді қалай игеріп жатқанын көрсетіп отырады, қалың бұқараны кездескен қиыншылықтарды жеңуге, ауыр өнеркәсіп беріп отырған күрделі ауылшаруашылық техникасын неғұрлым өнімді пайдалануға шебер жұмылдырып отырады.

Бұл газеттің коллективі өзінің күшін — бұқарамен байланысты кеңейтіп, қалың авторлар активіне сүйенуде деп дұрыс таныйды. Газеттің авторлар активіне соңғы айлардың өзінде, бұрынғысының үстіне, жанадан 150-ден астам адам қосылып, көбейді. Бір жылдың ішінде газет еңбекшілердің екі мыңнан астам хаттарын басты.

Алайда республика баспасөзінің бетінде ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету мәселелерін баяндаулағы әлі де болып отырған елеулі кемшіліктерді көрмеу зор қате болар еді. Бұл жерде, ең болмағанда,

мынадай бір мысал келтіруге болады. Қазақстанда, әсіресе оның оңтүстігінде табиғат және ауа райы жағдайлары жүгері өсіруге өте қолайлы. Бұл дақылды өсірудің пайдалылығына және экономикалық тиімділігіне кәзір ешкім күмәнданбайды. Солай бола тұрса да, «Правда Южного Казахстана», СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімінен кейін де, жүгеріні емес, бедені өсіруді насихаттап келді. Бұл газет жүгеріні шаршы-ұялап егудің артықшылығы туралы өте аз жазады.

Әрине, жүгері егісін ұлғайту керек дегенде, онаи — бұл дақыл басқа дақылдардың бәрін ығыстырып шығаруға тиіс деген мағна тумайды. Бірақ СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының атап көрсеткеніндей, жүгеріге айрықша көңіл бөлінуге тиіс. Мұнан кейін «Правда Южного Казахстана» газетінің позициясы түсініксіз болып шығады. Мұның бәріне себеп — Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті өзінің баспасөз органдарына нашар басшылық етеді, оларға іс жүзінде нақтылы көмек көрсетпейді.

Кейбір газеттер колхоздарды, МТС-терді және совхоздарды өздерінің өндірісін жоспарлау ісінде теріс бағыттайды. Ауыл шаруашылығы еңбекшілерін СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімдерін мерзімінен бұрын орындауға жұмылдыру орнына, жеке газеттер өздерінің қате ұсыныстарымен, іс жүзінде қоғамдық шаруашылықты өркендету қарқынын тежейді. Мәселен, Семейдің облыстық «Екпінді» және «Прииртышская правда» газеттері быйыл жүгері егісінің әрбір гектарынан... 169 центнер көк шөп алмақ болатын, Бородулиха ауданының Ильич атындағы колхозын мақтайды. Істің шынында облыстың колхоздары көптен бері жүгерінің гектарынан 500 — 600 центнерден көк шөп алып келеді.

«Павлодарская правда» газеті, үстірт қарағанда, колхоз өндірісін жоспарлау мәселелеріне көп көңіл бөлетін сыяқты. Бұл газет орталық баспасөзден бұл мәселеге арналған көптеген өнеге аларлық мақалаларды көшіріп басты. Бірақ, жергілікті колхоздарды өркендетудің алдағы жылдарға арналған жоспарларын жариялауға келгенде, газет өзіне лайықты дәрежеде бола алмайды.

Ворошилов атындағы колхоздың толық жоспарында ондаған цифрлар мен таблицалар келтіріледі. Мұнда ең алдымен колхозда 1960 жылы не болатыны және оның бұл жылы мемлекетке не беретіні көрсетіледі. Ал ауылшаруашылық артелі быйыл қандай табыстарға жету үшін күреседі, қоғамдық шаруашылық таяудағы екі—үш жылдың ішінде қалай өркендетіледі, — бұл туралы ешнәрсе айтылмайды деуге болады. Астық және мал шаруашылығының өнімін өндіруді тез арттыруға қандай резервтер пайдаланылатыны жоспарда көрсетілмейді. СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімін мерзімінен бұрын орындауға толық мүмкіндік барлығы тіпті байқалмайды да. Ал «Павлодарская правда» колхоздың қоғамдық шаруашылығын өркендетудің бұл жоспарын оқушыларға үлгілі жоспар ретінде ұсынды.

«Қазақстанның ауыл шаруашылығы» журналында елеулі кемшіліктер бар. Жер көлемінің белгілі бір өлшемінен өндірілетін ауылшаруашылық өнімдерінің саны колхоздар мен совхоздардағы өндірістің дәрежесін сипаттайтын негізгі экономикалық өлшеуіш болып табылатыны партияның соңғы шешімдерінде ерекше айқын атап көрсетілгені мәлім.

«Қазақстанның ауыл шаруашылығы» журналының соңғы жылдағы номерлеріне талдау жасау редакциялық коллегияның жеке колхоздардың табыстарын баяндағанда қатты кателесетінін көрсетеді. Журналдың өткен жылғы июль номерінде Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданындағы «Победа» колхозының табыстары туралы мақала басылды. Бұл колхозда әрбір сыйырдан сүт, басқа колхоздарға қарағанда көп алынған. Мақаланың авторы, ал онымен бірге журналдың редакциясы

да, барлық мал өсірушілерді осы шаруашылыққа теңелуге шақырады. Істің шынында бұл колхозға бекітіп берілген жерлердің әрбір 100 гектарына екі сыйырдан кем, ал сүттің жылдық өнімі 40 центнерден кем келеді. Басқаша айтқанда, бұл колхозда мал шаруашылығының кәзіргі дәрежесі халықтың сүтке және сүт өнімдеріне деген қажетін толық өтеу үшін әрбір шаруашылықта болуға тиісті дәрежеден, малдың саны жағынан бес есе, ал өнімділігі жағынан алтыжарым есе төмен болып отыр. Журнал оқушыларды адастырмай, колхоздағы пайдаланылмаған резервтерді, колхоздың алдында тұрған міндеттерді көрсетуге тиісті еді.

Журнал басқа да көптеген материалдарында ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларындағы кейбір табыстарды ғана көрсетеді, партия мен үкіметтің республиканың ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру туралы шешімдерін неғұрлым тез орындауға байланысты түбірлі мәселелерді көтермейді. Оның үстіне редакциялық коллегия журналдың үнемі кешігіп шығуын әлі жоймай келеді. Мұның нәтижесінде көп материалдар оқушыларға тым кешігіп жетеді.

Республика баспасөзінің міндеті — ауыл шаруашылығының резервтерін толық пайдалануға көмектесу, бүкіл егіс көлемінде егіннің шығымдылығын арттыру үшін, егінді жыйнағанда ысырапты азайту үшін, тың және тыңайған жерлерді игеру, жүгері егісінің көлемін ұлғайту үшін күресу. Газеттер мен журналдар, ауыл шаруашылығының әлі де артта қалып отырған саласы — мал шаруашылығын өркендету мәселелерін баяндауды тез жақсартуға міндетті. Әсіресе жаңадан құрылған совхоздардың жұмысына ерекше көңіл бөліп, олардың коллективтері партия мен үкіметтің жауапты тапсырмаларын қалай орындап жатқанын кеңінен көрсету керек. Мұнымен бірге озаттардың, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылардың тәжірибесін күнбе-күн насихаттап, оларды және ауыл шаруашылығының мамандарын баспасөзге кеңінен белсенділікпен қатыстыру керек. СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімдерін мерзімінен бұрын орындау күресінде баспасөздің ұйымдастырушылық ролін мейлінше арттыра беру міндет.

Баспасөзіміздің жұмысын шаруашылық және мәдениет құрылысының ең маңызды мәселелерін шешуге үнемі бағыттап отырып, партияның Орталық Комитеті газеттер мен журналдардың — үлкен трибуна екенін, оны пайдалана отырып, әрбір партия комитеті бұқарамен, партия ұйымдарымен, коммунистермен байланысын үнемі нығайтып отыра алатынын, коммунизмнің жеңуі жолындағы күресте шешуші роль атқаратындармен тікелей кеңесіп отыра алатынын талай рет көрсетті. Совет мемлекеті бұқараның саналылығымен күшті, егер бұқара бәрін білетін болса, бәріне саналылықпен баратын болса, ол бәрін де істей алады деген ұлы Лениннің нұсқауларын әрдайым есте сақтау қажет.

Баспасөзде партия тұрмысы бөлімдерін шеберлікпен жолға қою — партияның жергілікті ұйымдармен, коммунистермен күнбе-күнгі байланысын нығайту құралдарының бірі. Солай бола тұрса да, республиканың көп газеттерінде бұл аса маңызды бөлім ажарсыз және қызықсыз жүргізіледі. «Павлодарская правда» газетінің партия тұрмысы бөлімінде әдетте актив жыйналыстары туралы, пленумдар, конференциялар, кеңестер және семинарлар туралы информациялық хабарлар мен есептердің ғана жариялануына қанағаттануға болмайды.

Бұл газеттің партия тұрмысы бөлімінің тақырыптары тар және біржақты келеді. Партия-ұйымдастыру және партия-саясат жұмысының мәселелері баяндалмайды деуге болады. Коммунистердің өндірістегі, әсіресе ауыл шаруашылығындағы авангардтық ролі, олардың бұқараға партияның саясатын түсіндіру және бұқараны ұйымдастыру жөніндегі жұмысы үстірт, қарадүрсін көрсетіледі. Редакция қатардағы коммунистер және бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары есебінен тілші-

лерін көбейту шараларын қолданбайды. Соңғы төрт-бес айдың ішінде Павлодар облысының аудандық партия комитеттері секретарьларының бірде-біреуі газет бетінде мақала жариялаған жоқ. Бастауыш партия ұйымдарының секретарьларының да мұндай мақала жазуы өте сирек.

Республиканың басқа да көптеген облыстық, қалалық және аудандық газеттері қатардағы партия қызметкерлерін баспасөз жұмысына мүлде жеткіліксіз тартады. Бұл кемшіліктерді жоя отырып, партия ұйымдарының бұқара арасындағы ұйымдастыру және бұқаралық-саясат жұмысының тәжірибесін кеңінен қорыту керек, іске жетіктікпен партиялық тақырыптарда мақалалар жазу керек. Ал бұл міндетті тек авторлар тобы кеңейтіліп, партия жұмысы туралы оны жақсы білетін адамдар жазғанда ғана орындауға болады.

Газеттер мен журналдар партиялық насихат мәселелерін баяндады, МТС-тер мен аудандық партия комитеттері жанындағы семинарлар мен кешкі партия мектептерінің жұмысындағы жақсы тәжірибені қорытып таратуды шұғыл жақсартуға тиіс.

Баспасөз кадрлардың экономикалық және ауылшаруашылық білім алуы мәселелеріне ерекше көңіл бөліп отыруға тиіс. Біздің газеттеріміз бен журналдарымызда совет халқының коммунизм орнату жолындағы күресінде Коммунистік партияның басшылық және бағыттаушылық ролі туралы, Совет мемлекетінің күшінің негізі — жұмысшы табы мен қолхозшы шаруалардың одағы туралы, коммунизмнің жеңуі жолындағы күресте халық бұқарасының шешуші ролі туралы, Совет Одағы халықтарының мызғымас достығы туралы және т. б. мақалалар әлі де аз басылады. Баспасөз насихатындағы бұл кемшіліктер жойылуға тиіс. Мұнымен бірге жергілікті авторлардың теориялық мақалаларын жиі басып, олардың жоғары дәрежеде болуына қамқорлық жасау керек, марксизм-ленинизмнің теориялық қағидаларына мысал үшін жергілікті фактілер мен материалдарды кеңінен пайдалану керек.

Үгіт-көпшілік және мәдени-ағарту жұмысы — еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің ерекше күшті құралы. Сондықтан газеттер мен журналдар бұл мәселелерге көп көңіл бөліп, үгітшілер жұмысының жақсы тәжірибесін қорытуға тиіс.

Егер партия комитеттері істің бәрін бюро мәжілістерінде жұмыс жоспарларын формальді талқылаумен тұжырмай, өздерінің баспасөз органдарына үнемі көңіл бөліп, олардың жұмысын бақылап отырса, халықтың ең қалың топтарымен кеңесу үшін оларды трибуна етіп пайдаланып отырса, сонда газеттеріміз бен журналдарымыздың идеялық-теориялық дәрежесі мықтап артады. Көптеген фактілер бірсыпыра партия комитеттерінің баспасөзге басшылығы қанағаттанғысыз екенін дәлелдейді. Мәселен, Шелек ауданының партия комитеті (Алматы облысы) «Қолхозчилар эмгәгі» газетіне басшылық етуді насихатшылардың біреуіне тапсырып қойған. Мұнан кейін газеттің аудан экономикасын нашар көрсетуіне, соңғы 15 айдың ішінде бұл газетте егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы озаттарының тәжірибесін насихаттайтын бірде-бір мақаланың басылмауына таңдануға бола ма. Газеттің авторлар активі тіпті аз — небәрі 6 — 8 адам. Редакция газет бетінің үштен бір бөлегін басқа газеттерден алынған материалдармен толтырады.

Советтік баспасөз алдына зор және жауапты міндеттер қойылып отыр. Баспасөзіміздің идеялық-теориялық дәрежесін оған сайын арттыру — журналистердің құрметті міндеті. Партия комитеттері баспасөзге үнемі қамқорлық жасап, оның жұмысын күнбе-күн бағыттап отыруға тиіс. Баспасөзіміздің күші мен қуаты, оның келешекте табысты болуының кепілі — партиялық басшылықта, еңбекшілер бұқарасымен байланысында екенін әрдайым есте сақтау керек.

СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ МАРКС—ЭНГЕЛЬС—ЛЕНИН—СТАЛИН ИНСТИТУТЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

В. И. Лениннің жаңа мақалалары

Төменде В. И. Лениннің 1913 жылғы май — июнь айларында «Правда» газетінде басылған он төрт мақаласы жарияланады; оның ішінде сегіз мақала қол қойылмай, басқалары әртүрлі жасырын атпен басылған. Бұл мақалалар В. И. Лениннің Шығармаларына енгізілмеді, өйткені олардың авторы Шығармаларды бастыру кезінде белгілі болмады. Кәзіргі уақытта жаңадан алынған архив документтері негізінде бұл мақалалардың В. И. Лениндікі екені анықталды.

«Буржуазияның халықаралық саясаты» деген мақалада буржуазиялық мемлекеттердің Балқандағы саясатына талдау жасалады. Онда империалистік буржуазияның сенсациялық хабарлар таратып, «жұртшылықтың» назарын капиталистік үкіметтердің олжаны бөлісу күресінен басқа жаққа аудармақ болған әрекеттері әшкереленеді.

Лениннің бірқатар мақалаларында Германиядағы жұмысшы қозғалысы баяндалады. Пролетариаттың империалистерге қарсы, аттөбеліндей капиталистерді, соғыс құрал-жабдықтарының фабриканттарын байыту үшін халық бұқарасын талауға қарсы ыза-сының өсуі «Герман социал-демократиясы және қарулану» деген мақалада көрсетіледі. «Депутат Франк жаппай стачканы жақтайды» деген мақалада неміс жұмысшыларының Пруссия ландтаг-сеймін сайлаудың реакциялық заңына қарсы күресте жалпы стачканы құрал етіп пайдалануға әзірлігі туралы айтылады. «Жұмысшылар үшін демалыс туралы» мақалада Ленин Германияның металшы-жұмысшыларын мысалға келтіріп, капиталистік елдерде демалыстан пайдаланатын жұмысшылардың қаншама болмашы аз екенін көрсетеді. «Неміс католиктерінің бұқараны ұйымдастыруы» деген мақалада Ленин католиктер партиясының Германияда халықтың артта қалған топтарын капиталистік құрылысты жақтаушылар рухында тәрбиелеу үшін, олар арасында үгіт жұмысының қандай әралуан түрлерін қолданатындығына толық тоқталады.

В. И. Лениннің бұл жарияланған мақалаларының бірі, 1913 жылғы апрельде жалпыға бірдей тең сайлау правосын талап етіп майданға шыққан Бельгия пролетариатының жалпы стачкасына арналған. «Бельгиялық стачканың сабақтары» деген мақалада Ленин Бельгия жұмысшыларының бұл стачканы өткізудегі ұйымшылдығы, тәртіптілігі олардың жеңіспен жеткен негізгі табысы болып табылатынын атап көрсетеді. Алайда Бельгия жұмысшылары өздерінің талаптарын түгел орындата алмады. Бұған себеп — Бельгияның социалистері арасында, әсіресе парламенттік фракцияның мүшелері арасында оппортунизмнің және реформизмнің үстемдігі, сол сияқты Бельгияда жұмысшы ұйымдарының әлсіздігі, жұмысшы партиясының әлсіздігі болды.

«Правданың» «4-інші Думаға баға», «Тарихи» формуланың маңызы», «Кімге сүйенеді?» деген бас мақалаларында буржуазиялық-помещиктік IV Мемлекеттік думаның қызметіне сипаттама беріледі.

Бірқатар мақалаларда Россиядағы жұмысшылардың жеке топтарының ауыр халі баяндалады. «Құрылыс өнеркәсібі және құрылыс жұмысшылары» деген мақалада Ленин 1907 — 1910 жылдарда Россияда құрылыс өнеркәсібінің өсуі, онымен бірге, бір жағынан, капиталистердің пайдасының өсуі, екінші жағынан, жұмысшыларды қанаудың күшейіп, олардың арасында құрбандықтардың көбеюі туралы мәліметтерді келтіреді. Ленин, әсіресе алдыңғы қатарлы жұмысшылар құрылыс жұмысшыларының санасын оятып, оларды топтастыруға қажеттілік жасауға тиіс екенін атап көрсетеді. «Деревняны «тыныштандыру» туралы помещиктік үн» деген мақалада, «жаңадан жерге орналастыру» деген атпен жүргізілген столыпиндік жер саясатының күйреуі әшкереленеді.

«Тұрмыс қымбатшылығы және капиталистердің ауыр халі», «Капитализм және әйел еңбегі» деген мақалалар капитализм жағдайында аттөбеліндей капиталистердің баюының және еңбекшілер бұқарасының қайыршыланып, күйзелуінің айқын сипаттамасын береді.

СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ МАРКС —
ЭНГЕЛЬС — ЛЕНИН — СТАЛИН ИНСТИТУТЫ

Буржуазияның халықаралық саясаты

Үкіметтік газеттер және либералдық газеттер «балкандық» саясат жайындағы хабарларға, лақаптарға, ұйғарындыларға және есептерге лық толы. Мұнда нелер жоқ дейсіз! Бір «сенсация» екіншісін кимелеп отырады, бір хабар екіншісінен «қызығырақ». Австрияның Черногориямен, Болгарияның Сербиямен соғысы кеше ғана басталуға мүлде әзір тұрыпты-мыс. Бүгін кешегі хабарларды жарыса бекерге шығарып, «бейбітшілік қамтамасыз етілді» деп сендірмек болады.

Кеше — Эссад-паша, оның Черногория королімен жасасқан астыртын договоры, оның Албанияда өкімет билігін басып алуды көздеген залымдық жоспарлары туралы қызықты ертегілер. Бүгін — бұл ертегілерді бекерге шығару және Австрияның Эссадпен сөз байласуы туралы жаңа «қызықты» хабарлар.

Обыватель жұрт бұл боссөздерді құлағын түріп тындайды, бұл ертегілерді шын көреді, сөйтіп, аферистерге беталды ереді, ал бұлар «жұртшылық» назарын нақ өздеріне, аферистерге, керегімен алдарқатуға тырысады. Өздерінің жетектеліп бара жатқанын, финанстық зымияндардың және әрқилы капиталистік авантюристердің сұрқыялық істері «патриотизм» туралы, «отанның намысы және беделі» туралы, «ұлы державалардың тобы» туралы лепірме құрғақ сөздермен әдейі бүркелетінін обыватель жұрт байқамайды. «Ең жаңа» және «ең қызық» хабарларды пайдасына сатумен ғана шұғылданушы үлкен буржуазиялық газеттер күнсайын шығарып таратып отыратын қызықты жаңалықтар нақ сол, тобырдың назарын шын мәнісіндегі маңызды мәселелерден, «жоғары» саясаттың шын мәнісіндегі астарынан *аулақтауға* арналған.

Европадағы консерваторлық газеттер, біздегі қаражүздік және октябристік, сол сыяқты партиядан тыс газеттер бұл ойынды дөкір және икемсіз жүргізеді — Россияда, мәселен, олар күнсайын жұртты Австрияға айдап салып, Россияны славяндардың «қорғаушысы» етіп көрсетеді. «Речь» және сондай органдар сыяқты, либералдық газеттер де *бәз-баяғы сол ойынды* жүргізеді, тек жіңішкелеп, оны ептілікпен бүркеп, Австрияны сағырақ «түйреп», европалық концерттің мәселелерін талқылаушы мемлекеттік қайраткерлер болғансып жүргізеді.

Ал іс жүзінде Австрияның Россиямен, үштік одақтың үштік келісімімен бұл қырқысының бәрі, бұл нәзік әдіс-айланың бәрі, — мұның бәрі капиталистік пысықшалар мен капиталистік үкіметтердің олжаны бөлісу жолындағы даулары ғана. «Біздің» қайткенде көбірек қамтып, «оларға» қайткенде азырақ беруімізге болады деген мәселеге обывательді тартуға тырысады, обывательді бұған бола туған қырқыспен алдарқатуға, оған мүдделі етуге тырысады.

Сербияда, Болгарияда және Грецияда соғыстың шығындарын өтеу үшін, — немесе Австрияда мобилизация шығындарын өтеу үшін — немесе Россияда осы қажетке және ұлыдержавалық саясатқа арнап, шаруаның және жұмысшының енді неше терісін сылып алатыны туралы, Балканның «жаңа» мемлекеттерінде немесе Арменияда не болмаса Монголияда демократиялық мекемелердің қамтамасыз етілетіні-етілмейтіні және нақ қалай қамтамасыз етілетіні туралы, — бұл туралы жазбайды да, айтпайды да. Мұнысы — қызық емес. Халықаралық жалмауыздардың пайда алуы бұған байланысты емес. Демократиялық мекемелер «тыныш отырып» пайда алуға тіпті бөгет жасайды. Ұлы державалардың саясатын *әшкерелеу* орнына газеттер, қорғаулы газеттер де, либералдық газеттер де, жалмауыздарды бұл саясатпен қалай *жақсы* тойдыруға болатыны туралы байымдаулармен шұғылдануда.

Деревняны „тыныштандыру“ туралы помещиктік үн

Егер «Новое Время» газеті — тиімді афераларға да бой ұратын, үкіметке де, помещиктердің бастаушы табына да жағынатын неғұрлым арамза газеттердің бірі деген «даңққа» әбден орынды ие болып отырса, бұл газеттің қызметкері Меньшиков мұндай даңққа екі есе ие болып, оны екі есе орынды пайдаланады.

Оған белгілі бір сөз айтуды чиновниктік немесе капиталистік немесе бариндік Петербургтің қандай «топтары» тапсырғанын Меньшиковтың мақалаларынан көп уақытта қатесіз анықтайды. Жуықта ғана бұл Меньшиковқа «аристократиялық» Мемлекеттік советті, оны бейне бір «демократиялық» етіп қайта құру жоспарларынан қорғайтын мақала жазу тапсырылды. Бұл мақаланы көріне помещиктік жоғары дәрежелі топтар тапсырды. Сол себепті де деревняны атышулы «тыныштандыру» туралы мәселе жайында помещиктердің үнін есіту сабақ боларлық.

«Петербургте болатын провинциялықтар, помещиктер және қоғам қайраткерлері маған едәуір жиі келіп тұрады» ...Осылай деп хабарлайды Меньшиков. Оған помещиктер келіп тұра ма немесе оның өзі атақты помещиктердің алдыңғы үйлеріне барып жүре ме, — бұл басқаша мәселе. Қалай болғанда да ол помещиктердің үнімен жыр жырлайды, сондықтан оның мақаласы да тек помещиктердің ашып айтқан сөздерімен танысу үшін бағалы.

«Егер оларға сенетін болсақ, — ал оларға не себепті сенбеске», — дейді онан әрі помещиктердің үні, — «1905 — 6 жылдардағы пугачевщина тіпті де тоқталған жоқ. Ол бәсеңдеді, ол басқа, баяулау форма алды, бірақ өзінің қыйратушы әрекетін жүргізуде. Шаруалар, рас, бұрынғысындай, помещиктердің мекендерін талау және оларды өртеу үшін, топ-тобымен және ат-арбалы керуендермен жүрмейді. Бірақ өрт салу дегенмен тоқталмай келеді — не үйді, не қырданды, не сарайды, не қойманы, не астық маялары мен кебендерін өртейді. Барып тұрған өрескелдікпен, барып тұрған қыйсысыздықпен егін-пішенге мал жаю тоқталмай келеді... Біздің парламенттік заманымыздың жеті жылы ішінде деревнялық анархияға қарсы күрес бір адым да ілгерілеген жоқ».

Меньшиков «Новое Времяда» осылай деп жазады. Оған, сірә, қаражүздік-октябристік лагерьде әдетте айтылатынындай, «бейбастақтарды» қудалаудың және жазалаудың жаңа шараларына «жұртшылық пікірін» әзірлеу тапсырылған болса керек. Бірақ, помещиктік итаршы, тапсырманы орындай отырып, помещиктердің шын ниетін және олардың қауіптенуінің шын себептерін абайламай айтып береді.

Тіпті де тоқталмаған, бірақ басқа формалар алған 1905—1906 жылдардағы «пугачевщинамен» помещик мырзалардың жаңа жазалау заңдары мен қаулылар бойынша күреспек болатынын жазып алып, есте сақтайық.

Біраз танданарлық бір ғана нәрсе бар. 1905 және 1906 жылы үкіметпен біріккен дворяндар советі өздерін және басқаларды: «пугачевщина» — қауымдық жер иелігінің және шаруалар арасында жерге жеке меншік тәртібінің дамымауының нәтижесі деп сендірген еді. Қазір барлық үкіметтік агенттер, барлық үкіметтік партиялар, газеттер қауымның бұзылып ыдырауы туралы, жаңадан жерге орналастырудың және шаруалар арасында жерге жекеменшікті орнықтырудың «орасан зор» табыстары туралы даурығып, құлақ тұндырды. Егер осылай болса, онда бейне бір қауым туғызған «пугачевщина» тоқталуға тиісті еді! Ал егер ол, Меньшиковтың лебізімен помещиктердің сендірмек болатынындай, «тіпті де тоқталмаған» болса, — онда бұл істің тіпті де қауымда емес екенін көрсетеді. Демек, «жаңадан жерге орналастырудың» атышулы табыстары — құр қыял.

Помещик мырзалар мақтан ететін саясаттың күйрегені қайткенде де айқын.

М. П.

«ПРАВДА» № 191 (305),
4 май, 1913 ж.

Капитализм және әйел еңбегі

Осы күнгі капиталистік қоғамның қойнауында қайыршылықтың және езгінің бірден көзге түспейтін түрлері көп болады. Мещандардың, қол-өнершілердің, жұмысшылардың, қызметшілердің, ұсақ чиновниктердің бытыраған семьялары адам айтқысыз күйзеліп, *жақсы* деген уақыттың өзінде кірісі мен шығысын азар ұштастырады. Мұндай семьяларда сан миллион әйелдер, күнсайын жанталаса тырмысып, өзінің еңбегінен басқаның бәрін «үнемдеп», болмашы тиін-тебенге семьяны асырауға және үстібасын бүтіндеуге тырысатын «үй күндерінің» тұрмысымен өмір сүреді (немесе, дұрысырақ айтқанда, азап шегеді).

Өзіне және семьясына нан табу үшін сұмдық аз ақыға «қосымша жұмыс істеуге» әзір тұратын мұндай әйелдер қатарынан капитал үй қызметіне жұмысшы әйелдерді құлшына алады. Барлық елдердің капиталистері осындай әйелдер қатарынан өздеріне (ерте заманның құлиеленушілері және орта ғасырдың крепостник помещиктері сыяқты), ең «шағын» бағаға өздері тілеген мөлшерде әшналар табады. Жезөкшелікке қарсы ешқандай «адамгершілік ыза» (жүздің 99-ы екіжүзді) бұл әйел денесімен саудаға қарсы еш нәрсе істей алмайды да: жалдамалы құлдық барда жезөкшелік те болмай тұрмайды. Адамзат қоғамдарының тарихында барлық езілген және қаналушы таптар әрдайым езушілерге, біріншіден, өздерінің ақы төленбейтін еңбегін, екіншіден, «мырзаларға» әшналдыққа өздерінің әйелдерін беруге мәжбүр болып келді (оларды қанаудың мәні де осында).

Құлдық, крепостнойлық және капитализм бұл жағынан алғанда бірдей. Қанаудың тек *формасы* өзгереді; қанау қалып қояды.

Парижда, «дүниенің астанасында», цивилизацияның орталығында, көзір «үйде қаналатын жұмысшы әйелдер» өнері бұйымдарының көрмесі ашылды.

Көрмеге қойылған әрбір затта біз үйінде жұмыс істейтін жұмысшы әйелдің оны жасағаны үшін қанша *алатынын* және мұндай жұмыс істегенде оның күніне, сағатына қанша таба алатынын көрсететін билетті көреміз.

Ал сонда ол қанша табады? Үйде жұмыс істейтін жұмысшы әйел *бірде-бір* товардан $1\frac{1}{4}$ франктен, яғни 50 тыйыннан артық *таба алмайды*. Ал жұмыстардың орасан көбі табысты мұнан әлде қайда кем береді.

Мәселен, абажураларды мысалға алайық. Ақысы — дюжинасына 4 тыйын. Немесе қағаз дорбаларды алайық — 1000 дорбаға 15 тыйын, табыс — сағатына *алты* тыйын.

Міне ленталы кішкене ойыншықтар және т. б. — сағатына $2\frac{1}{2}$ тыйын. Міне гүл жұмыстары — сағатына *екі—үш* тыйын. Міне әйелдердің және еркектердің ішкі киімі — сағатына *екі* тыйыннан алты тыйынға дейін. Осылайша кете береді.

Біздің жұмысшы қоғамдарымыз бен кәсіподақтарымыздың да осындай «көрме» ұйымдастырулары қажет. Мұның өзі, буржуазия көрмелерінің жыйнайтынындай қыруар пайда түсірмейді. Пролетариат әйелдерінің мұқтаждығын және қайыршылығын көрсететін көрме басқаша пайда береді: ол жалдамалы жұмысшылар мен күндерге өздерінің хал-жайын ұғынуға, өздерінің «тұрмысына» көз жіберуге, мұқтаждықтың, қайыршылықтың, жезөкшеліктің және жоқ-жұқаларды қандайда болсын қор-

лаудың бұл мәңгілік езгісінен құтылудың шарттарына ой жіберуге көмектеседі.

«ПРАВДА» № 102 (306),
5 май, 1913 ж.

Бельгиялық стачканың сабақтары

Жұртқа мәлім, Бельгия жұмысшыларының жалпы стачкасы жартылай жеңіспен аяқталды¹. Әзірге жұмысшылар тек клерикалдық үкіметтің комиссия тағайындауға берген уәдесін алды; земстволық қана емес, жалпы мемлекеттік сайлау правосы туралы да мәселе осы комиссияның қарауына берілуге тиіс. Жакында Бельгияның премьер-министрі депутаттар палатасында комиссияның майда тағайындалатынына уәде берді.

Әрине, министрлік уәде («жоғарыдан» берілетін жалпы уәденің қандайы болса да) тіпті де елеусіз нәрсе. Егер жалпы стачка ескі, ымырасыз, икемге келмейтін және қарыспа клерикалдық (қаражүздік-поптық) «дағдылы қалыпты» белгілі дәрежеде бұзғанын жалпы саяси жағдай дәлелдемеген болса, бұл келте жеңіс туралы сөз қылуға да болмас еді.

Бұл стачканың табысы үкіметті дегенге көндірген жеңістің бұл белшегінен гөрі, Бельгия жұмысшы табының бұқарасы арасындағы ұйымдасудың, тәртіптіліктің, өрлеудің және күреске ұмтылған жігердің жеңісі болып табылады. Бельгияның жұмысшы табы өзінің социалистік партиясының ұраны бойынша табанды күрес жүргізе алатынын дәлелдеді. «Біз, қажет болған күнде, стачканы тағы да қайталаймыз!» Стачка кезінде жұмысшы көсемдерінің бірі айтқан бұл сөздер бұқараның санасын, олар қолдарында қаруды берік ұстап отырғанын, бұл қаруды қайтадан іске қосуға әзір екенін білдіреді. Ал Бельгияның капиталист мырзаларына стачка өзінің капиталды қандай орасан көп шығынға ұшырататынын, егер Бельгияның капиталы герман капиталынан және т. б. үмітсіз артта қалып қойғысы келмесе, икемге келіп кеншілік жасаудың қандай қажет екенін дәлелдеді.

Бельгияда кәзіргі баянды конституциялық тәртіптер көптен орнатылды, саяси бостандық — халықтың ежелгі игілігі. Саяси бостандық тұсында жұмысшылардың алдында ашық, кең жол бар.

Стачканың аз табысты болуының себептері қандай? Басты-басты себептер екеу.

Бірінші себеп — Бельгия социалистерінің бір бөлегі, әсіресе парламентарилер арасында оппортунизмнің және реформизмнің үстем болуы. Либералдармен одақтасып іс істеуге дардыланған бұл парламентарилер өздерін барлық жағынан либералдарға тәуелді сезеді. Сондықтан стачканы тағайындағанда солқылдақтық болды, бұл солқылдақтық бүкіл пролетарлық күрестің табысты болуына, күшіне, өрістеуіне бөгет жасамай қалмады.

Либералдарға аз алақтап, оларға аз сену, пролетариаттың дербес, шын берілгендік күресіне көбірек сену — бельгиялық стачканың бірінші сабағы осы.

Ішінара сәтсіздікке ұшыраудың екінші себебі — Бельгияда жұмысшы ұйымдарының әлсіздігі және партияның әлсіздігі. Бельгиядағы жұмысшы партиясы — саяси ұйымдасқан жұмысшылардың саяси ұйымдаспаған жұмысшылармен, «таза» кооператорлармен, профессионалистермен және т. б. одағы. Бұл — Бельгиядағы жұмысшылар қозғалысының

¹ Бельгиядағы жалпы стачка 1913 жылғы 14 — 24 апрельде (жаңаша) өткізілді.

ірі кемшілігі; «Киевская Мысльда»¹ Егоров мырза және «Лучта»² жойымпаздар бұл кемшілікті бекерге естен шығарады.

Социалистік насихатқа көбірек көңіл бөлу, берік, принциптік ұстамды және социализмге шын берілген, айнымайтын партиялық ұйымды топтастыру жолында көбірек жұмыс істеу — Бельгиялық стачканың екінші сабағы осындай.

К. О.

«ПРАВДА» № 104 (308),
8 май, 1913 ж.

¹ «Киевская Мысль» — күнсайын шығып тұрған либералдық-буржуазиялық газет; 1906 жылғы декабрьден 1918 жылғы декабрге дейін шығып келді.

² «Луч» — жойымпаз-меньшевиктердің күнсайын шығып тұрған жария газеті; Петербургта 1912 жылғы сентябрьден 1913 жылғы июльге дейін шығарылып тұрды.

Құрылыс өнеркәсібі және құрылыс жұмысшылары

Россияда соңғы жылдарда өнеркәсіптің өрлеуімен қатар, әрдайым осылай болатынындай, құрылыс өнеркәсібі шапшаң дамыды. Жақында «Вестник финансов»¹ бұл мәселе жайында Россияның 158 қаласының қалалық басқармаларынан анкеталық мәлімет алды. «Русское Словода»² Г. Веселовский бұл анкетаның мынадай мәліметтерін келтіреді, жылсайын салынған және қайтадан салынған үйлердің саны:

1907 жылы	11.961
1908 »	13.709
1909 »	15.093
1910 »	16.674

Небәрі үш жылдың ішінде құрылыс өнеркәсібі бір жарым есе дерлік өсті! Капиталист мырзалардың өнеркәсіптің бұл өрлеуінен орасан көп пайда табатыны кірпіштің бағасынан көрініп отыр. Кірпіштің бағасы Петербургте әрбір мың кірпішке 33 сомға және онан өнеркәсібі күштірек Москвада 36 сомға жетеді.

Қалалық кірпіш заводтары тек 50 — 60 қалада бар, сондықтан құрылысшы-капиталисттердің шектен тыс құлқыншылдығына қарсы күресу мүмкіндігі тіпті аз. Цензілі сайлау правосының болуы, сайлау бостандығының мүлдем болмауы және т. б. себепті біздің қалаларымыз да түгелінен аттөбеліндей шонжарлардың билігіне берілген, олар қалалық мүдделерді — өз қалталарының мүдделері деп түсінеді.

Үйлерді салғанда қандай адам айтқысыз сорақылықтар, қандай салдыр-салақтық болатынын, адамның өміріне қандай ұятсыздықпен қаралатынын, мұны салынып жатқан үйлердің құлауы жөніндегі жалпы жұртқа мәлім бірсыпра оқиғалар көрсетіп отыр. Құрылыс қызметінің күшеюі — сан мың сомның подрядчиктер, инженерлер, капиталисттер қалталарына түсуі, жұмысшылардың капитал үшін көп құрбандықтар беруі — өнеркәсіптің «өрлеуі» міне осындай.

Ал жүздеген мың құрылыс жұмысшыларының халі қандай?

Олардың жалақысы туралы біз анкетадан мынаны білеміз. Құрылыс жұмысшысының күндік ақысы қалалардың үлкен-кішілігіне қарай мына түрде өзгеріп отырады:

¹ «Финанс, өнеркәсіп және сауда хабаршысы» — финанс министрлігінің апталық журналы; 1885 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте шығып тұрды.

² «Русское Слово» — либералдық бағыттағы күнде шығып тұрған буржуазиялық газет; 1895 жылдан 1917 жылғы ноябрге дейін Москвада шығып тұрды.

Қалалар, халқының санына қарай	кұрылыс жұмысшысының күндік ақысы
5.000-ға дейін	1 с. 33 т.
5.000 — 10.000	1 » 36 »
10.000 — 25.000	1 » 41 »
25.000 — 50.000	1 » 53 »
50.000 — 75.000	1 » 56 »
75.000 — 100.000	1 » 87 »
100.000 және онан көп	1 » 80 »

Ең үлкен қалалардың өзінде де жұмысшылардың жалақысы күнтәулігіне екі сомға да жетпейді! Кәзіргі қымбатшылық тұсында, көп уақытта басқа қалада немесе деревняда тұратын семьясын асырау керек болатын жағдайда бұл жұмысшылардың қандай күйзеліп, азап шегетінін түсінуге болады. Оның үстіне құрылыс жұмыстары — жыл бойына созылмайтын маусымды жұмыстар. Бірнеше ай бойы жұмыс істеген жұмысшы семьясын және өзін жыл бойына асырай алатындай табыс табуға тиіс.

Жұмысшылардың қайыршылануы, олардың мүлдем қамтамасыз етілмеуі — жоғарыда келтірілген цифрлар міне осыны көрсетеді.

Фабрикалар мен заводтардың жұмысшыларына қарағанда, құрылыс жұмысшыларының бірігіп, ұйымдасуы қыйынырақ. Сондықтан да алдыңғы қатарлы жұмысшылар құрылыс жұмысшыларының көзін ашып, оларды топтастыруға неғұрлым қамқорлық жасауға тиіс, өйткені құрылыс жұмысшыларының көмекті өздерінің жұмысшы газетінен, өздерінің жұмысшы одағынан, өздерінің неғұрлым есейген пролетар-жолдастарынан іздемегенде, басқа іздер жері жоқ.

Ф.

«ПРАВДА» № 105 (309),
9 май, 1918 ж.

4-інші Думаға баға

Социал-демократтардың, жұмысшы табы өкілдерінің 4-інші Думаға берген бағасы мәлім. Бұл баға помещиктік және помещиктік-буржуазиялық Думаның таптық сипатын, сол сыяқты бұл Думада кейбір істер туралы үстем таптармен ұғынысатын үкіметтің сипатын есепке алуға негізделген.

Бірақ бұл Думаны *оңшылдардың өздері* және сонымен бірге *помещик мырзалар* қалай бағалайтындығын көру де сабақ болды.

Бұл жөнінде оңтүстіктің газеттерінде басылған, Кишенев қаласының бастығы, жер иесі Синадино мырзамен әңгіме қызықты; ол 3-інші Думада ұлтшыл болды, ал 4-інші Думада «центр» партиясында деп есептеледі, яғни октябристерден *оңшыл*ырақ. Бұл да солардай тіректі сыяқты, онан сенімдіректі іздеудің де қажеті жоқ! Ал оның берген бағасы мынадай:

«Төртінші Дума — тек қана жалған көрініс: Мемлекеттік советте халықтың өкілдерімен мүлде сеспеспейтін және, егер осылай деп айтуға болса, оларға қарсы әрекет жасайтын адамдар отыр. Тағы да айтам, Дума — тек қана жалған көрініс және мұндай жағдайда елге ешнәрсе бере алмайды. Мен Мемлекеттік советтің істерін көрсету үшін орыс тілінен анықтама сөз таба алмаймын. Бұл — французша «саботаж» деп аталатын сөз...»

Бұл зәбірленген помещик Дума туралы және біздің үкіметіміз туралы сондай шындықты айтады — жұмысшылардың оған көз жіберіп қарауына болады. Тегі демократия, үстемдік жүргізуші реакцияның системасы және «тәртібі» туралы шындық пікірді реакционер мырзалардан тек бұл реакционерлер өзара таласқанда ғана ести алады ғой.

Зәбірленген бір помещиктің (немесе бірнеше помещиктің) мемлекетті басқаруға және мемлекеттік құрылыстың помещиктік «тәртібіне» берген сипаттамасы, бейне бір с.-д. прокламациядан алынған сипаттамадай болып шығады.

Зәбірленген оншыл помещик мырза, 4-інші Дума да, 3-інші Дума да — жалған көрініс емес, өйткені олар үкіметке, мәселен, оның бюджетін бекітіп береді. Бірақ істің түйіні де сонда: бүкіл помещиктік тап және буржуазияның барлық жоғарғы топтары үкіметке көмектесіп отырса да, дегенмен «жүк әлі де сол орнында»!

Үкіметтің помещиктермен және буржуазиямен одақтасу мүмкіндігі жасалды. Дума *мұндай* одақ үшін қолынан келгенінің *бәрін* істеуде. Дегенмен конституцияға тіпті азда болса ұқсайтын ешнәрсе шықпай келеді. Ескі мемлекеттік құрылыс қала береді. Министрлер де кәдімгі адамдар, олар, сірә, өздерінің ертең не болатынын, өздеріне ертең не бұйырылатынын білмей, «өздері үшін» «қалтырауда» (Синадиноның сөзімен айтқанда).

Сөйтіп, Думаның Советпен бүкіл «қызметі» де, реформалардың, ең болмашы, нағыз октябристік, ең кішкеше реформалардың үмітсіздігі туралы барлық либералдық байбаламдар да, ақыр-аяғында, зәбірленген «заң шығарушы» — помещиктің ашық мойындаулары да, — мұның бәрі осы күнгі Россияда конституциялық жалған қыялдар мен реформистік құрғақ үміттердің мағнасыздығын көрсетеді.

«ПРАВДА» № 110 (314).

15 май, 1913 ж.

Тұрмыс қымбатшылығы және капиталистердің ауыр халі

Тұрмыс қымбатшылығы барған сайын өсуде. Капиталистердің одақтары бағаларды үнемі арттырып, миллиондаған және ондаған миллион пайда алуда, ал шаруалар бұқарасы барған сайын күйзелуде, жұмысшылар семьяларының кірісі мен шығысын ұштастыруы барған сайын қыйындап, оларға кем ішіп-жеуге және өздерінің ең қажетті керегінен бас тартуға тура келуде.

Біздің миллионер-өнеркәсіпшілердің органы — «Промышленность и Торговля» — қымбатшылықтың күшеюі туралы мынадай мәліметтерді келтіреді. Бірқатар белгілі бір, неғұрлым маңызды өнімдердің бағаларын қосу жолымен белгіленетін *бағалар көрсеткіші* дейтіні соңғы жылдарда бағаның үздіксіз өсіп отырғанын көрсетеді. *Апрель* айының мәліметтері мынадай:

	Бағалар көрсеткіші
1908 жылы	2.195
1909 »	2.197
1910 »	2.416
1911 »	2.554
1912 »	2.693
1913 »	2.729

Соңғы алты жылдың ішінде бағалар 2.195-тен 2.729-ға жетіп өсті, яғни толық 24 процент өсті!! Халықтың еңбекшілер бұқарасын және әсіресе жұмысшыларды өзара сөз байласқан капиталистердің талауы тамаша «прогресті» көрсетеді.

Ал капиталист мырзалар — жоғарыда аталған журналдарда, өздерінің үкімет қайырымдылықпен рұхсат ететін толып жатқан қоғамдары мен одақтарында да — сауда мен өнеркәсіпке салық салудың «әділетсіздігін» айтып зарлануда!

Мұның өзіне күлуге болар еді... тек жұмысшылардың күлерлік жәйі жоқ.

Бишара және бақытсыз миллионер-өнеркәсіпшілер қалалардағы тұрақты мүлікке салық салу туралы министрлік документте келтірілген мынадай мәліметтерді хабарлайды.

1910 жылы бұл мүліктердің табыстылығы 239 миллион сом мөлшерінде белгіленді (әрине, оны қазналық әдіспен, чиновниктер белгіледі, сондықтан байқұс купецтер сословиесінің қаншама ондаған миллионды жасырып қалғанын түсінуге болады). 1912 жылы, яғни небәрі екі жылдан кейін, қалалардағы тұрақты мүліктердің табыстылығы енді 500 миллион сом мөлшерінде белгіленді (Поляк Патшалығын қоспайынша, Россияның тек өзін есептегенде).

Қалалардағы тұрақты мүліктердің таза табысы барлығы екі жылдың ішінде 250 миллион сомнан аса өсті!! Шаруалар мен жұмысшылардың сұмдық мұқтаждығынан, қайыршылығынан және ашығуынан миллиондаған бұлақ болып шығып, онан құралатын қандай алтын өзеннің капиталистер қалтасына құйылатынын осыдан көруге болады.

«Осы күнгі қымбатшылық» — аттөбеліндей капиталистер адам айтқысыз байып отырған жағдайда еңбекшілерді қайыршыландырудың, күйзелтудің және талаудың осы күнгі формасынан (капиталистік формасынан) басқа ешнәрсе емес.

Байқұс капиталистер, оларға көбіне «әділетсіз» салық салынады деп зарланады. Ойлап көріндерші, шынында да: олардан таза пайдадан 6 проценттен алады екен. 1910 жылы олардан (Польшаны қоспағанда Россияда) 14 миллион сом, 1912 жылы 29,8 миллион сом алынды.

Қортындысында, таланған миллионерлерден алынған салық екі жылдың ішінде 16 миллион сом дерлік көбейді.

Жұмысшы жолдастар, сіздер қалай ойлайсыздар: таза табыс 240 миллионнан 500 миллионға жеткенде, яғни екі жылда 260 миллион сом көбейгенде, жүз немесе екі жүз миллион сом салық алу тиіс емес пе еді? Жұмысшылар мен қайыршы шаруалардан алынған 260 миллион сом қосымша пайдадан, мектептерге, ауруханаларға, аштарға жәрдемге, жұмысшыларды қауіпсіздендіруге, шамамен бағалағанда, екі жүз миллион алу тиіс емес пе еді?

«ПРАВДА» № 116 (320),
22 май, 1913 ж.

Герман социал-демократиясы және қарулану

Неміс рейхстагінің бюджет комиссиясы бірінші оқылуында соғыс заң жобасын қабылдады. Оның қабылдануының қамтамасыз етілгені күмәнсіз. Юнкерлердің — біздің Пуришкевич пен Марковтың бұл туыстарының үкіметі халықты жаңадан езуге, ал мұнымен бірге қырғын қаруларының фабрикант мырзаларының пайдасын көбейтуге келгенде герман буржуазиясымен бірге ауызбіріктіріп «жұмыс істейді». Соғыс құрал-жабдықтарының және жабдықтау заттарының фабриканттары сауданы жақсы жүргізеді. Пруссия дворяндарының ұлдары «қосымша» офицерлік орындар алудың рахатын күн ілгері сезеді. Билеп-төстеуші таптардың бәрі де риза, — өйткені осы күнгі парламенттер билеп-төстеуші таптардың еркін орындаудың құралдары емей немене?

Жаңадан қарулануды ақтау үшін, әдеттегідей, «отанға» төнген қауіптерді баттастырып суреттеуге тырысады. Герман канцлері, басқалар қатарында, неміс филистерін славяндық қауіппен қорқытады. Көрдіндер ме, Балкандағы жеңістер «славяндарды» күшейтті, ал олар бүкіл «немістік дүниеге» дұшпан!! Панславизм, барлық славяндарды немістерге қар-

сы біріктіру идеясы, — хауіп міне осында, деп сендірмек болады юнкерлердің канцлері.

Неміс социал-демократтары өздерінің баспа сөзінде, өздерінің парламенттегі сөздерінде және жыйналыстарында бұл екіжүзділік, шовинистік әрекеттерді әшкереледі және үнемі әшкерелеуде. Халқының көпшілігі славяндар болып отырған және саяси бостандық пен конституциялық тәртіпті көптен бері пайдаланатын мемлекет бар, — деді с.-д. Бұл—Австрия. Бұл мемлекеттің соғыс нисттерінен қорқу мүлде қыйсынсыз.

Социал-демократтардың қыспағына түскен герман канцлері Петербургтегі панславистердің думанды манифестацияларын дәлелге келтірді. Тамаша дәлел! Зеңбек, броня, оқ-дәрі және басқа «мәдени» қажеттер фабриканттары Германияда да, Россияда да байығысы келеді, ал жұртты ақмақ ету үшін олар бірін-бірі көрсетеді. Немістерді орыс шовинистерімен, орыстарды неміс шовинистерімен қорқытады! Бұлардың қайсысы болса да, Россияның Германияға қарсы соғыс ашуы туралы ойлаудың өзі күлкі екенін жақсы білетін капиталистердің қолында бишаралық роль атқарады.

Тағы да айтамыз, рейхстагта неміс шовинистерінің көпшілік алуы қамтамасыз етілген. Бірақ неміс жұмысшылары арасында ызаланғандық және шовинистердің халық ақшасын ұятсыздықпен талауына қарсы күрестің парламенттік құралдарын ғана емес, басқа құралдарын да қолдануды талап ету күшеюде. Мынаны атап көрсетудің маңызы бар. I-інші Виртемберг сайлау округі (Штутгарт) социал-демократтарының жалпы жыйналысында мынадай қарар шығарылды:

«Жалпы жыйналыс парламентте соғыс заң жобасына қарсы күрестің жеткілікті жігерлі жүргізілмеуіне өзінің қынжылатындығын білдірді. Жыйналыс, қару-жарақ фабриканттарының халық қалтасына аюандық жорық жасауына мүмкіндігі болған барлық күш-құралмен қарсылық көрсету қажет деп таныды. Сондықтан жыйналыс рейхстагтың с.-д. фракциясынан, заң жобасы комиссиядан бүкіл рейхстагтың талқылауына барғанда оның жанжал шығарудан да тартынбай, мейлінше жігерлікпен күреске шығуын күтеді. Жыйналыс партияның бұған дейін жүргізіп келген парламенттен тысқарғы күресін жеткіліксіз деп есептейді. Жыйналыс партияның басқармасынан, оның бүкіл еңбекші халықты қамтыйтын қыймылдар, оның ішінде жаппай стачкалар ұйымдастыруға кірісуін талап етеді».

Герман-социал демократиясы арасында жұмысшылардың неғұрлым батыл, шабуылды, жалпы күрес жүргізуінің қажеттігін түсінгендік бірте-бірте, бірақ үздіксіз өсуде. Егер, парламенттік фракцияда және жұмысшы қозғалысының чиновниктері арасында көп болып отырған оппортунистер мұндай күреске қарсылық көрсетсе, жұмысшы бұқарасы оны барған сайын күшті тілектестікпен қарсы алады.

«ПРАВДА» № 116 (329),

22 май, 1913 ж.

Неміс католиктерінің бұқараны ұйымдастыруы

Халық бұқарасы правосыз, саяси бостандығы жоқ, үкіметтің озбырлығы жайлаған артта қалған мемлекеттерде қандайда болсын азды-көпті кең саяси ұйымдар болмайды. Тек помещиктердің немесе миллионер-өнеркәсіпшілердің болмашы топтары ғана «одақтар бостандығынан» пайдаланады, бірақ бұл топтар халық бұқарасын ұйымдастыруға ұмтылмайтыны былай тұрсын, бұл ұйымнан өлердей қорқып, өздерінің бүкіл назарын жоғарғы жаққа, жоғарғы «салаға», өкіметке аударады.

2. «Қазақстан Коммунисті» № 5.

Конституцияның негіздері және халықтың мемлекет істеріне қатысуы қамтамасыз етілген мемлекеттерде бұқараны ұйымдастыруға социалистер ғана емес (олардың бірден-бір күші — бұқараның білім алып, ұйымдасуында), *реакцияшыл партиялар* да ұмтылады. Егер мемлекет құрылысы демократияландырылған болса, капиталистерге тіректі бұқара арасынан іздеуге *тура келеді*, ал мұның үшін бұқараны клерикализм (қаражүздік және дін), ұлтшылдық-шовинизм ұрандарымен және т. б. ұрандармен ұйымдастыру керек болады.

Саяси бостандық тап күресін жоймайды, қайта, халықтың ең артта қалған топтарын оған тарта отырып, оларға саясатты және өздерінің көзқарастарын, өздерінің мүдделерін қорғауды үйрете отырып, бұл күресті неғұрлым саналы етеді, неғұрлым кең жолға салады.

Мәселен, Германияның реакцияшыл партиясы «центрдің», яғни католиктер партиясының халық бұқарасын қалай ұйымдастыратынын көру сабақ боларлық. Олар бұқараны дін және «патриотизм» ұрандарымен капитализмді қорғауға шығаруға тырысады. Католиктердің Германияда халық бұқарасының жоққа сенімін және қараңғылығын ұйымдастыра алуының ішінара себебі мынада: Германияда католиктер — халықтың азшылығы, және де бұл азшылық кезінде мемлекеттің қудалауына ұшырады. Ал еңбекшілер мен қаналушылар бұқарасы әрдайым қудаланушыларға сезімімен тілектестік білдіріп отырады. Реакцияшыл-католиктер бұл пиғылды пайдалана білді.

Католиктер бұқаралық ұйымды — «Католиктік Германияның халықтық одағы» дейтінді құрды. Одақтың қатарында $\frac{3}{4}$ миллион мүше бар. Ұйым қатаң орталықтандырылған. Оның мақсаты: «христиандық» (ал іс жүзінде *капиталистік*) құрылысты қорғау және «қыйратушылық» (яғни социалистік) талаптарға қарсы күресу.

Одаққа 24 мүшеден құралған басқарма басшылық етеді. Бұлардың ішінде 9 мүше басқарманың істерін жүргізеді, ал басқалары — әртүрлі округтердің, жеке ірі қалалардың және т. б. өкілдері. Әрбір 20—40 католиктік семьяға бір «сенімді адам» тағайындалады. Сенімді адамдардың бәрі басқарманың директивалары бойынша іс істейді.

Католик мырзалар, социал-демократтарға қарсы күресі отырып, әдетте, с.-д. үгітшілер жұмысшылардың тиін-тебенімен күн көреді деп даурығады. Бірақ католиктердің өздері өз ұйымында дәл осылай істейді: қандайда болсын азды-көпті маңызды пунктте олардың *ақылы үгітшілері* бар.

Партиялық басқармада жұмыс мүлде фабрикадағыша ұйымдастырылған. 20 арнаулы қызметші «әдебиетпен» шұғылданады: біреуі богословпені, екіншісі аграрлық мәселені, үшіншісі с.-д. қозғалысты, 4-іншісі колөнершілерді және т. б. бақылап отырады. Газеттер мен журналдардан кесінділер және үзінділер алынады, тіркеу жұмыстары жүргізіледі. Степографтар жұмыс істейді. Ерекше кітапханада 40.000 том бар. Газеттерге хаттар — католиктердің ондаған газеттерінде басылатын «корреспонденциялар» жазылады. Ерекше «әлеуметтік-саяси», ерекше «апологетикалық» (яғни дінді және христиандықты қорғаушы) корреспонденция жүргізіліп отырады. Барлық мәселелер бойынша көптеген кітапшалар шығарылып тұрады. Жылына 5.000 дай әртүрлі рефераттардың конспектілері таратылады. Ерекше бөлім кинематограф арқылы насихат жүргізумен шұғылданады. Анықтама бюросы әртүрлі анықтамаларды тегін беріп отырады: 1912 жылдың ішінде 18.000 мыңнан астам анықтама берілді.

Әсіресе демалыс уақытын пайдаланып, католик студенттерді насихатпен үгітке үнемі тартып отырады. Сенімді адамдар (олар бірнеше *ондаған мың*) ерекше «әлеуметтік курстарға» жыйналады. Партиялық басқарма жанында с.-д.-ға қарсы күреске «үйрететін» ерекше екі айлық курстар жү-

мыс істейді. Шаруалар үшін, мұғалімдер үшін, приказчиктер үшін және т. б. үшін ерекше екі апталық курстар ашылған.

Немістің каражүздік-католиктері жұмысты жаман істемейді. Бірақ олардың бүкіл жұмысы герман социал-демократтарының жұмысына дәрменсіз еліктегендік.

«ПРАВДА» № 120 (324),
26 май, 1913 ж.

Жұмысшылар үшін демалыс туралы

Басқа елдердегідей, Германияда да металл өндірісінің жұмысшылары саналы және ұйымдасқан пролетарлардың алдыңғы қатарында болып келеді. Олар, басқа мәселелер қатарында, жұмысшылардың *тынығуына* дұрыс *демалыс* белгілеу туралы мәселені көтерді.

Көріп отырсыздар, заводчиктер, мұнан туатын шығынның «ауыртпалығын» сылтауратып, бұл шараға барлық күшімен қарсылық көрсетуде. Бірақ неміс металлистері өздерінің одағы әдейі бастырып шығарған кітапшада бұл құлқыншылдық және екіжүзділік сылтауларды дәлме-дәл цифрлар бойынша бекерге шығарды. Жұмысшылар Германияның металлургия өнеркәсібінің 93 акциялық кәсіпорындарында таза пайда 1905 жылдан 1910 жылға дейінгі уақыттың ішінде орта есеппен 13,4 процент болғанын дәлелдеді!!

Барлық жұмысшылардың дұрыс демалыс алуын қамтамасыз ету үшін бұл пайданы небәрі 2 процент азайтса, соның өзі жеткілікті болар еді.

Бірақ кәзіргі уақытта демалыстар системасы әлі мүлдем нашар дамытылған және оны капиталистер көбінесе жұмысшыларды тұрақтаңдыру мақсатымен қолданады. Неміс металлистері 1908 және 1912 жылдарда демалыстар туралы екі анкета (екі дүркін сұрақ) жүргізді.

1908 жылы жұмысшылары демалыстардан пайдаланған 138 кәсіпорын болды. Бұл кәсіпорындарда жұмыс істейтін 75.591 жұмысшыдан 13.579 жұмысшы, яғни 17,9 проценті демалысты пайдаланды.

1912 жылы жұмысшылары демалыстардан пайдаланған 389 кәсіпорын болды. Жұмыстағы 233.927 жұмысшыдан 34.257 жұмысшы, яғни 14 проценті демалыс алды.

Металлургия өнеркәсібіндегі әрбір 1000 кәсіпорыннан небәрі *үш* кәсіпорында демалыс беріліп келді! Барлық металлист жұмысшылардың небәрі 1,8 проценті, яғни *елудің* бір бөлегінен кемірегі демалысты пайдаланды.

Демалыс беретін кәсіпорындардың көпшілігі — атап айтқанда, олардың жалпы санының оннан тоғыз бөлегінен көбірегі — демалысты тек заводта едәуір ұзақ уақыт жұмыс істеген жұмысшыларға ғана береді. 389 заводтан (233.927 жұмысшысы бар) 140.209 жұмысшысы бар 84 заводта жұмысшының *бес жылдан он жылға дейін* (!!) жұмыс істеген болуы талап етіледі, — ол тек сонда ғана демалыс алуға праволы болады.

Мұндай демалыстың, *көбінесе* жұмысшыларды заводқа ұзақ байлап қою үшін алдамыш және стачкаларға қарсы күрестің құралы болғандықтан, жұмысшылардың халін адам күлерліктей сәл жақсартқандық болып табылатыны айқын!

Демалыстың ұзақтығы көбінесе (жоғарыда аталған кәсіпорындарда жұмысшылардың 72 проценті үшін) *аптадан* аспайды. Жұмысшылардың 10 проценті үшін демалыс мерзімі—*аптадан кемірек*, тек 16 проценті үшін ғана *аптадан көбірек* (екі аптаға дейін).

Демалыс беретін кәсіпорындардың көпшілігінде (97 процент) жұмысшылар демалыс кезінде бұрынғы жалақысын немесе орташа апталық жалақысын алады.

Қортындысында біз жұмысшылар үшін демалыстың алдыңғы қатарлы елдің тіпті алдыңғы қатарлы өнеркәсібінің өзінде сорақы аз дамығанын көреміз. Бірақ дұрыс және жеткілікті тынығудың керектігін жұмысшылар барған сайын кең түсінуде және ұйымдасқан жұмысшылар өздерінің қажырлылығымен бұл салада да табысқа жете алады.

«ПРАВДА» № 124 (328),

31 май, 1918 ж.

„Тарихи“ формуланың маңызы

Октябристердің және кадеттердің дауыстарымен 4-інші Думаның үкіметке сенбеу (ішкі істер министрлігінің сметасы бойынша) дейтін формуланы қабылдауы баспасөздің назарын аударуда. Шынында да: бұл формула — либералдық баспасөздің оған берген түсінігі сыяқты—шындап талқылауға тұрарлық. Бұл жерде шын мәнісінде принциптік мәселелер көтерілді: оларға қайта-қайта оралу қажет.

«Речтің»¹ бас мақаласы бұл формула қабылданған күн, 21-ші май, «тарихи күннің маңызын сақтайтынын» салтанатпен мәлімдеді (№ 137). Мұндай лепірме және даурықпа құрғақ сөздерге біздің либералдар шебер-ақ, бірақ Думаның бұл шешімінің *маңызы туралы* мәселені шындап талдауға жасалған алғашқы әрекеттің өзі олардың танданаларлық идеясыздығын және дәрменсіздігін көрсетеді.

Думалық формуланың маңызын белгілеуші ең негізгі және даусыз *фактілерді* либералдар көргісі келмейді.

1-шіден, бұл формуланы қабылдаған партиялардан октябристер де, *прогрессистер* де (олармен кадеттер *іс жүзінде* тығыз байланысты!) сметаларды қабылдамауды ұсынбады. Ал кадеттердің сметаны қабылдамауы тек демократияны тарту үшін жасалған театрлық көрініс болды, өйткені кадеттердің *іс жүзінде* октябристерді қолдайтынын жұрттың бәрі жақсы білді.

«Тарихи» формула — құрғақ сөз, өйткені буржуазиялық партиялардың *көпшілігі* өзінің бюджетті қабылдамауға ерік беретін даусыз «парламенттік» правосын жүзеге асыруға бата алмады. Ал кадеттер, оларды октябристер де, прогрессистер де қолдамаса, Думада да, елде де *нольге* тән.

2-шіден, — формуланың идеялық-саяси *мазмұны* қандай? «Кең *реформаларды* неғұрлым тез жүзеге асыруды талап етеміз» — дейді октябристердің қабылданған формуласы. Прогрессистер де осылай деп жазды. «Центрдің» (яғни жартылай октябристердің, жартылай ұлтшылдардың) формуласында да сондай—тіпті онан күштірек: «*түбірлі реформулар*!» — талап етілді. Кадеттердің формуласы да түгелінен сондай, реформистік көзқараста: олардың тек сөздері қатаңырақ, бірақ идеялары ылғый реформистік.

3-шіден — кадеттерден бастап октябристерге дейін барлық формулаларда *реакцияшылдық* көзқарас айқын білдірілген.

Бұл жөнінде, «Речтің» жалған сендірулеріне карамастан, октябристердің формуласы прогрессистік және тіпті кадеттік формуладан оңшыл емес, қайта солшыл. Өздеріңіз қарап, баға беріңіздер:

1. «Речь» — күнде шығып тұрған газет, кадеттер партиясының орталық органы; 1906 жылғы февральдан 1917 жылғы 26 октябрьге (8 ноябрьге) дейін Петербургте шығып тұрды.

1) Прогрессистерде: (министрлік) «елде мемлекеттік қауіпсіздікке қатер туғызатын бүліктің ұрығын себеді»;

2) кадеттерде: «мұндай жағдай мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздікке елеулі қатер туғызады»;

3) октябристерде: «министрлік халық арасында заңға және өкіметке құрметті өлтіреді, сөйтіп оппозициялық пиғылды күшейтеді».

«Жоғары саясат» тілінен карапайым адам тіліне аударғанда мұнан бір ғана мағна шығады. Кадеттер де, октябристер де, прогрессистер де, әрине жеке адамдар ретінде емес, тап ретінде, помещиктік қауіпсіздікті кәзіргі система тұсындағыдан жақсы сақтауға үәде береді.

4-шіден, жоғарыда көрсетілген үш партияның бәрі де ұлтшылдық және шовинизм тұрғысында: министрлік дейді, «Россияның қуатын нашарлатады» (октябристердің және басқаларының айтатыны) немесе «сыртқы қуатты» (онан да айқынырақ!) «мемлекеттің сыртқы қуатын» нашарлатады (кадеттердің айтатыны).

Либералдар жасырып және бұрмалап отырған фактілер осындай. 4-інші Думаның «тарихи» формуласы — бюджетті қостап дауыс беру және реакцияшыл ұлтшылдық және шовинистік көзқарасты айқын білдіру шартымен үкіметті айыптап, «түбірлі реформалар» жасау тілегін білдіру туралы кадеттердің прогрессистер арқылы октябристермен жасасқан келісімі.

«ПРАВДА» № 126 (330),
2 июнь, 1913 ж.

Кімге сүйенеді?

Ішкі істер министрлігінің сметасы бойынша қабылданған 4-інші Думаның атышулы формуласын біздің либералдық баспасөз «үкімет бейне-бір ауасыз кеңестікте іс істейді» дегендей мағнада түсіндіреді. «Жәрдем алып тұратын газеттерден басқа және сондай жәрдем алып тұратын, тек сол жәрдем беріліп тұрғанда ғана айнымайтын бір топ саясатқұмарлардан басқа үкіметтің елде достары жоқ».

Бұл — «байсалды», профессорлық «Русские Ведомостидің»¹ пікірі, ойнамаңыз!

«Үкімет мүлде оқшау қалған және тіпті өзі құрған саяси топтардан да өзіне сүйеніп таппайды». Бұл — «Речьтің» пікірі.

Либералдық лагерьдегі профессорлардың, адвокаттардың, жазушылардың және депутаттардың бұл байымдауларда көрсеткеніндей балалықтың үлгілерін табу, сірә, қыйын болар. «Құдайға шүкір, парламенті жоқ» елдегі шын сауықтыруға болмайтын парламенттік кретинизм міне осындай!

Ауасыз кеңестікте, дейсіз бе?

Ал, профессор және депутат мырзалар, сіздер біріккен дворяндардың советі туралы естіген жоқсыздар ма? Оның үкімет саясатын қолдайтыны туралы естіген жоқсыздар ма? Россияның жақсы бөлектерінде помещиктер табының жүз миллион десатина жақсы жерлері барлығы туралы естіген жоқсыздар ма? Сол таптың меншігіндегі барлық аса маңызды, штатты және әскери қызмет орындары туралы естіген жоқсыздар ма? Осы таптың қатарынан шыққан кант және басқа финанс шонжарлары туралы естіген жоқсыздар ма?

Естіген жоқсыздар ғой? Қайран, либерализмнің дана мемлекеттік қайраткерлері-ай!

¹ «Русские Ведомости» — либерал помещиктер мен буржуазияның күнделік газеті; 1863 жылдан 1918 жылға дейін Москвада шығып тұрды.

Үкімет мүлде окшауланған, оның елде достары жоқ, дейсіздер ме? Ал сіздер не үшін отырсыздар, мырзалар? Сіздер прогрессистермен және октябристермен бірге ішкі істер министрлігінің сметасын қостап дауыс бердіңіздер ғой!

Қанша керек болса, сонша ақшаны оп-оңай беріп, мұнымен бірге, ешкімге міндетті емес «тілектер» білдіретін таныс миллионерлердің бар екенін есте тұтыңыздар. Біз бұл миллионерлерді өздеріміздің достарымыз деп атауға праволы болар ма едік, өзімізді (миллионшиктер арасында) «оқшау» сезбес едік, — деп ойламайсыздар ма, сіздер, мырзалар.

Бірақ сіздер өздеріңіздің формулаңызбен үкіметке материалдық қана емес, оның үстіне зор идеялық көмек көрсеттіңіздер. Мұның аса зор маңызы бар, сондықтан біз сіздерге жұрт алдында өздеріңіз үшін бұл қыйын-қыстау мәселеге соқпай өтуге мүмкіндік береді деп ойламаңыздар.

Думадағы дау неде болды? Ұлтшылдар полицияға реформа жасау және «праволық құрылыстың дұрыс шегі болуы»... тілегін білдіріп, ақша беру туралы айтты. Ақша беру керек, бірақ түбірлі немесе кең реформалар жасау тілегін білдіру керек, деді октябристер, бұған қоса олар сөзсіз контрреволюциялық ұлтшылдық және шовинизм көзқарасында болатындықтарын білдірді.

Міне, сөйтіп, барлық либералдар әдіс-айла жасайды: қосымша туралы ешнәрсе айтпай, олар «түбірлі реформалар» талабын айтып мәз-майрам болады! Олардың тізіміне, қандайда болсын ақылдысынған жойымпаздың көрсетуі бойынша, «коалициялар бостандығын және аграрлық заңдарды қайта қарауды» қосу жетіспеді.

Крепостник-помещиктер реакцияны жақтайды. Буржуазия реформаларды жақтайды. Ол өзінің «формуласымен» үкіметке моральдық соққы берді. Бірақ бұл буржуазия онымен бірге өзінің контрреволюцияшылдығын атап көрсетіп, үкіметке моральдық көмек көрсетті. Ал мұндай көмектің, ондаған «моральдық» соққылардан жүз есе тыңғылықты және салмақты маңызы бар.

«Тарихи» думалық формула үшінші июньдік системаның тұйыққа кездескенін жүзінші рет дәлелдеді. Сондықтан буржуазия, жоғарыда көрсетілген позицияда болып отырғанда, тұйықтап шығуға дәрменсіз. Егер кризистің либералдар бас тартатын, жатырқайтын шешімінің нақ өзі тумаса, буржуазия ондаған жылдар бойына реформалар туралы арман ете алатынын, тұйықта өлменінің күнін көріп, Пуришкевичтердің қигізген қамытына көнбістілікпен төзе беретінін біздерге тарихтың тәжрибесі үйретеді.

«ПРАВДА» № 127 (331),

5 июнь, 1918 ж.

Депутат Франк жалпы стачканы жақтады

Баденнің белгілі социал-демократы, оппортунистік қанаттың ең көрнекті өкілдерінің бірі Франктың, Пруссияда сайлау реформасын жасау жолындағы күрестің құралы ретінде жалпы стачканы жақтап сөз сөйлеуі герман социалистік партиясындағы оқиға болып табылады.

Берлин жанындағы Вильмерсдорфтегі партиялық с.-д. ұйым Франкты бұл тақырыпта реферат оқуға шақырды. Буржуазиялық газеттер «Баденнен» бейбіт және желікті басатын сөздер естілуін күтіп, жыйналыс туралы көп даурықты. Тегін жарнама тамаша болып шықты. Жыйналыс үлкен және ерекше айбарлы болды.

Бірақ Франк — радикалдық пиғылдағы Берлин жұмысшылары алдында сөйлегендіктен бе, әлде, оңтүстік Германияның еркінірек құрылысына дағдыланған оңтүстіктің адамы Берлинде өзі жақынырақ байқай

бастаған «юнкерлердің» (неміс қаражүздік-дворяндарының) ұятсыздық үстемдігіне ызаланғандықтан ба — ол жалпы стачканы жақтап қызу сөз сөйледі.

Шешен Пруссиядағы ішкі саясатты суреттеуден бастады. Юнкерлердің үстемдігін, Пруссия ландтаг-сеймін сайлаудың реакциялық заңын (біздің үшінші думалық заң сыяқты¹), элементарлық демократиялық кепілдіктердің жоқтығын Франк рақымсыз тілдеді. Шешен, Пруссияның сайлау заңы бойынша, жезөкшелер үйінің иесі сайлау праволарынан бірінші разряд бойынша, ал премьер-министр тек үшінші разряд бойынша пайдаланатынын, мұның өзі пруссиялық «тәртіптерге» тән сипат екенін айтқанда, жыйналыс оның бұл берген бағасын ду күліп қостады.

Берлин жұмысшылары — деп қалжыңдады Франк — Яговпен (1910 жылы демонстрацияға тыйым салмақ болып, босқа әлектенген қала бастығы) күресте өздерінің көшеде маневр жасау ісінде таланттары бар екенін дәлелдеді.

Шешен тарихтағы жалпы стачкалардың мысалдарын еске түсірді: Англияда чартистердің², 1893, 1902 және 1912 жылдарда бельгиялықтардың, 1903 жылы шведтердің, 1904 жылы италяндардың, 1905 жылы орыстардың стачкаларын келтірді, — осы мысалға шешен толығырақ тоқталып, ол кезде орыс жұмысшылары өздерінің көршілеріне және туысқандарына, Австрия жұмысшыларына қандай көмек көрсеткенін атап айтты. Жалпыға бірдей сайлау правосын жеңіспен алу үшін *ол кезде* австриялықтардың саяси стачка жасамақ болып күш көрсетуінің өзі жеткілікті болды.

Пруссияда және Германияда — деп дауысын көтере айтты Франк — дүние жүзіндегі ең жақсы жұмысшы қозғалысы, ең көп таралған жұмысшы баспасөзі бар. Бүкіл дүние жүзінің пролетариатынан жалпы күрес жүргізуді үйренейік! (Жыйналыс ду қостап, қол шапалақтады).

Әрине, күрестің жаңа түрінде құрбандықтар және қауіп болады — деді онан әрі Франк — бірақ құрбандықсыз және қауіпсіз саяси шайқастар қайда болып еді? Күрестің керектігін түсінгеннен кейін біз оны ақырына дейін жүргізуге тиістіміз, жолда су астының тастары кездесетіндігіне қарамастан, біз кемемізді алға апара беруге тиістіміз. Кімде кім бұл тастардан қорқып, гаваньда қалса, оған ешнәрсе болмауы мүмкін, бірақ ол екінші жағалауға, біздің алға ұмтылған талаптарымыздың мақсатына еш уақытта жете алмайды.

Жыйналыс шаттықпен қарсы алған Франктың сөзі реакцияның неміс жұмысшыларын қандай дәрежеде ызаландырғанын тағы және тағы көрсетті. Герман пролетариаты қатарында қуатты наразылық шабан, бірақ дұрыс пісіп келеді.

КАРИЧ

«ПРАВДА» № 132 (336),
11 июнь, 1913 ж.

¹ III және IV Мемлекеттік думаның қаражүздік-кадеттік құрамын қамтамасыз еткен үшінші июндік (1907 жылғы 3 (16) июнь) сайлау заңы айтылып отыр.

² Чартизм — XIX ғасырдың 30-жылдарының аяғынан бастап 50-жылдарының басына дейін болған Англиядағы жалпы пролетарлық-революциялық қозғалыс.

Қызықты съезд

Кеше, 12 июньде, Харьковте қызықты съезд ашылды. Ол екі жағынан қызықты. 1-шіден, бұл — халықтың білім алу статистикасына арналған бірінші жалпыземстволық съезд. 2-шіден, оған әкімшілік ерекше назар аударды. Съездің председателін әкімшілік *тағайындады*, мән-жайды

білетін адамдарды, «Русское Слово» Б. Веселовскийдің айтқанындай, сол әкімшілік «сүзгіден өткізді».

Тіпті «орыстық» тұрғыдан да шамадан тыс...алдын-ала сақтық сыяқты көрінетін бұл шараларды съездің украиндық орталықтардың бірінде жыйналуынан деп түсіндіруге бола қояр ма екен. Жалпыземстволық съезге тек украиндық статистиктер мен земстволықтар ғана емес, Россияның барлық ұлттарына жататын бұл майданның қызметкерлері жыйналады.

Әңгіме тек статистикашы жолға қою туралы, не істелгені, не себепті аз істелгені, көбірек және жақсырақ істеу қажеттігі туралы болатын болса да, съездің шұғылданатын істері әкімшілікке оншама ұнамайтын сыяқты.

Россияда халықтың білім алуы дүние жүзінің қай жеріндегіден болса да артта қалды. Дума мүшесі Бадаев өзінің сөзінде Америкадағы негрлер арасында да сауатсыздар небәрі 44 процент — Европада бір-екі процент — ал, Россияда сауатсыздар 79 процент екенін көрсетті.

Соңғы кезде халықтың білім алуы дегенмен, мыңдаған кедергілерге қарамастан, бұрынғысынан тез өсіп дамуда. Халықтың білім алуының жайы туралы шындықты білу — жалпы халық бұқарасының, әсіресе жұмысшылардың тікелей және ең шұғыл мүддесі.

Халықтың білім алуы статистикасын Европадағыша жолға қою тіпті де қыйын болмас еді. Әрбір мұғалім және мұғалима әрбір оқушы туралы да (жасы, ұлты, семья тұрмысының жағдайы, ата-аналарының шаруашылық жәйі және т. б.), әрбір оқытушы туралы да (білімі, алатын жалмақысының мөлшері, жұмыс күні, ұлты және т. б.) жыл сайын қыйналмайынша мәлімет беріп тұра алар еді. Аздаған статистиктер мұндай мәліметтерді жылсайын тәртіпке келтіріп, мемлекетке жас ұрпақты тәрбиелеп оқытудың жағдайлары туралы да, халық тұрмысының бірқатар жақтары туралы да аса мол және өте бағалы материал беріп тұра алар еді... егер... егер...Баспасөз өкілдері Харьков съезіне кіргізілмеді, съездің председателі тағайындалды, мән-жайды білетін адамдар, «Русское Слово» Б. Веселовскийдің айтқанындай, әкімшілік тарапынан сүзгіден өткізілді.

Біз халықтың білім алуының европалық статистикасы туралы әрнәрсені көп айттық. Мұнда қандай Европа болсын! Оған да үндемей-ақ қойғанымыз артық.

«ПРАВДА» № 134 (338),

13 июнь, 1913 ж.

Большевиктер партиясы — бірінші орыс революциясындағы бірден-бір марксистік ұйымдастырушы күш

Ғ. БОРАНБАЕВ, П. ПАХМУРНЫЙ

Бірінші орыс революциясы россиялық және халықаралық революциялық қозғалыстың тарихында асқан зор роль атқарды. Ол орыс самодержависінің тіректерін негізіне дейін шайқалтып, помещиктер мен капиталистердің үстемдігіне қатты соққы берді, Ұлы Октябрь социалистік революциясының бастамасы және ұлы даярлығы болды, Европаның жұмысшы қозғалысында және Азияның езілген халықтарының ұлттық-азаттық қозғалысында өрлеу туғызды.

Революция алғашқы күндерінен бастап жалпыхалықтық сипат алып, мейлінше кең өрістеді, халық қалың бұқарасын оятып, белсенді революциялық күреске аттандырды. Оның мұндай болуының себебі — бұл революцияның басшысы және басты қозғаушы күші ақырына дейінгі бірден-бір революцияшыл тап — жұмысшы табы болды, ал шаруалар оның одақтасы болып майданға шықты, сол сыяқты мұның тағы бір себебі — революцияшыл халықты шың мәнісіндегі марксистік пролетарлық партия — большевиктер партиясы бастады.

* * *

Революция қоғамның барлық таптарын қозғалтып, оларды жаңа саяси жағдайға сәйкес қайта топтастырды, өздерінің тактикасын белгілетті. Әсіресе революцияның басты қозғаушы күші және басшысы — жұмысшы табы алдына ерекше жауапты міндет қойылды. Пролетариат өзінің революциядағы басшылық ролін тек бұқараның революциялық күресіне дұрыс және тынақты саяси басшылық еткенде ғана жүзеге асырып, революцияны жеңіске жеткізе алатын еді. Ал жұмысшы табына саяси басшылықты тек марксистік партия қамтамасыз ете алатын еді.

В. И. Ленин белгілеген идеялық және ұйымдастыру принциптері негізінде құрылған Россияның социал-демократиялық жұмысшы партиясы осындай партия болды. Бұл партияда пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық революциядағы ең таяу міндеттерін, сол сыяқты оның түпкі міндеті — социалистік революцияның жеңуі және жұмысшы табы диктатурасының орнатылуы үшін күресу міндетін белгілейтін марксистік программа болды.

Алайда РСДЖП қатарындағы меньшевиктердің ірткі салушылық әрекеттерінің нәтижесінде бұл партия ішінде бірлік болмады, партия екі фракцияға: большевиктер және меньшевиктер фракцияларына бөлінді. Партияның Орталық органы «Искра» газетін және Орталық Комитетті өз қолдарына алғаннан кейін меньшевиктер оларды партияға және партиялыққа қарсы, ұйымдық бытыраңқылықты, үйірмешілдікті және майдагерлікті жақтайтын күрестің органдарына айналдырды. Меньшевиктер басталған революцияда жұмысшы табын басшысыз қалдыруға бұқараға басшылық етуді либералдық буржуазияға беруге тырысты. Меньшевиктік Орталық Комитет бұқараны күреске жұмылдырғысы келмеді, оқиғалардың соңында салпақтап отырды.

В. И. Ленин және ол бастаған большевиктер партиядағы туған жағдайға көне алмады, революцияға басшылықты либералдық буржуазияға

және революцияны патша өкіметімен келісіп аяқтауға тырысқан оның кадеттер партиясына бере алмады. Олар, революцияда либералдық буржуазияның үстемдігін жақтаған және революцияны өрістетпей тоқтатуға бағыт ұстаған меньшевиктерге қарсы ымырасыз принциптік күрес жүргізді.

В. И. Ленин бастаған большевиктер партияның III съезіне әзірлікті кеңінен жүргізді. Бұл съезд меньшевиктердің ұйымдастыру және тактика мәселелеріндегі оппортунизмін жойып, пролетариаттың демократиялық революциядағы бірыңғай тактикасын белгілеуге тиісті еді.

Революцияның өрлеу жағдайында жыйналған партияның III съезі (1905 жылғы апрель — май) меньшевиктерді партияның ауа жайылған бір бөлегі деп айыптады, Уставтың бірінші параграфын лениндік тұжырым бойынша қабылдап, партияның уставына өзгеріс енгізді, барлық революцияшыл социал-демократтарды В. И. Лениннің төңірегіне топтастырып, оларды революциялық тактикамен қаруландырды. Съезд революцияның көсемі ретіндегі пролетариаттың міндеттерін белгілеп, партияның революцияның алғашқы кезеңіндегі стратегиялық жоспарын жасады. Егер революцияға пролетариат басшылық етсе, егер ол шаруалармен одақ жасауды қамтамасыз ете білсе және революцияны патша өкіметімен келісіп аяқтау үшін оған өзі басшылық етуге тырысатын либералдық буржуазияны оқшау қалдыра білсе, революция тек сонда ғана жеңетінін съезд атап көрсетті.

Съезд партияның революциялық марксистік тактикасын белгіледі. Ол жаппай саяси стачкалардан қарулы көтеріліске көшуді партия мен жұмысшы табының басты міндеті деп танып, көтерілісті іс жүзінде әзірлеу туралы директивалар берді. Съезд партия ұйымдарын шаруалар қозғалысын қолдауға және деревняда революциялық комитеттер құруға шақырды. Партия ұйымдарының көпшілігі III съездің шешімдерін демократиялық революцияның жеңуі жолындағы күрестің жауынгерлік программасы деп танып қабылдады. Бұл шешім партияның бүкіл практикалық қызметінің негізіне алынды.

В. И. Ленин өзінің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабында меньшевиктердің Женевада өздерінің конференциясында белгілеген сатқындық тактикасын өлтіре сынап, III съездің шешімдерін, большевиктердің революциядағы стратегиялық жоспары мен тактикалық жолын данышпандықпен дәлелдеді. Пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық революциядағы гегемониясы туралы, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы туралы, пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы туралы ілімді жасап, В. И. Ленин марксистік теорияны алға бастырды, Коммунистік партияның саяси (тактикалық) негіздерін жасады. Ол марксизмді социалистік революцияның жаңа теориясымен байытты. Бұл теория пролетариат диктатурасын орнату күресінде Коммунистік партияның қуатты идеялық қаруы болды.

Бірінші орыс революциясының дамуы революциялық большевиктік стратегия мен тактиканың дұрыстығын, оның ұлы күшін және өмірге бейімдігін, маркстік-лениндік теорияның жеңімпаздығын дәлелдеді.

* * *

Большевиктер жергілікті партия ұйымдарын нығайту, халық бұқарасымен байланысты кеңейту, жұмысшы табын тәрбиелеу және ұйымдастыру жұмысын революцияның алғашқы күндерінен бастап кеңінен жүргізді. Большевиктік партия ашық революциялық қыймыл жасау міндеттерін дұрыс алға қоюдың, бұл міндеттерді жұмысшылар қалың бұқарасына түсіндірудің үлгісін көрсетті.

«Қанды жексембінің» қарсаңында-ақ большевиктер жұмысшыларға олардың бостандықты петициямен емес, қару күшімен жеңіп алатынын түсіндірді, патша өкіметі жұмысшыларды қырғынға ұшыратуға әзірлік

жасап жатқанын оларға алдын ала ескертті. Большевиктердің әсерімен петицияға социал-демократиялық программаның бірқатар талаптары енгізілді.

Петербургтегі қантөгіс оқиғалар бүкіл елді толқытты. 1905 жылдың алғашқы 3 айының өзінде (январь-март) өнеркәсіпте 810 мың жұмысшы ереуіл жасады, мұның өзі оған дейінгі 10 жылғыдан екі есе көп болды. Большевиктік партияның: «Самодержавие жойылсын!», «Демократиялық республика жасасын!» деген саяси ұрандары еңбекшілер қалың бұқарасының талабына айналды.

Жұмысшыларды большевиктер бастап шыққан жерлерде қаруланып, полиция мен әскерге қарсылық көрсетуге алғашқы әрекеттер жасалды. Алайда, меньшевиктердің ірткі салу әрекетінің салдарынан көптеген социал-демократиялық ұйымдар әлі әлсіз және саны аз болды.

В. И. Ленин партия ұйымдарының революция басталар алдындағы жәйін толық сипаттады. «1905 жылдың 22-ші (ескіше 9-шы) январына дейін, — деп жазды ол, — Россияның революцияшыл партиясы азын-аулақ бір топ адамдардан ғана тұратын — ол кездегі реформистер (нак кәзіргілер сыяқты), мазақ етіп, бізді «секта» деп атайтын. Бірнеше жүз революцияшыл ұйымдастырушылар, жергілікті ұйымдардың бірнеше мың мүшелері, көбінесе шет елдерде шығарылып, орасан қыйыншылықтармен, көптеген құрбандыққа ұшырап, контрабанда жолымен Россияға жіберіліп тұратын, жиі дегенде айында бір-ақ рет шығатын жарты дюжинадай революциялық листоктер, — Россияның революциялық партиясы және ең алдымен революциялық социал-демократиясы 1905 жылғы 22-ші январьға дейін осындай болды» (Шығармалар, 23-том, қазақшасы, 252-бет).

Петербургтегі январь оқиғалары большевиктердің бұқаралық революциялық қозғалысқа ықпалының мейлінше шапшаң өсуінің бастамасы болды. Революциялық қозғалыстың жалпы өрлеуі, меньшевиктердің сатқындық, ымырашылдық саясатына және әсерлердің авантюризміне қарсы большевиктердің ымырасыз принциптік күрес жүргізуі негізінде революцияшыл социал-демократия, оның жеке ұйымдары шапшаң өсті. Мысалы, Москваның большевиктік ұйымы, 1904 жылы көптеген басшыларының тұтқынға алынуына қарамастан, тез арада қайтадан күш жыйнады, 1905 жылдың күзінде-ақ оның 1 400 мүшесі болды. Бұл ұйымның Москваның фабрикалары мен заводтарында ғана емес, оның Серпуховода, Подольскіде, Коломнада және Москва губерниясының басқа өнеркәсіпті қалаларында кең тармақты жергілікті ұйымдары болды.

Партияның басқа ұйымдары сыяқты, Москваның большевиктік ұйымының мұндай тез өсуі заңды құбылыс еді, өйткені большевиктер жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың нағыз өмірлік мүдделерінің шын мәнісіндегі білдірушілері, революцияның жеңуі жолындағы батыл, жанқияр күрескерлер болды. Басқа партиялардың бәрі — революцияға басшы болуға дәмеленген кадеттер, әсерлер, анархистер, сол сыяқты меньшевиктер буржуазияның мүдделерін білдіріп және қорғап, патша өкіметімен келісуге жол іздеді, революцияны тоқтатуға барыт ұстады.

Революция дамай келе бүкіл елдегі большевиктік ұйымдар мен топтар онан әрі нығайды, сол сыяқты бүкіл елде, оның ішінде шеткері ұлт аймақтарында жаңа ұйымдар мен топтар құрылды. Мысалы, Поволжье-нің, Украинаның, Сибирьдің большевиктік ұйымдарының әсерімен және көмегімен Оренбургте, Оралда, Петропавлда және Қазақстанның басқа қалаларында социал-демократиялық ұйымдар құрылды. Петропавлдың большевиктік ұйымында 1906 жылғы сентябрьде 147 мүше болды.

Революцияның бірнеше айы ішінде партияның жәйі мықтап өзгерді. «Жүздеген революцияшыл социал-демократтар, — деді В. И. Ленин, — «кенеттен» мың-мың болып өсіп шықты, мыңдар екі миллионнан үш миллионға дейін баратын пролетарлардың көсемдері болды» (Шығармалар,

23-том, қазақшасы, 252-бет). 1906 жылғы ноябрьде РСДЖП қатарында жүз мыңнан астам мүше болды.

Большевиктер Россияның алдыңғы қатарлы жұмысшыларына саяси тәрбие беруге ерекше көңіл бөлді, өйткені большевиктік партия өзінің көсемдік ролін тек жұмысшы табының бұқарасы партияның программасын түсініп, оның социалистік санасы өскенде ғана орындай алатын еді. Баспа және ауызекі үгіттің барлық формаларын кеңінен пайдалана отырып, большевиктер жұмысшылар мен шаруаларға революцияның сипатын және міндеттерін, партияның ұрандарын түсіндірді, оларды патша өкіметіне өшпенділік рухында тәрбиеледі. Буржуазияның контрреволюцияшылдық ролін және меньшевиктердің сатқындық тактикасын қажырлылықпен әшкерелей отырып, большевиктер жұмысшы табының бірлігі үшін күресті, шаруалар бұқарасын оның төңірегіне топтастырды.

Бұл істе В. И. Лениннің мақалалары мен сөздерінің ерекше маңызы болды. Оның мақалалары мен сөздерінде тарихи оқиғаларға марксистік талдау жасалып, партия ұйымдарына бұқараны ұйымдастыру туралы нақтылы нұсқаулар берілді.

Закавказьеде И. В. Сталин лениндік идеяларды пасихаттап, меньшевиктерді және жұмысшы табының басқа жауларын әшкерелеп, зор жұмыс жүргізді.

Еңбекшілер бұқарасына саяси тәрбие беру ісінде барлық большевиктік ұйымдар шығарып тұрған листовкалар едәуір роль атқарды. Мысалы, Москваның большевиктік ұйымының өзі ғана 1905 жылдың соңғы төрт айы ішінде 716 мың листовкалар шығарып таратты.

Жұмысшыларға саяси тәрбие беру ісінде большевиктер жаппай саяси стачкалар ұйымдастыруға зор маңыз берді. Бұл стачкалар, самодержавиеге қарсы қарулы күрес жүргізу үшін бұқараны революцияға ұйымдастыру ісінде ерекше роль атқарды.

Пролетариаттың стачкалық қозғалысы үздіксіз ұлғаюда болды. Саяси және экономикалық стачкалардың ұштастыра жүргізілуі жұмысшы қозғалысына ерекше күш берді. 1905 жылғы май айының аяғынан августың басына дейін созылған атақты Иваново-Вознесенск стачкасы бұған айқын мысал бола алады. Бұл стачкаға М. В. Фрунзе бастаған большевиктердің Солтүстік Комитеті басшылық етті. Стачканың барысында Россиядағы ең алғашқы жұмысшы депутаттары Советтерінің бірі құрылды.

Большевиктер қалың пролетарлық бұқараны біріктіруші ұйымдар — кәсіподақтарға ерекше көңіл бөлді. Кәсіподақтар әуелі бастан-ақ революцияшыл социал-демократияның тікелей ықпалымен және басшылығымен құрылды. 1905 жылдың өзінде 652 кәсіподақ құрылды. Олардың көпшілігі патша өкіметіне және капитализмге қарсы күреске партияның басшылығымен белсеніп қатысты.

Жұмысшы қозғалысының екпіндеп өсуі деревняға күшті әсер етіп, шаруалар қалың бұқарасының жер және бостандық жолындағы революциялық күресінің кең өрістеуіне көмектесті. 1905 жылдың күзінде Орталық-қаратопырақты ауданда, Поволжьеде, Украинада, Закавказьеде, Прибалтикада — барлығы 240-қа жуық уезде, яғни Россияның барлық уездерінің үштен бір бөлегінен көбінде шаруалар көтерілістері болды.

Партияның III съезінің шешімдерін басшылыққа ала отырып, большевиктер шаруалар арасындағы революциялық жұмысқа көп көңіл бөлді. Олар жұмысшы табының шаруалармен тығыз одағын жасауға, шаруалардың стихиялық қозғалысын шаруалар бұқарасының жұмысшы табымен одақтасқан және оның басшылығына еретіп, ұйымдасқан, саналы қозғалысқа, самодержавиеге және крепостниктіктің қалдықтарына қарсы бағытталған, буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңуін көздейтін қозғалысқа айналдыруға тырысты.

Шаруалар қозғалысына басшылық ету үшін күресте большевиктер негізгі соққыны кадеттерге — шаруалар бұқарасын революцияға қатысудан тоқтатуға тырысқан либерал буржуазияның партиясына қарсы жұмсады. Большевиктер эсерлердің келісімпаздық ұсақбуржуазиялық теориясы мен тактикасын, олардың саяси авантюризмін, меньшевиктердің шаруалар жөніндегі оппортунистік программасы мен тактикасын да әшкереледі.

Шаруалар қозғалысының ұлғаюы үшін большевиктердің В. И. Ленин жасаған аграрлық программасының аса зор маңызы болды. Бұл программа помещик, шеркеу, монастр жерлерін, удельдік және үкіметтік жерлерді конфискациялауды, барлық жерді халық пайдасына алуды талап етті. Большевиктер бұл талаптарды самодержавиені жойып, демократиялық республика орнату талабымен байланыстырды. Ал меньшевиктердің жерді муниципализациялауды талап еткен программасы помещиктік-самодержавиелік құрылысты бейбітшілікпен, бірте-бірте өзгертуді көздеді.

Партияның III съезінің шешімдерін жүзеге асыра отырып, большевиктер шаруаларды помещиктердің жерлерін тезінен басып алуға, шаруалардың революциялық комитеттерін құруға, пролетариаттың патша өкіметіне қарсы күресін белсеніп қолдауға шақырды.

1905 жылы Орталық-қаратопырақты ауданда 30-дан астам социал-демократиялық комитеттер мен топтар шаруалар арасында белсенді жұмыс жүргізді. Көптеген большевиктік комитеттер (Москва, Воронеж, Саратов комитеттері және басқалары) «шаруалар топтарын», «аграрлық лигалар», «аграрлық коллегиялар» және шаруалар арасында жұмыс жүргізетін басқа сондай арнаулы ұйымдар құрды. Комитеттердің көпшілігі үндеу хаттар шығарып тұрды, онда большевиктік аграрлық программаның мәнісін түсіндірді, шаруаларды өздерінің революциялық комитеттерін құруға, помещиктердің жерлерін басып алып, өзара бөлісуге шақырды.

Көптеген большевиктік комитеттер шаруалар арасында РСДЖП Орталық Комитетінің «Шаруалар, сөзімізді сіздерге айтамыз!» деген үндеуін және В. И. Лениннің «Деревня кедейлеріне» деген кітапшасын кеңінен таратты.

Шаруалар бұқарасы пролетарлық күрестің формаларын — стачкаларды және қарулы күресті барған сайын кеңінен қолданды. Мұның өзі әсіресе Прибалтикада айқын көрінді. Прибалтикада жалшылардың кең өріс алған стачкалық қозғалысына, сол сыяқты шаруалардың қарулы күресіне жергілікті социал-демократиялық ұйымдар басшылық етті. Жұмысшы табының, оның большевиктік ұйымдарының тікелей ықпалымен және басшылығымен өрістете жүргізілген Грузия шаруаларының қарулы революциялық күресінің орасан зор маңызы болды.

Шаруалар қыймылдарының бытыраңқы болуына, ондағы ұйымшылдықтың жеткіліксіз болуына қарамастан, шаруалардың едәуір топтарының әлі де эсерлердің ықпалында болуына қарамастан, шаруалар бұқарасы өздерінің жұмысшы табының басшылығына еріп, оның сенімді одақтасы бола алатынын көрсетті. Пролетариат пен шаруалар күштерінің одағы, — деп көрсетті В. И. Ленин, — «орыс революциясының бүкіл бірінші дәуірін, 1905 — 1907 жылдардың барлық ірі оқиғаларын сипаттады» (Шығармалар, 15-том, қазақшасы, 337-бет).

Большевиктік партия армия мен флоттағы жұмысқа ерекше маңыз берді. Бұл жұмыс алғашқы кезде көбінесе жазба және ауызекі насихат, үгіт түрінде жүргізілді, бірақ 1904 жылдың өзінде арнаулы әскери-социал-демократиялық ұйымдар құрыла бастады. Партияның III съезінен кейін большевиктердің әскер арасындағы жұмысы белгілі жоспармен жүргізілді. Большевиктер өздерінің әскер арасындағы жұмысын — партияның қарулы көтерілісті әзірлеудегі жалпы міндетінің бір бөлегі деп таныды. Ар-

мияда жұмыс жүргізу үшін партия бұған өзінің көптеген көрнекті қызметкерлерін бөлді.

Партия ұйымдарының әскер арасындағы жұмысы большевиктік баспасөз бетінде кеңінен баяндалып отырды. Елдің көптеген қалаларында арнаулы әскери социал-демократиялық ұйымдар құрылды, олар жалпы партиялық ұйымдармен тығыз байланысты болды. Толық емес мәліметтердің өзін алғанда, 1905 жылы армия мен флотта 64 жалпыпартиялық және 27 әскери социал-демократиялық ұйымдар мен топтар жұмыс жүргізді.

Жұмысшылар мен шаруалар революциялық қозғалысының, сол сыяқты орыс-жапон соғысындағы жеңілістердің әсерінен патша өкіметінің тірегі — армия мен флотта революциялық қозғалыс басталды. 1905 жылдың ішінде Харьковте, Киевте, Минскіде, Ташкентте, Воронежде, Псковта, Варшавада және басқа қалаларда солдаттардың көтерілістері болды.

Большевиктік позициядағы «Матросская централка» (астыртын әскери-теңіздік социал-демократиялық ұйым) даярлаған «Потемкин» броненосеніндегі көтеріліс 1905 жылғы ең зор оқиғалардың бірі болды. Бұл көтеріліс, жеңіліске ұшырағанына қарамастан армия мен флотқа орасан зор революцияшылдандырушы әсер етті. «Броненосец «Потемкин», — деп жазды В. И. Ленин, — революцияның жеңілмеген территориясы болып қалды, сөйтіп, оның тағдыры қандай болғанымен, біз күмәнсіз және аса елеулі бір фактіні көріп отырмыз: **революциялық армияның ұйтқысын** құруға әрекет жасалып отыр» (Шығармалар, 8-том, қазақшасы, 595-бет).

1905 жылдың күзінде революциялық қозғалыс бүкіл елге жайылып, Россияның ең қыйыр түпкірлеріне жетті. Қалың бұқараны оятып, оларды қарулы көтеріліске даярлау ісінде Москва мен Петербургтың жұмысшылары бастаған және «Самодержавие жойылсын!», «Демократиялық республика жасасын!» деген большевиктік ұрандармен өткізілген Октябрь саяси стачкасының орасан зор маңызы болды. Москва мен Петербургтың ізінше барлық өнеркәсіпті аудандар мен темір жолдарға таралған Октябрь стачкасы жұмысшы қозғалысының өскен күші мен қуатын көрсетті. Бұл стачкаға екі миллионнан астам жұмысшы қатысты.

Орыс жұмысшыларымен бірге бүкілроссиялық саяси стачкаға Қазақстанның жұмысшылары да белсеніп қатысты. Теміржолшылардың ереуілі нәтижесінде Сибирь және Оренбург—Ташкент теміржолдарында қатнас тоқталды. Перовскіде теміржолшы жұмысшылар революциялық комитет құрды. Оренбургте, Шалқарда, Қостанайда, Верныйда және басқа қалаларда жалпы демонстрациялар жасалды.

Революцияның дамуы империализм дәуіріндегі буржуазиялық-демократиялық революцияда пролетариаттың басшылық роль атқаруы туралы лениндік қағиданы толық дәлелдеді. Жұмысшы табының күресі революцияның қалай дамуын, оның қалай өріс алуын және формаларын белгіледі.

Патша өкіметіне қарсы күресте пролетарлық бұқараның революциялық творчествосы жұмысшы қозғалысының тарихында әлі болып көрмеген, жұмысшы табының бұқаралық саяси ұйымдарын — жұмысшы депутаттарының Советтерін туғызды. Бұл Советтер Москвада, Петербургте және еліміздің басқа көптеген өнеркәсіп орталықтарында құрылды. 1905 жылдың жазында және күзінде стачкалық күрестің органдары болып құрылған Советтер барған сайын жаңа, революциялық өкмет органдарының бастамалары бола берді. Солдат депутаттарының Советтерін ұйымдастырып, оларды жұмысшы депутаттарының Советтерімен біріктіруге әрекеттер жасалды, еліміздің кейбір аудандарында шаруа депутаттарының Советтері құрылды.

Мұнда да, жұмысшы депутаттарының Советтеріне көзқарас мәселесінде РСДЖП қатарында екі бағыт: революциялық — большевиктік және

оппортунистік—меньшевиктік бағыттар өзара күресті. В. И. Ленин бастаған большевиктер Советтерді — революцияның барысында қарулы көтеріліс органдарына, пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы органдарына айналуға тиісті революциялық өкметтің бастамалары деп таныды. В. И. Ленин көтеріліс жеңген күнде өкмет сөзсіз Советтердің қолына көшіп, олар «жеңген революциялық өкметтің орталық органдарына, революциялық уақытша үкметке» (Шығармалар, 12-том, казакшасы, 322-бет) айналуға тиіс екенін көрсетті.

Советтерді большевиктер басқарған жерлерде бұл Советтер (Москва, Краснояр, Чита Советтері және басқалары) қарулы көтеріліс органдары болып, революцияда үздік роль атқарды. Ал, Советтерді меньшевиктер басқарған жерлерде (Петербург, Одесса, Баку және басқалары) бұл Советтер 1905 жылғы революцияда айтарлықтай роль атқармады. Меньшевиктер оларды көтеріліс саясатына қарсы бұра алды.

* * *

Жұмысшылардың жаппай саяси стачкаларының тез өсуі, шаруалар қозғалысының күшеюі, халықтың полициямен және әскермен қарулы соқтығыстары, солдаттар мен матростардың революциялық қыймылдары—мұның бәрі қарулы көтеріліске керекті жағдайлардың пісуі жеткенін дәлелдеді.

Партияның III съезінің шешімдерін басшылыққа ала отырып, большевиктер пролетариатты қаруландыруға, қарулы көтеріліс және оған тікелей басшылық ету жоспарын жасауға мейлінше шұғыл шаралар қолданды. Партия комитеттерінің көпшілігі жанында жауынгер топтар мен жасақтар құрылды. Петербургтың ірі-ірі заводтарының бәрінде дерлік жалпызаводтық жасақтар, ал цехтар мен мастерскойларда жауынгерлер топтары құрылды. Москва большевиктері барлық аудандарда жауынгер жасақтар ұйымдастырды. Иваново-Вознесенскінің, Киевтің партия комитеттері жанында, сол сыяқты Закавказьеде, Прибалтикада, Донбаста, Уралда, Сибирьде, Қазақстанда жауынгер топтар мен жасақтар құрылды. Мысалы, 1906 жылғы май айында Петропавлда (Солтүстік Қазақстан) В. В. Куйбышевтің бастауымен жауынгер жасақ құрылды, оған большевик жұмысшылар және партияда жоқ активист-жұмысшылар кірді.

Партияның Орталық Комитеті жанында арнап құрылған жауынгерлік орталық және партиямыздың таңдаулы қызметкерлері — К. Е. Ворошилов, С. М. Киров, В. В. Куйбышев, Я. М. Свердлов, И. В. Бабушкин, Ем. Ярославский, Ф. Э. Дзержинский, Серго Орджоникидзе және басқалары жұмысшыларды қаруландыру, жауынгер жасақтар құру, оларды үйрету ісімен шұғылданды.

1905 жылғы октябрь — ноябрь айларында революция қарулы көтеріліс кезеңіне таялды. Революцияны тоқтатуға бағыт алған меньшевиктерге қарсы большевиктер жұмысшы табын самодержавиені құлатуға қажырлылықпен әзірледі. 1905 жылғы ноябрьдің басында Россияға қайтып оралған В. И. Ленин қарулы көтерілісті әзірлеуге тікелей басшылық етті.

Большевиктердің қажырлы жұмысы нәтиже берді. 1905 жылғы декабрьде Россияда қарулы көтеріліс басталды. Тұды ең алдымен Москва жұмысшылары көтеріп шықты. 7 (20) декабрьде жұмысшы депутаттарының Москва Советі жариялаған жалпы саяси стачка қарулы көтеріліске ұласты. Большевиктер бастаған қарулы жұмысшылар 9 күн бойына патша өкіметінің әскерлеріне қарсы ерлікпен соғысты. Көтеріліске 8 мыңдай қарулы жасақшылар қатысты. Тек Петербургтен, Тверьден және басқа қалалардан көп әскерлер алдырғаннан кейін ғана патша өкіметінің көтерілісті басуға шамасы келді.

Советтерді большевиктер басқарған қалалардың жұмысшылары Москва пролетариатының көтерілісін қызу қолдады. Сормовода, Мотовилихада, Самарада, Дондағы Ростовта, Екатеринодарда, Новороссийскіде,

Сочиде, Красноярскіде, Читада, Хабаровскіде, Горловкада, Александровкада, Луганскіде, Киевте, Харьковта және басқа қалаларда жұмысшылардың қарулы көтерілістері болды.

Алайда декабрь қарулы көтерілісін пролетариаттың бір жолғы, бір тұтас бүкілроссиялық көтерілісіне ұластыруға шама келмеді. Мұның өзі патша өкіметіне жұмысшылардың бытыраңқы қыймылдарын қанжосылтып, қаталдықпен басуға мүмкіндік берді.

Декабрь қарулы көтерілісі бірінші орыс революциясының дамуының жоғарғы шыңы болды. Бұл көтеріліс патша өкіметіне қарсы, демократиялық республика орнату күресіндегі халықтың көсемі — пролетариаттың саяси сапасының аса мықтап өскенін көрсетті.

«Бүкіл дүниежүзілік тарихта, — деп көрсетті В. И. Ленин, — революциялық күрес алғаш рет жоғары өрлегені және күшейгені соншалық, қарулы көтеріліс, ерекше пролетарлық құрал болып табылатын бұқаралық стачкамен қосыла шықты. Барлық пролетарлық революциялар үшін бұл тәжірибенің дүниежүзілік маңызы бар екендігі айқын» (Шығармалар, 31-том, қазақшасы, 346-бет).

1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісі, жақсы ұйымдасып, біржолы көтеріле қыймыл жасаған және революциялық күрестің бүкіл майданына Коммунистік партия түгелдей басшылық еткен жағдайда күрестің табысты болуы қамтамасыз етілетінін көрсетті.

* * *

Декабрь қарулы көтерілісінің жеңілуінен кейін революция өзінің дамуының екінші дәуіріне — революциялық толқынның бірте-бірте бәсеңдеп, реакцияның күшеюі дәуіріне өтті.

Декабрь көтерілісін басып, американ империалистерінің көмегімен Жапониямен бойғақорлық бітім жасасқаннан кейін патша өкіметі өз әскерінің негізгі күштерін революцияны басуға жұмсады. Патша өкіметі террор жүргізу, жаппай жазалау, погромдар жасау және жазалаушы экспедициялар шығару жолымен жұмысшы табының революцияшыл авангардын қырып-жоюға, сөйтіп бүкіл халықты қорқытуға тырысты. Мемлекеттік думаны шақыру арқылы патша өкіметі революциялық қозғалысты бөлшектеп нашарлатуды, шаруаларды алдап, оларды пролетариаттан бөлектеуді көздеді. Бұл істе оған либералдық буржуазия және оның кадеттер партиясы, сол сыяқты, кадетшіл буржуазияның соңында салпақтаған меньшевиктер көмектесті.

Меньшевиктер революцияны бітті деп есептеп, жұмысшы табының бұқаралық революциялық қыймылдарын қолдауға қарсы шықты. Олар пролетарлық қозғалыстың түпкі мақсаты — социализмнен (программа — максимум) ғана емес, программа — минимумның талаптарынан да: 8 сағаттық жұмыс күнінен, демократиялық республика орнатудан, помещиктердің жерін конфискациялаудан да бас тарта бастады.

Революциялық күрестен бас тартып, меньшевиктер астыртын революциялық партияға және оның программасына қарсы шықты, олар программасы патша өкіметіне ыңғайлы жария партияны жақтады. Олардың пікірінше, партиядан тысқары барлық пролетарлық және ұсақбуржуазиялық ұйымдарды қамтыйтын «жұмысшы съезі» — міне осындай партия болуға тиісті еді.

В. И. Ленин бастаған большевиктер патша өкіметінің, кадеттердің, меньшевиктердің және барлық ұсақ буржуазиялық партиялардың таратқан конституциялық жалған үміттеріне қарсы, келісімпаздардың оппортунизміне қарсы күресті.

Революцияны бітті деп есептемеген большевиктер бұқараны жаңа көтеріліске әзірлеу жұмысын кеңінен жүргізді. Декабрь қарулы көтерілісінің тәжірибесін есепке алып, олар жауынгерлік және әскери ұйымдарды

нығайтуға, олардың жұмысын күшейтуге, жұмысшыларды қаруландыруға көп көңіл бөле бастады. Партияның Орталық Комитеті жанындағы, шетелдерден қару-жарақ сатып алып, оларды Россияға өткізуді, елдің өз ішінде қару-жарақ жасауды, жауынгерлік жасақтарды нығайтып, үйретуді басқаратын Орталық жауынгер топ бұл жұмысты кеңінен жүргізді. Мысалы, Семенников заводының (Петербург) жауынгер жасағында 1906 жылдың аяғында 241 винтовка, 125 әртүрлі бомба, 67 револьвер, бір пулемет болды. Жауынгер жасақтар большевиктердің меньшевиктерге, әсерлерге және анархистерге қарсы қатты күресі жағдайында нығайтылды.

Декабрь қарулы көтерілісінің сабақтарын ескере отырып, большевиктер әскер арасындағы жұмысты күшейтті. 1906 жылы армия мен флотта 80 жалпыпартиялық және 48 арнаулы әскери социал-демократиялық ұйымдар мен топтар жұмыс жүргізді. 1906 жылдың аяғында партияның әскери және жауынгерлік ұйымдарының бірінші Бүкілроссиялық конференциясында әскери ұйымдар бір тұтас Бүкілроссиялық әскери ұйымға біріктірілді.

Жұмысшылар мен шаруалар қозғалысының және большевиктік партия жүргізген зор жұмыстың әсерімен армия мен флотта революциялық қыймылдар күшейді. 1906 жылдың алғашқы тоғыз айы ішінде армия мен флотта 21 көтеріліс болды, бұған 30 мыңдай адам қатысты, 230 ірілі-ұсақты революциялық қыймылдар болды, оған 124 мың солдат пен матрос қатысты. Свеаборгтегі, Кронштадтағы және «Память Азова» крейсеріндегі (Балтық флоты) көтерілістер 1906 жылғы неғұрлым ірі қарулы көтерілістер болды.

Декабрь қарулы көтерілісінің сабақтарын ескере отырып, большевиктік партия деревнядағы жұмысты күшейтті, мұның нәтижесінде оның шаруалар бұқарасына ықпалы едәуір өсті. 1906 жылы шаруа қозғалысы неғұрлым кең өріс алып, барлық уездердің жартысына жуығына жайылды. Көптеген аудандарда (Прибалтика, Украина, Грузия) шаруа қозғалысы қарулы көтерілістерге ұласты. 1906 жылы шаруалардың 2600 қарсылық қыймылы болды. Ауылшаруашылық жұмысшыларының стачкалары көбейді, оған 2 миллион адам қатысты.

Революцияның дамуының нақтылы-тарихи жағдайларына сәйкес өзгеріп отырған дұрыс лениндік тактика большевиктік партияның ықпалының өсуін, оның революциядағы басшылық ролінің күшеюін камтамасыз етті. Егер 1905 жылы большевиктердің тактикасы бұқараны патша өкіметіне тура шабуылға тікелей әзірлеуді көздесе, революция бәсеңдеген жағдайда большевиктер ұйымшылдықпен шегіну, бұқара арасындағы жұмыстың жария және астыртын формаларын ұштастыра отыру тактикасына көшті.

Бірінші орыс революциясы жылдарында В. И. Ленин белгілеген думалық тактиканың зор маңызы болды. Бұл тактика шаруаларды өз жағына аударуды, Думада жұмысшы табы мен шаруалар өкілдерінің революциялық блогын жасауды, шаруаларды либералдық буржуазияның ықпалынан шығаруды көздеді. Большевиктік тактика, парламенттегі жұмысты пролетариаттың күресінің басты формасы деп таныған меньшевиктер мен II Интернационал оппортунистерінің тактикасынан түбірінен өзгеше болды.

Партия күштерінің бірлігі туралы, пролетарлық партияны біріктіру туралы жұмысшылардың талаптарын қолдап, большевиктер меньшевиктерге партияның бірігу съезін шақыруды ұсынды. Жұмысшылар бұқарасының тегеурінімен меньшевиктер мұндай съезді шақыруға амалсыздан ризалық білдірді. РСДЖП IV съезінде (1906 жылғы апрель) большевиктер мен меньшевиктер тек қана формальды бірікті. Шын мәнісінде олар дербес ұйымдар болып қалды. IV съезде сайланған меньшевиктік Орта-

лық Комитет өзінің оппортунизмін, бұқараның революциялық күресіне мүлде басшылық ете алмайтынын барған сайын айқын көрсете берді. Жергілікті социал-демократиялық ұйымдардың көпшілігі большевиктер жағына шықты.

1907 жылғы майда жыйналған РСДЖП V съезі большевиктік шешімді қабылдап, партияны іс жүзінде біріктіру жолында ілгері ірі қадам басты, бұл жолы бірлік большевизм жалауы астында жасалды.

Съезде В. И. Лениннің «Буржуазиялық партияларға көзқарас туралы» баяндамасы бойынша қабылданған шешімдердің аса зор маңызы болды. Бұл мәселе, деп жазды В. И. Ленин, съездің барлық принциптік мәселелері қатарында ғана емес, жалпы барлық жұмыстар ішінде де ең басты мәселе болып алға қойылды. Оның мұндай кең алға қойылуы тегін емес еді, өйткені большевиктер мен меньшевиктердің пролетарлық емес партияларға көзқарасына әртүрлі баға беру революцияның басталған кезінен-ақ пролетариаттың бірінші орыс революциясындағы саясатының (тактикасының) барлық мәселелеріндегі қарама-қарсы екі бағытты белгіледі.

В. И. Ленин өзінің баяндамасында меньшевиктердің оппортунистік саясатын өлтіре сынап, большевиктердің революциялық саясатын жаижақты дәлелдеді, сөйтіп, пролетариаттың революциядағы гегемониясы туралы, пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық революциядағы одақтастары туралы ілімді онан әрі дамытты. В. И. Ленин либералдық буржуазияның контрреволюцияшылдығын, оның жалған либерализмін, оның өтірік демократияшылдануын, оның пролетариаттан өлердей қорқатынын, сол себепті орыс буржуазиясы революцияға қарсы күресте патша өкіметімен келісуге жол іздейтінін ерекше күшпен ашып көрсетті.

Бірінші орыс революциясында тап күштерінің бөлінуіне талдау жасап, В. И. Ленин мынадай қортындыға келді: «Пролетариат алда болды, шаруалар, азды-көпті батыл түрде, самодержавиеге қарсы және бұлтақтаған либералдарға қарсы пролетариаттың соңынан ерді» (Шығармалар, 12-том, казакшасы, 453-бет).

Партияның V съезі меньшевиктердің ұсынысын қабылдамай, большевиктердің қарар жобасын қабылдады, бұл қарарда пролетарлық емес партиялардың бәріне — каражүздіктерге, октябристерге, кадеттерге және эсерлерге лениндік баға беріп, бұл партиялар жөніндегі революциялық тактиканы тұжырымдап белгіледі.

* *
*

Бірінші орыс революциясы дәуірінде тек большевиктер ғана елдегі бірден-бір революциялық марксистік күш болып шықты. Олар өздерінің қыйын жағдайда, тап күштерінің арасалмағы тез өзгеріп отыратын жағдайда жұмысшы қозғалысына, бұқараның революциялық өрлеуіне дұрыс басшылық етіп, оларды ұрысқа батыл бастай алатынын, керек уақытында революциялық күштерді соққының астынан аман алып шығып, оларды жаңа ұрыстар үшін сақтай білетінін көрсетті.

Большевиктердің бірінші орыс революциясы жылдарында халық бұқарасының революциялық күресіне басшылық етуде алған орасан мол тәжірибесі 1917 жылы социалистік революцияны жеңіске жеткізу, пролетариат диктатурасын орнату күресінде ойдағыдай пайдаланылды. СОКП-ның бүкіл дүниежүзілік-тарихи тәжірибесін шетелдік коммунистік партиялар мен жұмысшы партиялары кәзіргі жағдайда да бейбітшілік, демократия, социализм жолындағы күресте ойдағыдай пайдалануда.

Маркс пен Энгельстің қоғамдық-саяси қызметінің алғашқы дәуірі

(К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының екінші басылуының бірінші томының шығуына)

С. ТОЛЫБЕКОВ, Л. РАХЛИС,

экономика ғылымдарының кандидаттары

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің қаулысы бойынша, СОКП Орталық Комитеті жанындағы Маркс—Энгельс—Ленин—Сталин институты К. Маркс пен Ф. Энгельстің Шығармаларын екінші рет бастырып шығаруға кірісті. Кәзір оның бірінші томы шықты. Бұл жаңадан басылуында Шығармалар 30 томнан (32 кітаптан) құралады. Ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылардың шығармалары жеке томдарға бөлініп, томдар ішінде олардың жазылған немесе жарияланған уақытына сәйкес тәртіппен басылады. «Капиталдың» және «Қосымша құн теорияларының» томдары ғана бұл тәртіпке жатпайды. Өзара байланыстылығы және біртұтастығы ескеріліп, олар хронологиялық тәртіпсіз басылады. Шығармалардың екінші басылуының барлық томдарының қажетті анықтама материалдары болады.

К. Маркс пен Ф. Энгельстің Шығармаларын екінші рет бастырудың зор саяси және теориялық маңызы бар. К. Маркс пен Ф. Энгельстің Шығармаларының мұнан 26 жыл бұрын ССРО-да бірінші рет басылуы марксизмнің негізін қалаушылардың еңбектерін ол уақыт үшін неғұрлым толық жариялағандық болды. Оған авторларының тірі кезінде басылған еңбектерінен тыс, олардың қайтыс болуынан кейін жарияланған бірсыпра шығармалары, оның ішінде алғаш рет тек Совет Одағында жарияланған еңбектері, мәселен, Маркс пен Энгельстің «Неміс идеологиясы», Энгельстің «Табиғат диалектикасы» және басқалары енгізілді. II Интернационалдың тексерімпаздары бұл, терең революциялық мазмұнды шығармаларды жарыққа шығармай, еңбекшілер қалың бұқарасынан жасырып келді.

Дегенмен Шығармалардың бірінші басылуында елеулі кемшіліктер болды. Бұл басылуының кейбір, әсіресе алғашқы томдарында аудармада, қолжазбаларды анықтауда бұрмалаушылыққа және көмескілікке жол берілді. Сол сыяқты алғысөздерде, көрсеткіштерде және басқа анықтама материалдарда қателер кетті. Шығармаларды бастырудың тақырыптық және хронологиялық принциптері бұзылды.

СОКП Орталық Комитеті жанындағы Маркс—Энгельс—Ленин—Сталин институты Шығармалардың бірінші басылуында болған кемшіліктерді жою жөнінде едәуір жұмыс істеді. Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді жоюдан тыс Шығармалардың екінші басылуының бірінші басылуынан бір өзгешелігі мынада: бұрын қателесіп, Маркстің және Энгельстің шығармалары деп есептелген, дұрысында басқа авторлардыкі, оның ішінде В. Вольфтікі, Э. Дронкенікі болған бірқатар мақалалар бұл екінші басылудан шығарылды. Жаңадан басылуына, бірінші басылуында болмаған бірсыпра еңбектер енгізілді. Олардың ішінде: Маркстің «Капиталының IV томының («Қосымша құн теориялары») аяқталмаған қолжазбасы, Энгельс жасаған «Капиталдың» бірінші томының конспекті», 1848—1849 жылдарда өздері шығарып тұрған «Жаңа Рейн газетінде», чартистердің орталық органы «Солтүстік жұлдыз» газетінде және басқа мөзімді баспасөз органдарында Маркс пен Энгельс жариялаған бірсып-

ра мақалалар бар. «Капиталдың» IV томының аяқталмаған қолжазбасын кезінде Каутскийдің бастырғаны, бірақ оны бұрмалап бастырғаны мәлім. «Капиталдың» IV томының қолжазбасы Маркс пен Энгельстің Шығармаларының екінші басылуына Маркс даярлаған қалпында енгізілді. Бұлардан тыс Шығармалардың жаңа басылуына марксизмнің негізін қалаушылардың бірқатар документтері, олардың Интернационалдағы қызметі дәуіріне жататын документтері енгізіледі.

Бұл мақалалар мен материалдарды оқып үйренудің біздің елімізде де, шетелдерде де оқушылар қалың көпшілігі үшін ерекше маңызы бар. Бұл мақалалар мен материалдарда Маркс пен Энгельстің қызметінің ерте дәуіріндегі олардың революциялық күресіне, оның ішінде Германияны демократиялық республика етіп біріктіру, барлық революциялық күштерді капиталға қарсы топтастыру жолындағы күресіне қатысы бар көптеген сұрауларға жауап берілген.

Маркс пен Энгельстің шығармаларында орасан мол идеялық байлық жыйналған; онда жұмысшы табының және барлық еңбекшілердің капиталистік құлдыққа қарсы күресінің мол тәжірибесі қорытылған. Бұл байлықты тек марксизм-ленинизм классиктерінің мәңгі жасайтын еңбектерін терең үйренгенде ғана меңгеруге болады. Сондықтан да Коммунистік партия Маркстің, Энгельстің, Лениннің, Сталиннің еңбектерін ССРО-дағы барлық халықтардың тілдерінде бастыруға үнемі қамқорлық жасап отырады.

Бүкілодақтық кітап палатасының мәліметі бойынша, 1917 жылдан 1954 жылға дейін ССРО-да басылып шыққан Маркстің, Энгельстің, Лениннің және Сталиннің еңбектерінің жалпы тиражы бір миллиард данадан асады. К. Маркс пен Ф. Энгельстің аса маңызды шығармалары бұл уақыттың ішінде миллиондаған тиражбен шығарылды. К. Маркстің мәңгі жасайтын еңбегі — «Капитал» 5 миллиондай тиражбен 120-дан астам рет басылды, «Коммунистік партияның манифесті» ССРО-да барлығы 12 миллионнан астам тиражбен 326 рет басылды.

* * *

Революциялық ойдың алыптары К. Маркс пен Ф. Энгельстің ілімі сан миллион қалың бұқараның капиталистік құлдықтан бақытты болашаққа — коммунизмге өту жолын өз сәулесімен нұрландырып отыр. Ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылар адамзатқа біткен прогрестік ойдың табыстарын сын көзімен тексеріп, философияда, экономикада, тарихта және басқа қоғамдық ғылымдарда революциялық төңкеріс жасады.

«Маркстің бүкіл данышпандығы, — деп жазды В. И. Ленин, — нақмынада: ол адамзаттың озат ойының бұрыннан алға қойған сұрақтарына жауап берді... Маркстің ілімі — ең күшті ілім, өйткені ол дұрыс ілім. Ол ілім — адамдарға жоққа сенудің қандайымен болса да, реакцияның қандайымен болса да, буржуазиялық езгіні қорғаудың қандайымен болса да ымыраласпайтын тұтас көзқарас беретін толық және жүйелі ілім. Ол ілім — адамзаттың XIX ғасырда жасаған неміс философиясы, ағылшын саяси экономиясы, француз социализмі сыяқты таңдаулы ілімдердің заңды мирасқоры» (Шығармалар, 19-том, қазақшасы, 3—4-беттер).

Пролетариаттың азаттық қозғалысының идеологиясы, оның түбірлі мүдделерінің ғылыми көрінісі ретінде марксизм XIX ғасырдың 40-жылдарында, Батыс Европа елдерінде капиталистік өндіріс дамып, буржуазия мен пролетариат арасында тап қайшылықтары шиеленіскен, сөйтіп, пролетариат прогрестік, дәйекті революцияшыл тап болып, саяси күрес майданына шыққан кезде пайда болды.

Марксизмнің басты және принциптік ерекшелігі, оның өзінен бұрынғы прогрестік ілімдерден сапалық өзгешелігі — марксизмнің пролетариаттың революциялық ілімі болып табылатындығында. Марксизм Герма-

нияда туды, бірақ оның дамуы халықаралық жұмысшы қозғалысымен байланысты. Пролетариаттың алғашқы ірі-ірі қыймылдары: Францияда Лион тоқымашыларының көтерілістері, Англия жұмысшыларының жалпы саяси қозғалысы — чартизм, Германияда Силезия тоқымашыларының көтерілісі нақ сол дәуірде, XIX ғасырдың 30 — 40-жылдарында болды.

Маркс пен Энгельстің асқан ұлы еңбегі — олардың коммунизмді утопиядан ғылымға айналдырғандығында. Капиталистік өндірістің пайда болу, даму және күйреу заңдарын ашып, олар социалистік революцияның жеңуі және пролетариат диктатурасының орнатылуы нәтижесінде капиталистік өндірістің орнына революциялық жолмен социализмнің сөзсіз орнайтындығын ғылыми дәлелдеді. Жұмысшы табының ұлы ұстаздары капитализмнің көрін қазушы, капитализм орнына революциялық жолмен социализм орнатуға тиісті тап — пролетариаттың бүкіл дүниежүзілік-тарихи ролін ғылыми дәлелдеді. Сөйтіп, Маркс пен Энгельс жұмысшы табын және барлық еңбекшілерді капиталистік құлдыққа қарсы, коммунизм жолындағы күресте күшті идеялық құралмен қаруландырды.

Марксизмдегі ең басты мәселе — пролетариат диктатурасы туралы ілім. Маркс пен Энгельс капитализмнен социализмге өту дәуірі туралы, коммунистік қоғамның дамуының екі фазасы туралы ілімді жалпы түрде жасады.

Маркстік теория қоғам тұрмысына қатысы бар білімнің елеулі әрбір саласындағы әрбір сұраққа айқын жауап берді. Ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылардың мәңгі жасайтын еңбектерінің ұлы күші — олар дамытқан теориялардың қоғамдық дамудың объективтік заңдарына сай келетіндігінде.

Маркстік теорияның негізгі белгілерін сипаттай келіп, В. И. Ленин Маркстің экономикалық ілімі марксизмнің басты мазмұны, «Маркс теориясының ең терең, әртарапты дәлме-дәл расталып, қолданылуы, оның экономикалық ілімі болып табылатынын» көрсетті (Шығ., 21-том, 48-бет).

Ғылыми саяси экономия тек Маркс пен Энгельс заманында туды. Олар мұны қоғамның ең озат табының мүдделерімен, пролетариаттың мүдделерімен байланыстырды. Маркс пен Энгельс адамзаттың тарихы өзара ешқандай байланысы жоқ жеке құбылыстар мен оқиғалардың кездейсоқ жыйынтығы емес, қоғамдық тұрмыстың барлық құбылыстары мен оқиғалары өзара байланысты болып, белгілі заңдар бойынша дамып отыратын заңды процесі болып табылатынын көрсетті. Қоғам тұрмысының негізі — адамдардың тіршілігіне керекті материалдық өндіріс, материалдық игіліктердің өндірісі. Қоғамдық құрылыс формасының ауысуы мүмкін, экономикалық және саяси жағдайлардың ауысуы мүмкін, бірақ өндіріс әрдайым адамзат қоғамының өмір сүруінің қажетті шарты болып қала береді.

Маркстің экономикалық теориясының ірге тасы — қосымша құн теориясы. Маркс бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісінің айналымының теориясын жасады. Бұл теорияның негізгі қағидалары барлық қоғамдық-экономикалық формациялар үшін күшінде болып отырады.

Маркс пен Энгельс өздерінің теориясын әрдайым — дамып отыратын теория, іске басшылық деп таныды. Олар монополияға дейінгі капитализм дәуірінде, капитализм әлі өрлеп, дамып келе жатқан кезде өмір сүрді. Маркс — Энгельстің ілімі В. И. Лениннің еңбектерінде онан әрі творчестволықпен дамытылды. Ленин тарихи дамудың орасан мол жаңа тәжірибесін қорытты және марксизмнің қадірін кетіруге, оның революциялық мазмұнын жоюға тырысқан II Интернационалдың оппортунистеріне қарсы күресте бұл мәңгі жасайтын ілімді қорғап қалуының үстіне, оның барлық құрамды салаларын онан әрі дамытты.

Ленинизм — марксизмнің онан әрі дамытылуы, империализм және пролетарлық революциялар заманының марксизмі. Империализмнің экономикалық және саяси мәніне терең ғылыми талдау жасап, Ленин социа-

листік революцияның жаңа тұжырымды теориясын жасады, пролетариат диктатурасының ең дұрыс саяси формасы ретінде Совет өкіметін ашты, елімізде социализм және коммунизм орнатудың негізгі проблемаларын тексеріп шешті. Ленин жұмысшы табы мен шаруалар одағының капитализмді құлатып, коммунистік қоғам орнатудағы ұлы маңызын дәлелдеді, марксизмнің тарихында алғаш рет пролетарлық революцияшыл партия— жаңа тұрпатты партия туралы ілімді жасады.

Лениннің ісін алға апарушы И. В. Сталин Маркстің — Энгельстің — Лениннің еңбектеріне сүйене отырып, маркстік-лениндік теорияны онан әрі дамытты, бұл теорияны тарихи дамудың жаңа кезеңіне сәйкес бірсыпра жана қағидалармен байытты.

ССРО-дағы социализм құрылысының және социализмнен коммунизмге өтудің практикасын, халықтық демократия елдеріндегі социализм құрылысының практикасын, капиталистік елдердегі жұмысшы табы мен еңбекшілер бұқарасы күресінің тәжірибесін, колониялар мен тәуелді елдер халықтарының ұлттық-азаттық күресінің тәжірибесін қорытатын маркстік-лениндік теорияның творчестволықпен дамытылуы Совет Одағының Коммунистік партиясының шешімдерінде, туысқан коммунистік және жұмысшы партияларының шешімдерінде, сол сыяқты барлық елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары басшыларының еңбектерінде айқын көрінді.

Марксизмнің пайда болуынан бері жүз жылдан артығырақ уақыт өтті. Марксизм Европа мен Азияның бірсыпра елдерінде үстем идеологияға айналды. Оның мәңгі жасайтын идеялары өмір сүруде және ғасырлар бойына өмір сүреді. Совет Одағы Коммунистік партиясының бүкіл жарты ғасырлық тарихы — жүзеге асырылып жатқан марксизм-ленинизм. Шетелдердің коммунистік және жұмысшы партияларының берік күшке айналуының себебі — олар марксизм-ленинизм теориясының мызғымас негізінде туды, оның идеяларының кіршіксіз тазалығы үшін жүргізілген ымырасыз күресте шынықты, олар өздерінің қызметінде әрдайым Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің мәңгі жасайтын ілімін басшылыққа алып отырады.

Марксизм-ленинизм бүкіл дүние жүзіндегі революциялық-азаттық қозғалыстың бағыттаушы және пәрменді ұлы күшіне айналды. Сол себепті де Маркс пен Энгельстің Шығармаларын екінші рет бастырудың маңызы онан сайын ұлғая түседі.

* * *

К. Маркс пен Ф. Энгельстің Шығармаларының бірінші томына Маркстің 1842 — 1844 жылдарда, Энгельстің 1839 — 1844 жылдарда жазған еңбектері енгізілді. Марксизмнің негізін қалаушылардың өмірінің бұл дәуірінде олардың әрқайсысы бір-біріне байланыссыз, өздігінен идеализмнен материализмге, революциялық демократизмнен коммунизмге көшті. Бұған ол кезде қоғамдық өмірде болған ілгерілеу және өзгерістер себеп болды. Өндірістің капиталистік тәсілінің дамуымен бірге пролетариат дербес саяси күшке айнала отырып, өсіп дамыды, пролетариат пен буржуазия арасындағы қайшылықтар шиеленісті. Жұмысшы табының саяси күрес майданына шығуы Марксті күрделі әлеуметтік-экономикалық проблемалар жайында қатты ойландырды.

«Рейн газеті» Маркстің озат идеяларды насихаттауына трибуна болып қызмет етті. Ол бұл газеттің бетінде, 1848 жылғы буржуазиялық революцияның қарсаңында Пруссияны және бүкіл Германияны жайлаған өзгіге, қанаушылыққа, қаратүнекке қарсы күшті саяси күрес жүргізді. Шығармалардың бірінші томына енгізілген Маркстің еңбектерінің едәуір бөлегі — оның осы «Рейн газетінде» басылған мақалалары. Ол кезде шын революцияшыл демократ болған Маркс өзінің мақалаларында

(«Алтыншы Рейн ландтагіндегі айтыстар», «Мозель тілшісінің ақталуы» және басқаларында) реакциялық тәртіптерді, Пруссия үкіметінің және оның чиновниктерінің халықтың күнбе-күнгі мұқтаждарына рақымсыздықпен қарау фактілерін, ландтагтің феодалдық аристократия мен буржуазияға жағымпаздануын әшкереледі.

«Рейн газетінде» жарияланған алғашқы мақаласының өзінде («Баспасөз бостандығы туралы және сословиелік жыйналыстың протоколдарын жариялау туралы айтыстар») Маркс халықтың мүдделерін тайсалмай қорғады, оның тәуелсіздігін және еріктілігін қорғады. «Ерте замандағы афиндер сыяқты, — деп жазды Маркс, — қошеметшілерді, арамтамақтарды, жағымпаздарды — халықтың ақыл-ойына қайшы келетін қыяқелділер деп, диуаналық деп таныйтын ел — тәуелсіздік және еріктілік елі. Ал өткендегі ескі заманның барлық халықтары сыяқты, ойлау және ақиқатты айту правосын тек сарай шайқымазақтарына беретін халық тек тәуелді және өзіне иелік ете алмайтын халық бола алады» (Шығармалар, 1-том, 36-бет).

Маркс өмірді әралуан түрінде шындықпен суреттейтін, сөйтіп бұқараның саяси санасын оятатын баспасөз үшін күресуге шақырады. Ол баспасөз бостандығын — адамның жалпы бостандығының бір түрі деп таныйды. Ол реакциялық үкіметтік баспасөзге, халықтың қызметінде болатын, оның үміті мен қорқынышына, оның сүйіспеншілігі мен жеккөруіне, оның қуанышы мен қайғысына адалдықпен ортақтасатын баспасөзді қарсы қояды. 1842 жылдың күзінен бастап Маркс басқарған «Рейн газеті» осындай шын халықтық баспасөз болды.

Егер «Рейн газетінде» басылған алғашқы мақалаларында Маркстің халыққа сүйіспеншілігі, оның сол кездегі тәртіпке қарсылық ызасы көрінсе және оның халық бостандықтарын қорғаған дауысы мейлінше күшті естілсе, сол газетте басылған кейінгі мақалаларында Маркс енді еңбекшілер бұқарасының адамзат тарихындағы шешуші ролін ұғынуға қоян-қолтық келеді. «Ормандағы ағашты ұрлау туралы заң жайындағы айтыстар» деген мақаласында Маркс, провинцияның бүкіл халқының мүдделерін емес, орман иелерінің жеке мүдделерін қорғаған сословиелік өкілдіктің шіріктігін және жалғандығын толық көрсетеді. Ландтаг мақұлдаған шаруаларды ормандағы ағаштарды кескені үшін қатты жазалау туралы заң жобасын Маркс — адамдарды ағаш иелері үшін құрбандық ететін жолсыз, қатал заң деп атады.

«Біздің сословиелер өкілдері, — деп жазады Маркс, — өздерінің сословиелер өкілдері ретіндегі міндетін атқарды, бірақ біз оларды мұнымен ақтау ниетінен аулақпыз. Рейн провинциясының тұрғыны олардағы сословиені, адам орман иесін жеңуге тиісті еді. Заңның өзі оларға жеке мүдделердің өкілдігін ғана емес, провинция мүдделерінің де өкілдігін де берді, сондықтан, бұл екі міндет бір-біріне қайшы келе тұрса да, бұлар қабат келген күнде, бір минут қобалжымастан, жеке мүдденің өкілдігін провинцияның өкілдігі жолына құрбан ету керек еді» (Шығармалар, 1-том, 159 — 160-беттер).

Маркстің «Рейн газетінде» жарияланған мақалалары оның экономикалық қызметіне алғаш рет қозғау салды. Энгельстің айтуынша, Маркс кейіннен оған «ормандағы ағаштарды ұрлау туралы заңды және Мозель шаруаларының қал-жайын зерттеудің өзі оны бірыңғай саясаттан экономикалық қатнастарға, сөйтіп, социализмге көшуге ұмтылдырғанын» талай рет айтқан. Бұған «кедей, саяси және әлеуметтік сыбағадан құр қалған Германия қалың бұқарасының» күйзелген ауыр халін зерттеу ғана емес, сол сыяқты, ол кездегі Англия мен Франция сыяқты, неғұрлым дамыған капиталистік елдердегі тап күресінің шиеленісу фактілері де себеп болды.

Маркстің дүниеге көзқарасының қалыптасуы үшін оның «Рейн газетіндегі» қызметінің орасан зор маңызы болды. В. И. Лениннің сөздері-

мен айтқанда, «мұнда Маркстің идеализмнен материализмге және революциялық демократизмнен коммунизмге өтуі байқалады» (Шығармалар, 21-том, қазақшасы, 69-бет).

Шығармалардың жаңадан басылуының бірінші томында Маркстің «Гегельдік право философиясына сын жайында» деген қолжазбасы алғаш рет толық жарияланды. Бұл еңбегінде ол мемлекет туралы мәселелерді тексеріп, Гегельдің мемлекетке реакциялық, идеалистік көзқарастарын қатты сыпайды.

Маркстің асқан ұлы еңбегі мынада: ол мемлекеттің және қоғам тұрмысының материалдық жағдайларының өзара байланыстылығын ашып, мемлекеттік формалар сыяқты, праволық қатнастар да материалдық қатнастардан туатынын көрсетті. Саяси мемлекетті бастапқы деп есептеген Гегельге қарсы шығып, Маркс материалдық қатнастар бастапқы екенін, адамзаттың тарихи дамуын түсіну кілтін адамдар арасындағы экономикалық қатнастардан іздеу керек екенін көрсетті.

Сөйтіп, Маркс сол дәуірдің өзінде диалектикалық материализм жолына біржолата түсті. Гегельдің идеалистік системасымен бірге оның диалектикалық методын да керексінбей тастаған Фейербахтан өзгеше Маркс Гегельдің диалектикасын материалистік тұрғыдан қайта жасап, ғылым ретіндегі социализмнің орнатушысы, материализмнің оған дейінгі барлық формаларынан үздік бай мазмұнды және дәйекті осыкүнгі материализмнің орнатушысы болды.

Өзіне біткен данышпандықпен Маркс Гегельдің идеалистік системасы оны үкімет билігінің мәнін теріс ұғынуға әкеп соқтырғанын, Гегель үкімет билігін — барлық қайшылықтарды бітістіретін «жалпыға бірдей» күштің иесі деп сипаттағанын көрсетті. Сол себепті Гегель монархияны, сословиелік құрылысты, бюрократияны қорғады. Таптық мүдделердің шын мәнісіндегі қарама-қарсылығының қайдан туатынын көрмегендіктен, Гегель бұл қайшылықтарды шешуге тырысып әлектенеді. Ол халық билігін танымайды. Гегельге қарама-қарсы Маркс халықтық билік принципін, халықтың өзінің мемлекеттік құрылысын өзгерту правосын қорғайды.

Маркс 1843 жылы Парижға көшкеннен кейін ол мұнда тікелей ғылыми жұмыс жүргізумен қатар жұмысшы ұйымдарымен кең байланыс жасап, жұмысшы табының тұрмысымен және күресімен танысты. Мұның өзі Маркстің дүниеге көзқарасының онан әрі қалыптасуында белгілі роль атқарып, оның идеализмнен материализмге, революциялық демократизмнен коммунизмге біржолата көшуіне көмектесті. Маркстің өміріндегі бұл аса маңызды бұрылыс кезең оның, 1844 жылғы февральда Парижда К. Маркстің және А. Ругенің редакциясымен шыққан «Неміс-француз жылма-жылдық жыйнағындағы» қызметімен тұстас келді. Бұл жыйнақта жарияланған мақалаларда, Маркстің «Гегельдік право философиясына сын жайында» деген еңбегіндегі қағидалары онан әрі дамытылды.

«Еврейлер мәселесіне» деген мақаласында Маркс солшыл гегельшіл Бруно Бауэрдің көзқарастарын оның ұлт мәселесін идеалистік тұрғыдан түсіндіргені үшін қатты сынады. «Саяси азаттық» пен «адамдық азаттық» арасындағы айырмашылықты анықтай келіп, Маркс буржуазиялық және социалистік революциялар арасындағы айырмашылық туралы терең пікірді дамыта айтты. Тек адамдық азаттық, яғни социалистік революция ғана адамзатты өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктің езгісінен құтқара алады.

Маркстің «Неміс-француз жылма-жылдық жыйнағы» журналында басылған «Гегельдік право философиясына сын жайында. Кіріспе» деген мақаласы да — терең мағналығы және ой-пікірінің байлығы жағынан тамаша еңбек. Бұл мақалада Маркс алғаш рет пролетариат — социалистік революцияны жүзеге асыратын күш екенін көрсетті. Мұнда Маркс «бұқараны менгерісімен материалдық күшке айналатын» револю-

циялық теорияның маңызы туралы, «философия пролетариаттан өзіне материалдық қару табатыны сыяқты, пролетариаттың да философиядан өзіне рухани қару табатыны...» туралы қағидаларды тұжырымдайды.

«Неміс-француз жылма-жылдық жыйнағында» жарияланған мақалаларында Маркс енді пролетарлық революционер, прогресшіл, дәйекті революцияшыл тап — пролетариаттың, келешекке иелік ететін таптың идеологы болып майданға шығады.

* * *

К. Маркс пен Ф. Энгельс алғаш рет 1842 жылы, бұлар арасында тұрақты хат алыс-берісі жолға қойылғаннан кейін, танысты. Маркс пен Энгельстің 1844 жылғы даңқты кездесуінде олардың көзқарастарының толық бірлігі анықталды. Олардың творчестволық ынтымағы сол кезден басталды. Өзінің «Людвиг Фейербах және немістің классиктік философиясының ақыры» деген үздік шығармасына ескертуінде Энгельс былай деп жазды: «Әсіресе экономика және тарих саласындағы негізгі жетекшілік ойлардың орасан зор бөлегі және онан да көп, бұл ойлардың біржолата айқын тұжырымдалуы Маркстің сыбағасы. Менің еңгізгендерімді, мүмкін, екі-үш арнаулы саладан басқасын, Маркс менсіз де оңай істей алатын еді... Маркс біздің бәрімізден жоғары тұрды, алысты көрді, көп және тез шолыды. Маркс данышпан болды, біз, мықтағанда, — таланттармыз».

Энгельс Маркспен бірге — ғылыми коммунизм теориясының негізін қалаушылардың бірі. Маркс сыяқты, Энгельс те өзінің саяси жолын өткен ғасырдың 30-жылдарының аяқ шенінде революцияшыл демократ болып бастады. Энгельстің өз қызметінің ерте дәуіріне жататын данышпандық еңбектері оның Маркспен ынтымақтасып қызмет етуінен бұрында материалист болып, ғылыми социализм идеясына қоян-қолтық келгенін көрсетеді.

Шығармалардың бірінші томының Энгельстің еңбектеріне арналған бөлімі оның «Вуппертальдан хаттар» деген шығармасымен басталады. Бұл еңбекте осы қаладағы неміс жұмысшылары мен қолөнершілерінің ауыр халі суреттеледі. Энгельс неміс буржуазиясының екі жүзділігін, күлқыншылдығын әшкерелеп, реакцияны қатты тілдейді.

Энгельстің ерте кездегі еңбектері, еңбекшілердің қанын төгу, оларды азапқа ұшырату арқылы жүзеге асырылған Англияның өнеркәсіптік дамуына талдау жасауға арналған. Мұнда, Англияда, Энгельстің дүниеге материалистік көзқарасы, оның революциялық демократизмнен коммунизмге көшуі біржолата қалыптасты. Ол кезде Англия неғұрлым дамыған капиталистік ел болды, ондағы капиталистік өндірістің қайшылықтары неғұрлым ашық көрінді. Англияның экономикасын және жұмысшы табының жайын зерттеген кездерде Энгельстің көзқарастары біржолата тұжырымдалды. «Манчестерде тұрған кезімде, — деп жазды Энгельс, — мен бұған дейін тарих шығармаларында ешқандай роль атқармайтын немесе бишаралық роль атқаратын экономикалық фактілер, ең болмағанда, осы күнгі дүние үшін шешуші тарихи күш болып табылатындығына мұрныммен соғылдым дерлік дәрежеде кездестім» (К. Маркс және Ф. Энгельс. «Таңдамалы шығармалар», II том, 326-бет, 1925 ж.). Өзінің «Ішкі кризистер», «Саяси партиялардың позициясы», «Лондоннан хаттар» деген және басқа мақалаларында Энгельс Англияның экономикасы және әлеуметтік құрылысы мәселелеріне, жұмысшы табының жайына және роліне баса көңіл бөлді.

Энгельстің «Саяси экономияға сын жайындағы желі» деген тамаша еңбегі оның қызметінің алғашқы дәуірінде жазылды. Бұл еңбегінде ол капитализмнің негізгі қайшылығын — өндірістің қоғамдық сипаты мен иемденудің жеке меншікті капиталистік формасы арасындағы қай-

шылықты ашты. Бұл шығарманы Маркс — «данышпандық» очерк деп атады. Бұл еңбекте Энгельс «жеке меншік үстемдігінің лажсыз туған салдары болып табылатын кәзіргі замандағы экономикалық тәртіптің негізгі құбылыстарын социализм тұрғысынан қарап шықты» (В. И. Ленин. Шығармалар, 2-том, қазақшасы, 10-бет). Сөйтіп, Энгельс буржуазиялық саяси экономиканы сынаудың, бұл арқылы капиталистік қоғамды сынаудың да бастамасын жасады.

Жеке меншіктің ролін егжей-тегжейлеп тексерудің нәтижесінде Энгельс: жеке меншікке негізделген қоғамдық құрылыста бітпеспейтін қайшылықтар болмай қалмайды деген қортындыға келді. «Жеке меншіктің ең таяу нәтижесі, — деп жазды Энгельс, — өндірістің қарама-қарсы екі жаққа — табиғаттық және адамдық жақтарға, адам ұрықтандырмайынша өлік қалпында болатын, жеміс бермейтін жерге және өзінің бірінші шарты — нақ сол жерге сүйенетін адам қызметіне бөлінгендігі болды. Мұнан әрі біз адам қызметінің өз тарапынан еңбек пен капиталға бөлінгенін және бұл жақтары бір-біріне дұшпандықпен қарсы шыққанын көрдік» (Шығармалар, I том, 559-бет). Мұнда Энгельс Мальтустың адамды жеккөрушілік теориясының әлеуметтік мәнін әшкерелеп, оны — «табиғатқа және адамзатқа қарсы жексұрындық мысқыл» деп, «сұрқыялық, пасықтық доктрина» деп сипаттайды.

«Англияның жағдайы» туралы мақалалар қаңаушы таптарға қарсы бағытталған. Энгельс өндіріс құрал-жабдықтарын иемденуші буржуазияның толық саяси өкімет билігіне де иелік етіп отырғанын көрсетеді. Ол демократиялық теңдестік идеяларының мейлінше жасықтығын және жалғандығын әшкерелейді. «Қарапайым демократия, — деп жазады Энгельс, — әлеуметтік кеселдерді емдеп жаза алмайды. Демократиялық теңдестік — құрғақ-қыял, кедейлердің байларға қарсы күресін жалпы демократизм немесе саясат негізінде аяқтау мүмкін емес» (Шығ., 1-том, 642-бет).

* * *

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының бірінші томына енгізілген еңбектер марксизмнің негізін қалаушылардың материализмге және коммунизмге көшуін көрсетеді, бұл еңбектер — ғылыми ойдың ержету дәрежесі жағынан олардың кейінгі шығармалардан басқаша. Дегенмен бұл ерте кездегі еңбектердің де едәуір теориялық және саяси маңызы бар екені күмәнсіз. Бұл еңбектер барлық елдердің коммунистік және жұмысшы партияларының, жұмысшы табының дүниеге ғылыми көзқарасы қалай туып, қалай қалыптасқанын байқап айыруға мүмкіндік береді.

Колхоздарды басшы кадрлармен нығайта берейік

А. МОРОЗОВ,

*Қазақстан КП Орталық Комитеті ауылшаруашылық
бөлімінің меңгерушісі*

Коммунистік партия мен Совет үкіметі ауыл шаруашылығының барлық салаларын жедел өркендетуге үнемі қамқорлық жасап келеді. Партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын онан әрі дамыту мәселесіне арналған шешімдерінде зор міндет: жақын жылдарда елімізде астықтың жылдық жалпы өнімін кемінде 10 миллиард пұтқа жеткізу, мал шаруашылық өнімдерін екі — екіжарым есе арттыру, оwoщты, картопты және ауыл шаруашылығының басқа өнімдерін өндіруді шұғыл арттыру міндеті алға қойылған.

Бұл аса маңызды халықшаруашылық міндетті ауыр индустрияға сүйенгенде ғана орындауға болады. Барған сайын өскен мөлшерде үнемі дамып отыратын ауыр өнеркәсіп МТС-тарға, колхоздарға және совхоздарға ең жаңа ауылшаруашылық техникаларын және басқа материалдық-техникалық құралдар беріп отырады.

Жақын жылдардың ішінде өз дамуының едәуір жоғарғы сатысына көтерілуі үшін социалистік ауыл шаруашылығының барлық мүмкіндіктері бар. Бірақ іс өзінен өзі, басшылықсыз-ақ табысқа жетеді деп есептеу елеулі қате болар еді. Алға қойылған мақсатқа жетуге бұқараны жұмылдырмайынша, ауыл шаруашылығына басшылықты жақсартпайынша, колхоздарды, МТС-терді және совхоздарды маман кадрлармен нығайтпайынша, жасалып жатқан материалдық жағдайлар мен қолда бар мүмкіндіктер тиісті нәтиже бермейді.

Кәзір партия мен үкімет колхоздарды басшы кадрлармен нығайтуға ерекше назар аударып отыр. СОКП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумының шешімдерінде: «Партия, совет, ауылшаруашылық органдарының ауылшаруашылық кадрларын іріктеп алу қызметіндегі ең маңызды және әлі шешілмей келе жатқан мәселе—колхоз председателдері туралы мәселе болып келеді» деп көрсетілді. Колхоз председателі — артель шаруашылығында шешуші тұлға. Оған партия мен колхозшылардың сенімі жүктелген, ол солардың еркін тікелей жүзеге асырушы болып есептеледі. Егер колхоздың табысқа жетуі немесе сәтсіздікке ұшырауы, ең алдымен, колхоз председателінің басшылық сапасына байланысты десек, асырып айтқан болмаймыз.

Колхоз құрылысы ірі социалистік ауыл шаруашылығының шапшаң және жан-жақты дамуына шексіз мүмкіндіктер туғызды. Артта қалған колхоздардың озаттардың дәрежесіне жетуі үшін көптеген резервтері мен мүмкіндіктері бар. Бұл резервтерді іске қосу үшін ең алдымен, жақсы басшылар керек. Кәзір басты мәселе мынада: колхоздың басында істі білетін, жігерлі ұйымдастырушы, колхозшыларды ұйымдастыра алатын, шаруашылықтың барлық резервтері мен мүмкіндіктерін пайдалана білетін колхоз бұқарасының жетекшісі болуы керек.

Артель шаруашылығының басшылығында осы жоғары талапқа сай адамдар отырған жерде колхозшылар ауылшаруашылық дақылдарынан жоғары өнім алып, мал шаруашылығының өнімділігін арттырып отырғанын, мемлекетке ауылшаруашылық өнімдерін жылдан-жылға көп тап-

сырып, мұның өзі колхоздың ақшалай және басқа табыстарын молайтып, колхозшылардың әл-ауқатын арттырып отырғанын колхозды селонның өмірі көрсетіп отыр.

Біздің республикада тәжірибелі, өз ісін сүйетін басшылар болып есептелетін колхоз председателдері аз емес. Олардың бұқарамен жұмыс істеу, резервтерді тауып, іске қоса білу, колхоз өндірісінің мүмкіндіктерін пайдалану жөніндегі іскерліктерін, олардың табандылығын колхоздардың көптеген басшыларына (тіпті колхоздан басқалардың басшыларына да) үйренуге болатын үлгі ретінде тартуға болады. Олар, мысалы, Алматы облысы, Еңбекші-қазақ ауданы, Маленков атындағы колхоздың председателі Қапустин жолдас, Алматы ауданы Мичурин атындағы колхоздың басшысы Манько жолдас, Талдықорған облысы, Сталин атындағы колхоздың председателі Алдабергенов жолдас және көптеген басқа жолдастар.

Қазір партия ауыл шаруашылығын жаңадан күшті қарқынмен өркендету міндетін алға қойып отырған кезде, ең қысқа мерзім ішінде елімізде артта қалушы колхоздардың болмауын қамтамасыз ету керек болып отырған кезде экономика жөнінен әлсіз колхоздарды тәжірибелі басшы кадрлармен нығайтудың бірінші кезекті маңызы болып отыр. Соңғы біржарым жылдың ішінде Қазақстанда колхоз басшыларының қатарын ауыл шаруашылығының мамандарымен және ауыл шаруашылығын білетін партия, совет қызметкерлерімен толықтыру жөнінде бірсыпыра шаралар жүзеге асырылды. Қазір республикамызда 653 колхозды жоғарғы және орта білімі бар мамандар басқарады. Олардың ішінен 252-і СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан кейін жіберілді.

Осылай болғанмен республиканың кейбір облыстарында колхоздарды басшы кадрлармен нығайта беру жөніндегі жұмыс қанағаттанғысыз жүргізілуде. Қызылорда, Ақтөбе, Гурьев, Шығыс Қазақстан және басқа кейбір облыстардың көптеген артелінің басшылығында колхоз өндірісінің өркендеуін қамтамасыз ете алмайтын, көп салалы күрделі шаруашылыққа басшылық ете алмайтын адамдар отыр. Сондықтан да жоғарыда аталған облыстарда артта қалған колхоздардың көп екендігі таңғаларлық емес.

Кейбір жергілікті партия, совет органдары колхоздардың басшы кадрларын іріктеп алуда және тәрбиелеуде істі барлық уақытта бірдей дұрыс шешпейді, бұл маңызды істе формальдылыққа және жауапсыздыққа жол береді. Колхоз председателдігі қызметіне басқа жұмысты атқара алмаған, тиісті ұйымдастырушылық қаблеті жоқ адамдар ұсынылатын кездер аз емес. Мысалы, Қөкшетау облысы, Чкалов ауданында 18 колхоз председателінің даярлығы нашар. Осы аудандағы «Жаңадәуір» ауылшаруашылық артелі председателі Түгелбаев жолдастың бар болғаны 3 класстық білімі бар. Оның председателі болып істегеніне 7 жыл болып қалды. Бірақ колхоз бұдан бірнеше жыл бұрынғыдай экономика жөнінен нашар күйінде.

Колхозды сауатты, адал адам басқарып тұрғанмен, артель табысты аз алатын жағдай болады. Мұның себебі: колхоз председателі қаншалықты адал, жақсы адам болғанымен жұмысты нашар ұйымдастырады, ауыл шаруашылығын білмейді. Мысалға нақ сол Чкалов ауданының «Червонный пахарь» колхозын алайық. Бұл колхоздың жері, жайлымы және шабындығы өте жақсы, мұнда ауылшаруашылық дақылдарынан жоғары өнім алу үшін ауа райы да өте қолайлы. Осыған карамай «Червонный пахарь» экономика жөнінен нашар шаруашылық. Артельдің артта қалуының басты себебі—колхоз председателінің нашар басшылығы. Мұнда жер дұрыс пайдаланылмайды, түсімі аз дақылдар егіледі, мал шаруашылығы нашар ұйымдастырылған. 1954 жылы колхоздың табысы—206 мың сом, ал қарызы—288 мың сом болды.

Аудандық және облыстық ұйымдар бұл колхоздың председателі Вольский жолдастың адал адам болғанмен, нашар ұйымдастырушы екенін, шаруашылықты терең білмейтінін жақсы біледі. Вольскийді, колхозға басшылық ете алмайтынына қарамай, председатель қызметінде 12 жылдан бері ұстап келеді. Егер Вольский жолдасты колхоз председателі міндетінен босатып, басқа жұмысқа жіберсе, ол өз орнын табар еді.

Елеулі кемшіліктің бірі ауылшаруашылық артелі председателдерінің жиі ауыстырылуы болып есептеледі. Мәселен, 1952 жылы колхоз председателдерінің 40 проценті, 1953 жылы 20 проценті, 1954 жылы 17 проценті ауыстырылды. Бұл жағдай колхоздың басшы кадрларын іріктеп алу және тәрбиелеу ісінде жіберілген елеулі кемшіліктердің салдары. Бұл колхоздарды ұқымдастыру-шаруашылық жағынан нығайта беру ісіне елеулі зиянын тигізеді.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министерлер Советі, ең қысқа мерзім ішінде, 1955 жылдың I июліне дейін экономика жағынан нашар колхоздарды басшы кадрлармен нығайту үшін партия, совет, шаруашылық ұйымдарынан, кәсіпорындардан, ғылыми-зерттеу мекемелерінен, жұмысшылар мен қызметкерлерден коллективтік шаруашылықты басқаруға, бұқараны партия мен үкімет қабылдаған шешімдерді орындау ісіне ұйымдастыруға қабілетті коммунистерден, сол сыяқты партияда жоқтардан кем дегенде 30 мың тәжірибелі қызметкерлерді колхоздарға басшы қызметке жіберу жөнінде, оларды өз еріктері бойынша іріктеп алуға шешім қабылдады.

Совет жұмысшы табы социалистік деревняға өзінің кадрларын беріп, зор көмек көрсетіп отырады. 1929 жылы, колхоз қозғалысы мықтап күшейген кезде, жұмысшы табының көмегі және қолдауы совет шаруаларына өте-мөте керек болған кезде, Коммунистік партияның шақыруы бойынша селоба 25 мың алдыңғы қатарлы жұмысшылар жіберілді. Онан көп уақыт өтпей-ақ, партияның XVI съезі колхоздарға жіберілген 25 мың жұмысшыдан көп адамдар сол кезде-ақ өздерінің колхоз қозғалысын тамаша ұйымдастырушылар екенін көрсетіп, колхозшылар арасында зор беделге ие болғанын білдірді. Жыйырмабесмыңдықтар жаппай коллективтендіру және колхоз құрылысын нығайту күресінде орасан зор роль атқарды.

Коммунистік партияның, жұмысшы табының колхозшы шаруаларға тағы бір орасан көмегі — 1933 жылы партия 17 мың неғұрлым табанды және білімді коммунистерді МТС-тердің саяси бөлімдерінде жұмыс істеуге жіберді, олар колхоздарды берік, жеңімпаз күшке айналдыру жолында зор жұмыс істеді.

Партия мен үкіметтің колхозды селоба басшы кадрлармен көмектесу туралы жақында қабылдаған шешімін халқымыз барлық жерде қызу қостап, қарсы алуда. Коммунистік партия мен Совет үкіметінің колхозды деревня жөніндегі бұл жаңа игілікті қамқорлығын Қазақстанның жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері және қызметшілері патриоттық сезіммен қарсы алды. Кәзір республикамызда колхоздарға басшы қызметке баруға даярлығын үш мыңнан артық адам білдірді.

Қазақстанның көптеген аудандары мен облыстарының партия және совет ұйымдары жұмысшылардың, қызметшілердің, ауыл шаруашылығы мамандарының арасында зор түсінік жұмыстарын жүргізді, басшы кадрлармен нығайтуды керек ететін колхоздарды анықтады. Көп жерлерде колхоздарға жұмысқа ұсынылатын кадрларды таңдап алу дұрыс жүргізілді, ерік білдірген коммунистер мен партияда жоқтардан ең жақсылары таңдап алынды.

Бұл жұмыс, мысалы, Жамбыл облысында жақсы жүргізіліп жатыр. Деревняға жұмысқа баруға даярлығын білдіргендердің ішінде облыстық партия комитеті ауылшаруашылық бөлімі меңгерушісінің орынбасары

Голик жолдас, тәжірибе станциясының бөлім меңгерушісі, ауылшаруашылық ғылымының кандидаты Линьков жолдас, аудандық комитеттің Уланбель МТС зонасы жөніндегі секретары Стульнев жолдас, облыстық партия комитеті ауылшаруашылық бөлімінің нұсқаушысы Жолбарысов жолдас және басқалар бар.

Қолхоз кадрлары, әсіресе ауылшаруашылық артелінің председателдері — колхозды деревняны бастаушы бұл адамдар — коммунистік құрлыстың жауынгер белсенділерінің бірі. Қолхозға басшылық етудің жауаптылығы және құрметтілігі заводта, мемлекеттік мекемелерде, министрліктер мен ұйымдарда, ғылыми-зерттеу институтында жұмыс істеуден кем емес. В. И. Ленин 1921 жылы біздің төменгі звеноларымызды кадрлармен нығайтудың керектігін көрсете келіп, былай деп жазған болатын: «Кәзір БОАК-нің кейбір мүшелерін немесе коллегиялардың мүшелерін немесе жоғары мәртебелі басқа бір жолдастарды уездік, тіпті болыстық жұмыстарға ауыстыруға неге болмайды? Шынында біз бұдан «қымсынарлықтай» оншалық «бюрократтанып» кете қойған жоқпыз ғой. Бізде бұған іркілмей баратын ондаған орталық қызметкерлер табылады да. Ал бүкіл республиканың шаруашылық құрылыс ісі бұдан мейлінше көп ұтады, сондықтан үлгілі болыстар немесе үлгілі уездер зор роль атқарып қана қоймай, сонымен қатар тікелей шешуші, тарихи роль атқарады» (Шығармалар, 32-том, 378-бет).

Партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары В. И. Лениннің осы нұсқауларын есте сақтай отырып, колхоздарға басшы қызметке ең қаблетті, саяси шыныққан, өздеріп жақсы көрсеткен ұйымдастырушыларды іріктеп алуға тиісті. Бұлар іске революциялық ынтамен, большевиктік жігермен кірісетін партияның шын мәнісіндегі өкілдері болуы керек.

Осылай бола тұрса да бірсыпыра аудандар мен облыстарда бұл маңызды іске немқұрайды, формальді қараушылық фактылары орын алып келеді. Мысалы, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстарында елеулі қателерге жол берілді. Облыстық, қалалық және аудандық партия, совет органдарының деревняға жіберуге ұсынылған қызметкерлерінің құрамында жоғарғы білімі бар ауыл шаруашылығының мамандары өте жеткіліксіз.

Мынадай факты орын алып келеді: жекелеген партия комитеттері (Солтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстарында) облыстық және аудандық ұйымдардың аппаратын толықтыруға керек және олардың орнын басатын кадрлар жеткіліксіз деген себеппен ауыл шаруашылығына керек адамдарды колхоздарға жұмысқа жібермейді.

Тағы бір елеулі кемшілік: көптеген партия комитеттері колхоздардың басшыларына қойылатын жоғары талапқа сай емес, ұйымдастыру қаблеті және тиісті білімі жоқ адамды жиі ұсынады. Бұл мынадан көрініп отыр. Облыстық партия комитеті ұсынған 527 адамнан Қазақстан КП Орталық Комитеті тек 324 адамды ғана тандап алды.

Қолхоз кадрларын іріктеп алу — нашар басшыларды жай ауыстыру емес. Нақ осы істе партия, совет және кәсіподақ ұйымдарының саяси шыныққандығы, олардың колхозды деревняға жұмысқа партия мен үкіметтің саясатын терең түсінетін және барлық істе де мемлекет пен халықтың мүддесін есептеп отыратын адамдарды тандап ала білетіндігі айқын көрінеді.

Біздің республика колхоздарының алдында зор маңызы бар міндеттер тұр. Быйыл колхоздарда егіс көлемі 1953 жылғыдан 4,6 миллион гектар артады және жүгері егісінің көлемі кемінде 400 мың гектарға жетуге тиісті. Астық өндірісін, мал шаруашылығы өнімдерін арттыру, қоғамдық мал шаруашылығына берік жем-шөп базасын жасау жөнінде зор жұмыстар жүргізу керек болады.

Осы зор және күрделі міндеттердің тұрғысынан қарағанда колхоздарды басшы кадрлармен нығайту ісін бағаламаушылыққа ешқандай жол беруге болмайды. Барлық партия, совет және кәсіподақ ұйымдарының міндеті: өнеркәсіп орындарының, партия, совет, ауылшаруашылық органдары аппаратының қызметкерлерінен, ауыл шаруашылығы мамандары қатарынан колхоздарға басшы қызметке жіберу үшін кадрлар тандап алу жөніндегі жұмысты күшейтуде болып отыр.

Колхоздарға жұмысқа жіберілетін жолдастар жөнінде партия мен үкімет зор қамқорлық жасап отыр. Олардың жемісті жұмыс істеуі үшін өздерінің білімі мен тәжірибесін ең көп нәтиже беретіндей етіп пайдалануы үшін барлық жағдайлар жасалуда. Жақын уақыттың ішінде селоға баратын жолдастарға арналған үшжетілік курстардың жұмысын ұйымдастыру керек. Курстар ауылшаруашылық оқу орындарының, ғылыми-зерттеу мекемелерінің және тәжірибе станцияларының жанынан ұйымдастырылуға тиісті. Лекциялар оқуға ең жақсы оқытушы кадрларды, сол сияқты ауыл шаруашылығы озаттарын тарту керек.

Тандап алынған қызметкерлерді үйрену жұмысынан өткізуге баса көңіл бөлу керек. Бұл мақсат үшін болашақ ауылшаруашылық артельдерінің басшылары өздерінің білімдерін толықтыра алатын, күрделі шаруашылыққа басшылық етудің тәсілдері мен әдістерін, колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтудың жолдарын үйрене алатын озат колхоздарды пайдалану қажет. Әрбір колхозда стажировкадан өтетіндердің саны 10 — 12 адамнан аспауға тиіс.

Республикамыздың партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары колхоздардың басшылығын нығайтуға өздерінің таңдаулы адамдарын жіберіп жатыр. Олар кездесетін қиыншылықтар аз болмайды. Бірақ бұл қиыншылықтар патриоттарды қорқыта алмайды. Олар колхозшылар бұқарасымен бірге, колхоз активтеріне, өндіріс озаттарына сүйене отырып, партия, совет ұйымдарының көмегі арқасында республиканың колхоз өндірісін жаңа сатыға көтере алады, Қазақстан жерінің таусылмас байлығын халықтың игілігіне қызмет еткізе алады.

Колхоздардың басшылығын нығайту жөніндегі партия мен үкіметтің қамқорлығы жұмысшы табы мен шаруалардың туысқандық одағының беріктігінің тағы бір жарқын айғағы. Совет адамдары ауыл шаруашылығын онан әрі дамыта беру—өздерінің төл ісі екенін жақсы біледі. Партияның шақыруы бойынша социалистік қала деревняға жұмысқа көп мыңдаған жаңа отряд бөліп отыр. Бұлар — тамаша, лайықты адамдар, партия мен халықтың адал ұлдары. Олардың социалистік ауыл шаруашылығын жаңадан онан әрі дамыта беру жөніндегі өздеріне жүктелген міндеттерді аброймен орындап шығатындығына күмән жоқ.

Партия тұрмысы

Барлық резервтерді іске қосамыз

М. РОГИНЕЦ,

Көкшетау облыстық партия комитетінің секретары

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы еліміздің алдына 1960 жылы астықтың жалпы түсімін жылына 10 миллиард пұтқа жеткізу, мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді екі есе және екі еседен аса арттыру міндетін қойды. Ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастырудың кең программасын жасай отырып, Коммунистік партия Отанымыздың бүкіл халық шаруашылығының және жеңімпаз қорғаныс қуатының берік негізі, совет халқының әл-ауқатының өсе беруінің қайнар бұлағы— ауыр индустрияны онан әрі өркендетуді өзінің басты міндеті деп есептейді.

Коммунистік партияның саясатының дұрыстығын және даналылығын Көкшетау облысының өмірінен алынған көптеген мысалдар бойынша дәлелдеуге болады. Ауыр өнеркәсіп ауыл шаруашылығына берген мол техника болмағанда облыстың колхоздары, МТС-тері, және совхоздары тың және тыңайған жерлерді игерудің орасан зор жұмыстарын атқара алар ма еді? Әрине, атқара алмаған болар еді.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің алғашқы жылының өзінде облыстың колхоздары, МТС-тері және совхоздары біржарым миллион гектардай жаңа жерлер жыртып, жоспарды едәуір асырып орындады. Мұның өзі астық өндіруді мықтап ұлғайтуға, колхозшылардың табысын 1953 жылғыдан 89 миллион сом көбейтуге мүмкіндік туғызды.

Тың және тыңайған жерлерді игеруде ондаған мың тракторлар, комбайндар және басқа ауылшаруашылық машиналары жұмыс істеді. Өткен жылдың өзінде Көкшетау облысының МТС-тері мен совхоздары 8616 дизельді трактор (15 аттың күшімен есептегенде), 2 мыңдай комбайн, 3,5 мың сеялка, 2 мыңнан астам автомашина және басқа сондай машиналар алды. Мұндай күрделі техника онан әрі келуде.

Жаңа жерлерді игеруге байланысты облыстың экономикасы мықтап өзгеруде. Мұны екі ауданның — Қызылту және Рузаев аудандарының мысалынан көруге болады.

	совхоздардың саны	Т е х н и к а			Егіс көлемі (гектар есебімен)
		тракторлар	комбайндар	автомашиналар	
1. Қызылту					
1954 ж. 1 январьға	—	109	61	32	29991
1955 ж. 1 январьға	20	592	214	262	418425
2. Рузаев					
1954 ж. 1 январьға	6	363	266	140	131835
1955 ж. 1 январьға	22	1238	482	497	576050

Басқа туысқан республикалар мен өнеркәсіп орталықтарынан келген жана қоныстанушылардың есебінен аудандардың халқы едәуір өсті. Мұнымен бірге мәдени-ағарту және медициналық мекемелер, сол сыяқты бастауыш және орта мектептер тез көбейді. Әрбір ауданда дерлік осындай.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімдері облысымыздың алдында оның экономикасы мен мәдениетін өркендетудің жана өрістерін ашты. Бұқараның творчестволық белсенділігіне басшылық ете отырып, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың партия ұйымдары егін шаруашылығын, мал шаруашылығын және ауыл шаруашылығының басқа салаларын онан әрі өркендету үшін жергілікті резервтерді неғұрлым толық пайдалану шараларын белгіледі.

Ауыл шаруашылығы озаттарының аудандық және облыстық кеңестерінде колхозшылар, МТС және совхоз қызметкерлері быйылғы жылдың өзінде әрбір колхоз бен совхозда гектарына жүз пұттан өнім алуға міндеттенді. Облыс мемлекетке астықты өткен жылғыдан төрт есе дерлік көп тапсыруға және сатуға тиіс.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылығын жоспарлау практикасын өзгерту туралы» қаулысына сәйкес, партия және совет органдары астық, мал шаруашылығы өнімдері өндірісін онан әрі ұлғайту шараларын белгілеуді осы жылғы 1 майға аяқтады. Ауылшаруашылық өндірісін ұлғайту жоспарлары тікелей колхоздарда МТС-термен және совхоздармен бірлесе отырып жасалды.

Көкшетау облысы 1960 жылы астықтың жалпы түсімін 1953 жылғыдан 6,4 есе, оның ішінде товарлы астықты 9 еседен аса көбейте алатынын және көбейтуге тиіс екенін есеп мәліметтері көрсетіп отыр. Сүт пен ет 4 еседен аса, оның ішінде шошқа еті 25,3 есе, жүн 2,5 еседен аса, жұмыртқа 20 есе дерлік көп өндірілуге тиіс. Малдың барлық түлігін мықтап көбейтумен бірге мал шаруашылығының өнімділігін тез арттыру керек болады. Облыстық партия ұйымы осы міндеттерді жүзеге асыру жолында жұмыс істеуде.

Колхоздардағы, МТС-тердегі және совхоздардағы барлық резервтерді іске қосу — басты міндет. Қазақстан КП облыстық комитеті бастауыш және аудандық партия ұйымдарын осы міндетті орындауға бағыттап отыр. Өзінің алдында тұрған міндеттерді аброймен орындауға облыстың толық мүмкіндігі бар. Қазір істің бәрі немесе бәрі дерлік, біздің резервтерді іске қоса білуімізге байланысты.

Бұл резервтер қандай? Егін шаруашылығында бұл резервтер — ең алдымен, бүкіл егіс көлемінде егіннің шығымдылығын арттыру, тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру, егіннің арам шөптерін жою, егін жыйнау мерзімдерін қысқарту, егін өнімінің ысырап болуына жол бермеу. Партия ұйымдары бұқараның инициативасына ерекше маңыз береді. Мәселен, барлық колхоздар мен совхоздар тың және тыңайған жерлерді таяудағы екі жылдың ішінде онан әрі игеруді қостап отыр. Келесі жылдың өзінде облыс 2100—2200 мың гектар тың жерлерге егін егуге тиіс.

Астық өндіруді арттырудың екінші бір аса маңызды қоры — жүгерінің егіс көлемін ұлғайту. Бұл дақыл облыстың барлық аудандарында жақсы өнім бере алады. Мәселен, өткен жылы Рузаев ауданында жүгеріден гектарына 200 — 250 центнерден малға көк азық алынды. Дәнін алуға арнап өсірілген жүгері де жақсы өнім берді.

Колхоздар быйыл әрбір шаруашылықта кемінде 200 гектар жүгері егуге ұйғарды. Быйылғы көктемде барлығы 45 — 50 мың гектар жүгері егіледі, ал 1960 жылы 180 — 200 мың гектарға жеткізіледі. Жүгерінің егіс көлемін мықтап ұлғайту екі міндетті бір жолы орындауға: әрі жүгері дәнін алуға, әрі сауын малға және малдың басқа түрлеріне арнап сүрленетін көк шөп алуға мүмкіндік береді.

Мұнымен бірге колхоздардың алдына: 1960 жылға барлық егіс көлемінде дәнді дақылдардың шығымдылығын кемінде екі центнер арттыру міндеті қойылды. Бұл міндетті егінді қысқа мерзімдерде және жоғары агротехникалық дәрежеде егу есебінен орындауға болады. Көкшетау ауданының Калинин атындағы колхозы 1954 жылы 10-шы майға дейін егілген дәнді дақылдардың гектарынан 12,6 центнерден өнім алса, 15 майға дейін егілген дәнді дақылдардан 11,1 центнерден, 22 майға дейін егілген дәнді дақылдардан небәрі 8,2 центнерден, ал 27 майға дейін егілген дәнді дақылдардан гектарына 6,4 центнерден өнім алды.

Партия ұйымдары топрақтың құнарлылығын қалпына келтіріп, онан әрі арттыру мәселелеріне аса көңіл бөліп отырады. Бұл жөнінде жаңашыл колхоз ғалымы Т. С. Мальцев ұсынған топрақты және егісті баптау системасы ерекше көңіл бөлерлік.

Ылғал жыйнау және оны мезгілінде жабу, егінді сортты және кондициялық тұқыммен егу, тұқым себу нормалары сыяқты егіннің шығымдылығын арттырудың маңызды шарттары кейбір жерлерде әлі де орындалмайды.

✓ СОКП Орталық Комитетінің Пленумы егін жыйнау мерзімдерін қысқарту және астықтың ысырабына қарсы күресті күшейту керектігін ерекше атап көрсетті. Егін жыйнағанда өнімнің ысырабы, көпжылдық тәжірибенің көрсеткеніндей, комбайндарды неғұрлым нәтижелі пайдалану, егін жыйнау мерзімдерін 10 күнге дейін қысқарту жолымен азайтылуға тиіс. Қеллеров ауданының Калинин атындағы колхозының партия ұйымы мынадай фактіні ашты. Өткен жылы 350 гектар жерде сұлы бітік өсірілді. Мұның 15 сентябрьге дейін жыйналған бөлегінде, бастырғанда орта есеппен гектарына 11,1 центнерден, ал сентябрьдің 15-нен 25-дейін жыйналған бөлегінде гектарына 5,5 центнерден өнім алынды.

1960 жылға өнімнің ысырабын гектарына 2 центнер азайтуға ұйғарылып отырса, сонда бүкіл егіс көлемін алғанда, астықтың жалпы түсіміне жаңадан 500 — 600 мың тонна астық қосылады.

Мал шаруашылығын онан әрі өркендету ісінде облыстың алдына орасан зор міндеттер қойылып отыр. Ауыл шаруашылығының бұл маңызды саласына барлық партия ұйымдарының, әрбір коммунистің және колхозшының ерекше назарын аудармайынша, бұл міндетті орындау мүмкін емес. Бізде мал шаруашылығы әлі күнге салақ жүргізіліп келеді. Өткен жылы қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жоспарын сыйыр малынан, қойдан және шошқадан небәрі 5 колхоздың орындағанын көрсетудің өзі бұған жеткілікті дәлел. Ауылшаруашылық жерлерінің әрбір 100 гектарынан алынатын мал шаруашылығының өнімі әлі өте аз. Мысалы, өткен жылы колхоздарда әрбір 100 гектар жерден небәрі біржарым центнер ет және топмай, 12,6 центнер сүт, 24,5 килограмм жүн алынды.

Мал шаруашылығын өркендету саласында СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы алға қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін колхоздар мен совхоздар ауылшаруашылық жерлерінің әрбір 100 гектарынан алынатын мал шаруашылығының өнімдерін бірнеше есе көбейтуге тиіс. Мұның үшін шошқаны майлы және жартылай майлы етіп семіртуді кеңінен ұйымдастыру, құс шаруашылығын күшейту ұйғарылды.

Мал шаруашылығының өнімділігін арттыру және тұрақты жем-шөп базасын жасау саласында көп жұмыстар істеу керек болады. Мұнда да пайдаланылмаған орасан зор резервтер бар. Мәселен, сауын малдың өнімділігін алайық. 1960 жылы колхоздарда әрбір сыйырдан алынатын сүтті кемінде 1700 килограмға жеткізу керек. Бұл жылдардың ішінде әрбір сыйырдан алынатын сүт 700 килограмдай артуға тиіс. Красноармеец ауданының Калинин атындағы және «Расцвет социализма» колхоздары бұл тапсырманы кәзірдің өзінде асырып орындады. Қеллеров, Красноармеец және Зеренді аудандарының колхоздары 1954 жылы әрбір

сыйырдан алынатын сүтті 300 — 400 килограмм көбейтті. Демек, сыйырлардың сүттілігін арттыру тапсырмасын мерзімінен бұрын орындауға болады.

Тұрақты жем-шөп базасын жасау үшін облыс 1960 жылы жем азықты 1953 жылғыдан 8,4 есе, сүрленген азықты 22 еседен аса, мал-азықтық тамыржемісті және бақша дақылдарын 7,6 есе, картопты 5 есе, көлемді азықты 2,3 еседен аса көбейтіп өндіре алады. Бұл міндетті орындауда малдың азығына арнап жүгері егуді ұлғайтуға, көлдетіп суаруға, су басатын шабындықтар мен ойпаттарды, табиғи жайлымдар мен шабындықтарды пайдалануды жақсартуға зор маңыз беріледі. Ғылми негізде көпжылдық және біржылдық шөптер егу енгізіледі.

Колхоздарда өндірістік орындар құрылысы кең өрістетілуде. Осы жылдың өзінде ауыл шаруашылығындағы құрылысқа 300 миллион сом жұмсалады. Жергілікті құрылыс материалдары кеңінен пайдаланылады.

Көктемгі егіс жұмыстарын мезгілінде ойдағыдай өткізу — астық және мал шаруашылығы өнімінің өндірісін ұлғайтудың белгіленген программасын жүзеге асыруда ауыл шаруашылығының еңбекшілеріне кездесетін кәзіргі алғашқы елеулі сын. Қөкшетау облысының колхозшылары, МТС және совхоз қызметкерлері бұл сыннан аброймен өтеді.

Бұқараның творчестволық белсенділігі және өндірістің резервтері

Н. КАВЕШНИКОВ,

Қазақстан КП Ақтөбе қалалық комитетінің секретары

Коммунистік партияның басшылығымен совет адамдары өздерінің күштерін ауыр индустрияны оған әрі өркендету жолына жұмсап, қоғамдық өндірісті үздіксіз ұлғайту және оны жаңа техника негізінде жетілдіре беру күресінде творчестволық инициатива көрсетуде.

Ақтөбенің еңбекшілері өнеркәсіп өндірісін оған әрі өркендетуге белсеніп қатысуда. Ақтөбенің өнеркәсіп орындарының әралуан түрлі өнімі— металл, электротехникалық аппараттар, машиналар Совет Одағының барлық түпкірлеріне, сол сыяқты халықтық демократия елдеріне жіберіліп тұрады. Бұл қалада еліміздің ең үлкен ферросплав заводы, рентген аппаратурасының заводы, механика заводы, май заводы және басқалары жұмыс істейді. Қаланың өнеркәсібі 1954 жылғы мемлекеттік жоспарын 103,1 процент орындап, жоспардан тыс 9 миллион сомнан астам өнім берді. 1955 жылғы бірінші тоқсанның мемлекеттік жоспары 107 процент орындалды. Кәсіпорындардың көпшілігі еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын кеміту тапсырмаларын және басқа техникалық-экономикалық көрсеткіштерді асыра орындады.

Партия және кәсіподақ ұйымдары өздерінің бұқарамен байланысын нығайтып, өндірісті терең зерттеп, еңбек өнімділігін оған әрі арттыру және техниканы алға бастыру мәселелеріне жұмысшылар мен әкімшілік қызметкерлердің назарын баса аударып отырған жерлерде еңбекшілердің өндірістік белсенділігі үнемі өсіп күшеюде.

Әсіресе кәзір, Москваың алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бастауымен өнеркәсіп, транспорт кәсіпорындары мен құрылыстарда бесінші бесжылдықтың жоспарлы тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындауды көздейтін социалистік жарыс барған сайын кең өрістеп отырған кезде, бұқараның творчестволық белсенділігі айқын көрінуде.

Бұл мақсатқа жету жолындағы күресте жұмысшылардың озат тәжірибесін таратып, рационализаторлық және өнертапқыштық ұсыныстарды өндіріске енгізудің шешуші маңызы бар.

Жуықта Ақтөбеде жергілікті және кооператив өнеркәсібі қызметкерлерінің озат еңбек тәжірибесін және прогрестік технологиялық процестерді кең таратуға арналған кеңесі өткізілді. Егер өндіріс жаңашылдарының творчестволық инициативасын шын мәнісінде кеңінен таратсақ, біздің қандай ұшан-теңіз резервтерді халық шаруашылығының қызметіне қоса алатынымызды бұл кеңес айқын көрсетті.

Бұл жөнінде «Актюбнефтераэзведка» тресіне қараған жөндеу-механика заводы коллективінің тәжірибесі үлгі аларлық. Токарь Левчинский жолдас бұл заводта жаңа патриоттық істі — әрбір жұмысшының нормаларды барған сайын асырып орындауын — бастап шыққанда партия ұйымы мен завод комитеті жұмысшылардың еңбек өнімділігін үздіксіз арттыра беруіне қажетті жағдайлар жасауға коллективтің назарын аударара білді. Мұның өзі жақсы нәтиже берді. Кәзіргі уақытта заводта тапсырмаларын үнемі асырып орындайтын 57 жұмысшы бар. Токарь Левчин-

ский жолдас төрт жылдың ішінде 11 жылдық норманы, токарь Дигин жолдас 9 жылдық норманы, слесарь Бородаенко және формовщик Құсайнов жолдастар әрқайсысы 7 жылдық норманы орындады. Мастер Найденов жолдас рационализаторлық ұсыныс енгізді — 4 тонналық вертлюгтің сальник корпусын фрезерлік станокпен емес, токарьлық станокпен қайрауды ұсынды. Мұның өзі еңбек өнімділігін екі есе арттырып, мемлекет қаржысын едәуір үнемдеуге мүмкіндік туғызды. Бұл шаралар бұрын артта қалып келген заводтың рентабельді кәсіпорындар қатарына қосылуына едәуір көмектесті.

Ферросплав зауытының металлургтері де неғұрлым өнімді жаңа тәсілдермен жұмыс істеуге, қуатты техниканы неғұрлым толық пайдалануға ұмтылуда. Бұл заводта инженер-техник қызметкерлер мен жұмысшылардың творчестволық ынтымағының комплексті бригадалары прогрестік технологияны жасауда едәуір роль атқарады. Заводтағы екі жүзден астам рационализаторлар еңбек өнімділігін арттыруға елеулі көмек көрсетіп отырады. Өткен жылдың өзінде ғана 175 рационализаторлық ұсыныс өндіріске енгізілді, мұның арқасында бір миллион сомдай қаржы үнемделді.

Заводтың инженер-техник қызметкерлері өндірістің жаңашылдарымен және озаттарымен бірге, технологияны жақсартудың жаңа тәсілдерін іздестіруде. Мәселен, ағамастер Галаган жолдастың рационализаторлық ұсынысы қалдықтарды 15—18 процент азайтуға мүмкіндік туғызды. № 2 балқыту цехында инженерлер Лобжанидзе, Боровиченко, Сурсаев жолдастардың, ағамастер Вятчинов жолдастың, пештің бригадирі Петухов жолдастың бастауымен технологиялық процестің жаңа схемасы енгізілді. Мұның өзі көптеген шихтаны қайтадан балқытуға, электр қуатының шығынын азайтып, агрегаттың жұмыс өнімділігін арттыруға мүмкіндік берді. № 3 балқыту цехында инженер Мордушко жолдастың металды тездетіп балқыту ұсынысы енгізілді.

Еңбек өнімділігін онан әрі арттыруды көздейтін социалистік жарысты кең өрістетуге, өнімнің түсер құнын кеміту, еңбектің озат әдістерін кеңінен енгізу жолындағы күрес партия ұйымдарынан өнеркәсіпке басшылықты түбірінен жақсартуды талап етеді. Мұны «Актюбрентген» зауыты партия ұйымының жұмыс үлгісі бойынша көрсетуге болады. Бұл завод жуықта ғана артта қалған кәсіпорындардың қатарында болатын, бірақ ол қысқа мерзімнің ішінде олқылықтан шықты.

Заводта қандай өзгерістер жасалды?

Қалалық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымы заводтағы істің жайын тексеріп анықтады, партия ұйымы неғұрлым нақтылы басшылық ете бастады. Мұнан кейін программаны орындамаудың себептері ашылды, заводтың жұмысын жақсартудың жолдары табылды. Мәселен, заводта аттаншылдықтың етек алғаны, мерзімнен тыс жұмыстарға жол берілгені, еңбек тәртібінің нашарлағаны, өндірістің озаттары мен жаңашылдарына тиісінше көңіл бөлінбегені анықталды.

Партия ұйымы бұл елеулі кемшіліктерді жоюға бүкіл коллективті жұмылдырды. Заводтың жұмысты бір қалыпты атқаратын дәрежеге жетуі жолында көп күш жұмсап, көп еңбек сіңіру керек болды. Коммунистер еңбек өнімділігін арттыру жолындағы жарысқа басшылық етті. Жаңашылдардың тәжірибесі кеңінен таратыла бастады, рационализаторлық жұмыс күшейтілді. 1954 жылдың өзінде 58 рационализаторлық ұсыныс өндіріске енгізілді, мұның арқасында 200 мың сомнан астам қаржы үнемделді. Мәселен, заводта стабилизаторларды үздіксіз құрастыру әдісі енгізілді. Бұл әдісті енгізгенге дейін 25 стабилизаторды жасау жұмысымен 11 адам шұғылданса, кәзір бұл жұмысты 7 адам атқарады. Цехтың ағамастері Шарпио жолдас өзінің белсенді рационализатор екенін көрсетті. Соңғы бес жылдың ішінде ол бірқатар ұсыныстар енгізді. Оның бұл ұсыныстары 220 мың сомнан астам қаржыны үнемдеуге мүмкіндік берді.

Москваның алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының үлгісі бойынша, заводтың коллективі еңбек өнімділігін онан әрі арттыруды, ішкі резервтерді неғұрлым кең пайдалануды, бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауды көздейтін көтеріңкі міндеттемелер алды.

«Большевик» заводының коллективі өнім шығаруды арттыру міндеттемелерін ойдағыдай орындауда. Заводта неғұрлым жетілген технологияны енгізуді, өндіріс процестеріне жұмсалатын еңбекті азайтуды көздейтін бірқатар шаралар жүзеге асырылуда. Мысалы, слесарь Красуцкий жолдас маясалғыштардың бөлшектеріндегі тесіктерді бұрғылап жасау орнына автоматпен тесуді ұсынды. Мұның өзі еңбек өнімділігін едәуір арттырды. Механика цехының слесары Зелингер жолдас радиаль-бұрғылау станогінің тұмсығын қолмен көтеру орнына, механизмнің көмегімен көтеруді енгізді. Бұл ұсыныс та еңбек өнімділігін арттыруға көмектесті.

Ақтөбе станциясының паровоз депосында паровоздардың көтерме жөндеулер арасындағы жүрісін арттыруды көздейтін қозғалыс кең өрістеді. Бұл қозғалысты аға машинист Шиканов жолдас бастап шықты. Ол өзінің серігі машинист Капиноссов жолдаспен, көмекшілері Бычков және Недыхалов жолдастармен бірге, паровоздың жөндеу аралығындағы жүрісін, нормалы 65 мың километр орнына, 212 мың километрге жеткізді, сөйтіп ол мемлекеттің 68 мың сомнан астам қаржысын үнемдеді. Кәзір машинистер Бойко, Алексеев, Арсенов, Спорт, Смирнов жолдастар және басқалары осы Шиканов жолдастың әдісі бойынша жұмыс істейді.

Социалистік жарысқа қатысушылардың мұндай творчестволық инициатива көрсетуінің мысалдары біздің қаламызда аз емес. 1954 жылдың өзінде қаланың кәсіпорындарында еңбек өнімділігін арттыруға және өнім шығаруды ұлғайтуға бағытталған 600-ден астам рационализаторлық ұсыныстар түсті. Оның ішінде 319 ұсыныс өндіріске енгізілді, мұның арқасында 1,3 миллион сомнан астам қаржы үнемделді.

1955 жылы Ақтөбе кәсіпорындарының коллективтері алдына зор міндеттер қойылып отыр. Олар ішкі резервтерді пайдалану, өндіріс технологиясын жетілдіру, еңбек өнімділігін онан әрі арттыру есебінен өнім шығарудың ұлғаюын қамтамасыз етуге тиіс. Мұның өзі халық шаруашылығын өркендетіп, совет халқының әл-ауқатын арттырудың шешуші шарты болып табылады.

Ақтөбе өнеркәсібінің қуатты техникалық базасы, тәжірибелі, маман жұмысшылары мен инженерлері бар. Еңбек өнімділігін онан әрі арттыруды көздейтін социалистік жарысты кең өрістетіп отырып, кәсіпорындарға басшылық ету тәсілдерін жетілдіре отырып, қалалық партия ұйымы, Коммунистік партия мен Совет үкіметі еліміздің социалистік өнеркәсібінің қызметкерлері алдына қойған зор және жауапты міндеттерді ойдағыдай орындауға еңбекшілер бұқарасын кеңінен жұмылдыруда.

Партиялық оқу орындарында оқу жылы ұйымшылдықпен аяқталсын

Л. ПЛЕТНЕВА

Коммунистік партия мен Совет үкіметі белгілеген советтік экономиканы онан әрі өркендету программасын жүзеге асыру көп ретте кадрларымыздың саяси сауаттылығына, олардың күнбе-күнгі бұқаралық-саясат және ұйымдастыру жұмысын жүргізе білуіне байланысты.

Быйылғы оқу жылында республиканың партия ұйымдары кадрлардың идеялық-теориялық даярлығын жақсарту, маркстік-лениндік теорияны үйренудегі догмашылдықты және жаттампаздықты жою жолында біраз жұмыс істеді. Насихатшылардың, лекторлардың және консультанттардың құрамы нығайтылды, мұның нәтижесінде оқу сабақтарының сапасы біраз жақсарды.

Кадрлардың экономикалық білім алуы едәуір кеңейтіліп жолға қойылды. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының экономикасын үйрену семинарлары мен мектептері ойдағыдай жұмыс атқаруда. Бұл семинарлар мен мектептерде шаруашылық және партия активінің көпшілігі, инженер-техник қызметкерлер және ауыл шаруашылығының мамандары оқыйды. Республикамызда мұндай семинарлардың саны 300-ден асады. Оның үстіне 12 екіжылдық экономикалық мектептер, аудандық партия комитеттері мен жеке машина-трактор станциялары жанында кешкі партиялық мектептер, бірсыпра аудандарда лекторилер жұмыс істейді, экономикалық теория бойынша лекциялар оқылып тұрады.

Лениногор қорғасын зауытындағы экономикалық семинардың жұмысы жақсы ұйымдастырылған. Бұл семинарды Назаренко жолдас басқарады. Семинардың жұмысының екі жылы ішінде коммунистер завод экономикасының және оның жұмысын ұйымдастырудың аса маңызды мәселелерін толық зерттеп үйренді. Әсіресе заводтың ішкі жұмыстарын жоспарлау, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын кеміту, шаруашылық есепті енгізу және т. б. мәселелері бойынша баяндамалар мен рефераттарды талқылағанда коммунистер қызу пікір алысты.

Шаруашылық есеп және айналма қаржының айналымын тездету мәселелерін талқылағанда коммунистер заводта социалистік жарыстың жолға қойылуындағы кемшіліктерді сынады, цехтар мен бригадаларда шаруашылық есепті дәйектілікпен енгізу керек екенін көрсетті. Экономикалық мәселелер комплексін талқылау, егер өндіріс циклін қысқартса, айналма қаржыны толық пайдаланып, жабдықтау және өнімді өткізу ісін жақсартса, заводтың өзінің финанстық көрсеткіштерін едәуір жақсартуға толық мүмкіндігі бар екенін көрсетті.

Бостандық МТС-і (Оңтүстік Қазақстан облысы) және Луговой МТС-і (Жамбыл облысы) жанындағы, Көкшетау облысының «Целинный» совхозындағы семинарлар мен экономикалық мектептер өздерінің жұмысын жақсы атқарып келеді. Қарағанды облысының Тельман ауданындағы МТС-тердің бәрінде ауыл шаруашылығының экономикасын үйрену семинары жұмыс істейді. Бұл семинарларда аудандағы колхоздардың барлық председателдері оқыйды.

Кадрлардың идеялық-теориялық даярлығының жайы партиялық басшылықтың дәрежесіне тікелей байланысты екенін көптеген мысалдар

дәлелдейді. Тек партиялық оқу мәселелерімен күнбе-күн шұғылданып, насихат жұмысының мазмұнына терең ой жібергенде ғана бұл жұмыстың дәрежесін арттырып, оның партия алға қойған шаруашылық-саяси міндеттерді орындаудағы маңызын күшейтуге болады. Солай бола тұрса да, кейбір партия комитеттері негізгі міндет — партиялық оқуды еріктілік принцип негізінде қайта ұйымдастыруда деп қате есептеп, саяси оқуға басшылықты нашарлатты. Мұнда олар, еріктілік принципі жүзеге асырылғаннан кейін өздігінен саяси білім алу коммунистердің оқуының жалпы формасына айналғанын, ал коммунистердің тілегі күн санап өсіп отырғанын мүлде есепке алмайды. Мұның бәрі кадрлардың оқуына ерекше жедел және іске жетіктікпен басшылық етуді керек қылады.

Саяси экономия оқулығы шыққаннан кейін коммунистердің экономикалық білімдерге құштарлығы едәуір күшейді. Алайда жеке партия комитеттері мұны да ескермейді. Олар мүмкіндігі бар жерлердің өзінде де коммунистердің экономикалық теорияны үйренуіне тыңғылықты көмек ұйымдастырмайды.

Мәселен, Алматы облысының Қаскелең және Алматы аудандарында партия, совет, шаруашылық қызметкерлері, колхоздардың председателдері және ауыл шаруашылығының мамандары арасында ауыл шаруашылығының экономикасын үйренуді ұйымдастыруға бұған дейін ешқандай әрекет жасалған жоқ. Бұл аудандарда ауылшаруашылық өндірісінің экономикасын және оның ұйымдастырылуын үйрену үйірмелері мен семинарларының әлі күнге болмауын аудандық партия комитеті қызметкерлерінің инициативасыздығынан ғана деп білу керек.

Бұл аудандардың кәсіпорындарында, колхоздарында және МТС-да экономикалық тақырыптардағы, әсіресе ауыл шаруашылығының экономикасы бойынша лекциялар әлі болса жеткіліксіз оқылады. Көп уақытта лекциялардың жалпылама дерексіздік сипаты болады, шаруашылық-саяси міндеттермен байланыстырылмайды. Алматы қалалық партия ұйымы бұл аудандарға көмектесу және Алматының кәсіпорындарында кадрлардың экономикалық білім алуын кеңінен ұйымдастыру ісінде бар тұрған мүмкіндіктерді нашар пайдаланады.

Бірсыпра жерлерде кадрлардың экономикалық білім алуын ұйымдастыруда ғана емес, бүкіл партиялық насихатты жолға қоюда да елеулі кемшіліктер бар. Алматы қаласының Ленин аудандық партия комитетінің жуықта өткізілген пленумында, коммунистердің маркстік-лениндік білім алуының жайы және оны жақсарту шаралары туралы мәселе талқыланды, партиялық насихатты жолға қоюдағы қателер бірсыпра жерлерде ақырына дейін жойылмағаны орынды көрсетілді.

Бірақатар үйірмелерде оқу сабақтары идеялық-теориялық төмен дәрежеде өткізіледі, көп уақытта белгілі бір мәселелер бірсарындылықпен, догмашылдықпен баяндалады. Өздігінен оқу тәсілін қалаған көп коммунистер іс жүзінде өздерінің идеялық-теориялық білімін арттыру ісімен шұғылданбайды. Олар лекцияларға бармайды, семинарларға қатыспайды. Солай бола тұрса да аудандық партия комитеті де, бастауыш партия ұйымдары да насихаттың мазмұнын терең зерттемейді, коммунистердің теорияны үйренуіне азды-көпті елеулі көмек көрсетпейді.

Тек бұл аудан ғана емес. Әсіресе Павлодар, Қостанай, Гурьев және Оңтүстік Қазақстан облыстарында көптеген аудандық және қалалық партия комитеттері партиялық оқуға басшылықты едәуір нашарлатты.

Апрельдің бас кезінде Қазақстан КП Орталық Комитеті Көкшетау облысы, Щучье аудандық партия комитетінің кадрлардың саяси оқуына басшылығы туралы мәселе талқылады. Талқылағанда, аудандық партия комитетінің және аудандағы бастауыш партия ұйымдарының коммунистердің маркстік-лениндік оқуына іс жүзінде басшылық етпейтіні анықталды. Қағаз жүзінде коммунистер үйірмелер мен мектептерге тіркелген, лекторилердің ашылғаны жарияланған, ал іс жүзінде лекциялар сирек

оқылады және бұл лекцияларды білімі жеткіліксіз жолдастар оқыйды. Ауданда лекциялардың мазмұнын бақылау жолға қойылмаған, бәз-баяғы бір лекциялар нешеме жылдар бойына оқылып келеді, бұл лекцияларда кейде елеулі бұрмалаушылықтарға және қателерге жол беріледі. Бастауыш партия ұйымдарында консультация жұмысы мүлде жүргізілмейді. Мұның нәтижесінде басшы қызметкерлер қатарындағы коммунистер (Боговицкий, Исмаилов, Бурлаков, Рахметдинов, Роцин, Құрманбеков жолдастар), сол сыяқты аудандағы интеллигенцияның көпшілігі құптап оқуды тоқтатты, насихат, бұқаралық-саясат жұмысына қатыспайды.

Ауданда кадрлардың саяси оқуы қаншалықты салақ жүргізілетінін мынадан көруге болады: аудандық партия комитеті және ауданның бастауыш партия ұйымдары соңғы біржарым жылдың ішінде партиялық оқу мәселелерін бірде-бір рет талқылаған жоқ. Щучье аудандық партия комитетінде: еріктілік принципі аудандық комитетті, партия ұйымдарын коммунистердің идеялық-теориялық білім дәрежесін арттыру жұмысының мазмұнын бақылау правосынан айырады-мыс дейтін теріс және зиянды түсінік етек алған. Аудандық партия комитетінің кітапханасы коммунистердің қажетіне және тілектеріне көңіл бөлмейді.

«Партия ұйымының секретары немесе басқа бір партия қызметкері үйренілетін материалдың мазмұны жайында коммунистермен әңгімелесіп, олардың нені үйреніп жүргенін және қаншалықты түсінетінін тексеруге правосы ма?» деген сұраулар кәзірде де көп кездеседі. Бұл сұраулар, партия ұйымдарына партия мүшелерінің және кандидаттарының марксизм-ленинизм саласында минимум білім алуын бақылауды міндеттейтін СОКП Уставының талаптарын жете түсінбегендіктен туады.

Көп уақытта бақылау туралы бос сөздер іс жүзіндегі бақылаудан көп айтылады. Ал, кейбір қызметкерлер оқуға басшылық етуді — коммунистердің оқуда міндеттемелер алуын талап ету, конспектілерді және үйде істеуге берілетін тапсырмаларды тексеру ғана деп түсінеді. Мысалы, Павлодар облысындағы Чернорезк МТС партия ұйымының секретары Головачев жолдас, аудандық партия комитетінің секретары Жұмадилов жолдастың іштей мақұлдауымен, өзінің әкімшілік әдістерінде, өздігінен саяси білім алушылардың жұмысын тексеретін белгілі күн тағайындауға дейін барды. Әрбір аптаның осындай белгіленген күні ол коммунистердің пәтерлерін аралап жүріп, олардың өздігінен білім алу жұмысын «тексеріп» шығады.

Амал не, бақылаудың мұндай әдістері кей жерлерде үйірмелердің, семинарлардың және мектептердің жетекшілеріне де қолданылады. Алматы қаласының Сталин және Фрунзе аудандарының насихатшылары партиялық оқу сабақтарына партияның аудандық комитетінің, қалалық комитетінің және облыстық комитетінің уәкілдерін үнемі жіберіп отыру практикасына талай рет қарсылық білдірді. Алайда Алматы облыстық партия комитеті партиялық оқу сабақтарына әлі болса «уәкілдерін» жіберіп отырады, бұл уәкілдер әрдайым насихатшылар мен тыңдаушыларды мазасыздандырып, оларға бөгет жасайтынын ескермейді.

Әрине, коммунистермен үнемі араласпайынша, әңгімелеспейінше олардың білімін тексеру мүмкін емес. Бірақ мұндай әңгімелерді емтиханға айналдырмай, жолдастық жағдайда өткізудің зор маңызы бар. Коммунистер өздерінің білімін қалай арттырып отыратынын, олар қандай әдебиетті оқыйтынын, қандай лекцияларға, консультацияларға баратынын және бұқара арасында қандай жұмыс жүргізетінін партиялық басшы егжей-тегжейіне дейін біліп отыруға тиісті-ғой. Мұның бәрін білмейінше коммунистердің идеялық өсуін байқап, бағыттап отыру мүмкін емес.

Партиялық оқуды өз бетімен жіберуге болмайды. Әрбір партиялық басшы коллективтің саяси және өндірістік белсенділігін күшейтуге ұмтылғанда, бұл міндетті тек идеологиялық жұмысты, ең алдымен кадрлардың теориялық даярлығын үнемі жетілдіріп, жақсартып отырғанда ғана

орындауға болатынын айқын түсінуге тиіс. Партияның кейбір мүшелерінің теорияны үйренуге немқұрайды қарауы орынсыз іскерсінгендікке, жұмыста қателесуге, саясатта және практикалық қызметте принципсіздікке әкеп соқтырады.

Партиялық оқу орындарында оқу жылының аяқталуына аз уақыт қалды. Кәзір лекторлар топтарының, консультанттардың, партиялық кітапханалардың жұмысын күшейтіп, лекциялар оқу және консультациялар өткізу жоспарларының сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету керек.

Кәзірдің өзінде әрбір үйірме мен саяси мектепте оқушылармен бірге, оқу жылының қандай тақырыппен аяқталатынын, қортынды сабақтарда қандай неғұрлым күрделі мәселелерді алға қою керек екенін белгілеу қажет. Мұнымен бірге артта қалған саяси мектептерге ерекше көңіл бөліп, оларға нақтылы көмек көрсету керек.

Партиялық оқу жүйесіндегі сабақтардың аяқталар кезінде насихатшылардың семинарын өткізу керек, бұл семинарда насихатшылар білгісі келетін теориялық мәселелерді талқылап, оларға жұмыстың қортындыларын шығару тәсілдері туралы нұсқау беру керек. МТС-тердің, колхоздардың және совхоздардың партия ұйымдарындағы саяси мектептер мен үйірмелерде, егіс жұмыстарына шығатын оқушылармен сабақты ертерек, жергілікті жағдайларды есепке ала отырып, аудандық партия комитеттері белгілеген мерзімдерде аяқтауға болатынын ескеру қажет.

Алайда, Гурьев облысы, Деңіз ауданы, Азғыр МТС-ның Жданов атындағы, Куйбышев атындағы, Чкалов атындағы, Карл Маркс атындағы колхоздардың партия ұйымдарында үйірмелер мен мектептердің сабақтары одан едәуір ерте аяқталды, соның өзінде де қортынды сабақтар өткізілмеді.

Алған білімді баянды ету үшін, оқу жылының аяғында саяси мектептер мен үйірмелерде, оншама асықпайынша, кең әңгіме түрінде бірекі қортынды сабақ өткізудің пайдалы екенін тәжірибе көрсетіп келеді.

Партия мектептерінде мұндай қортынды сабақтарды барлық оқушылардың қатысуымен, СОКП тарихы, дүние жүзінің экономикалық және саяси картасы, ал экономикалық мектептерде саяси экономия және нақтылы экономика бойынша өткізу ұсынылады.

Маркстік-лениндік теорияны, өнеркәсіптің немесе ауыл шаруашылығының экономикасын үйренудің теориялық семинарларын алатын болсақ, бұл семинарларда оқу жылын кезекті тақырып бойынша семинар сабақтарымен аяқтау қажет.

Теорияны өздігінен үйренуші коммунистердің тілектері қандай дәрежеде қанағаттандырылатынын, олар үшін қандай көмектің неғұрлым нәтижелі болғанын анықтау үшін партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары зор жұмыс жүргізуге тиіс. Бұл жұмысты жүргізгенде, олар көңіл бөлетін мәселелер бойынша мүмкіндігінше топтық теориялық әңгімелер, ал коллективтік теориялық әңгімелерге қатыспаған коммунистермен, олардың өздігінен білім алу жұмысына байланысты мәселелер бойынша дербес әңгімелер өткізу қажет.

Партиялық оқу жүйесіндегі оқудың қортындыларын партия жыйналыстарында, насихатшылардың, лекторлардың және консультанттардың жыйналыстарында, сол сыяқты партия комитеттерінің насихатшы қызметкерлерінің кеңестерінде талқылау қолайлы. Бұл кеңестерде кадрлардың саяси оқуың жақсарту мәселелерімен қатар, жазғы маусымның жағдайына сәйкес лекциялар оқу жоспарларын және басқа сондай шараларды талқылау қажет.

Коммунистердің оқуына басшылық дәрежесін арттыра отырып, оны күнбе-күн бақылауды күшейте отырып, республиканың партия ұйымдары маркстік-лениндік теорияны насихаттауда жаңа табыстарға жетеді.

Жергілікті баспасөзге шолу

Металл және газет

Коммунистік партия ауыр өнеркәсіп еліміздің халық шаруашылығының барлық салаларын дамытудың негізі болып саналады деп үйретеді. Ауыр индустрия — социализм мен коммунизмнің бірден-бір материалдық негізі, Отанымыздың шекараларының беріктігінің кепілі, еңбекшілердің әл-ауқатының арта беруінің қайнар көзі. Маркстің анықтамасы бойынша, «еңбектің механикалық құралдарын, бұлардың жыйынтығын өндірістің сүйекті және бұлшық етті системасы деп айтуға болатын», өндіріс құрал-жабдықтарын тек ауыр өндіріс қана береді.

Қазақстанда Совет өкіметі жылдарында жасалған ауыр индустрияның көп салаларының ішінде түсті металлургия маңызды орын алады. Совет Одағының халық шаруашылығындағы Қазақ ССР-ның маңызы: республиканың түсті металдарды шығару жөнінен барлық басқа республикалардың ішінде жетекші орын алатынына қарай белгіленеді.

Қазақстан — түсті металдардың бай қазнасы. Совет геологтары республиканың территориясынан екі мыңнан аса мыс кендерін және мыңнан артық басқа түсті металдардың кендерін ашқанын айтудың өзі жеткілікті. Тек Жезқазған кенінің бір өзінде ғана Совет Одағындағы мыс қорының 30 проценті бар. Жезқазған мыс рудасының қоры жөнінен дүние жүзінде Чуквикаматадан (Чилиде) кейін екінші орын алады.

Біздің республика полиметалл рудаларына ерекше бай. Еліміздегі бүкіл қорғасын қорының төрттен үш бөлігі және мырш қорының жартысынан көбі Қазақстанның қойнауында. Алтайды Совет Одағының қазнасы деп атайды, оның рудалары дүние жүзіндегі ең бай рудалар болып саналады. Олардың құрамында қорғасын, мырш және мыстан басқа, алтын, күміс, кадмий және басқа бірсыпыра сирек және өте сирек кездесетін металдар бар. Қаратау мен Жоңғар Алатауларында полиметалл рудаларының ірі кендері табылып, зерттелді.

Коммунистік партия, Совет үкіметі Қазақстанда түсті металдар өндірісін құрды. Бұл жерде тек біздің елдегі ғана емес, сонымен бірге Европадағы ең үлкен түсті металлургия кәсіпорындары салынып, техниканың соңғы жаңалықтарымен жабдықталды. Бұл кәсіпорындар кәзір бүкіл ССРО-да шығарылатын мыс рудасының жартысынан көбін, бүкіл қорытылатын қара мыстың тең жартысындайын береді. Қорғасын өндіру жөнінде Қазақстанның алатын орны бұдан да үлкен. Біздің республиканың металлургия заводтары Совет Одағында балқытылатын барлық қорғасынның 80 проценттейін береді. Қазақстан мыршты да көп шығарады.

Қорғасын-мырш өнеркәсібінің негізгі кәсіпорындары республиканың үш облысының: Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының территориясына орналасқан. Бұл кәсіпорындардың қызметіне партия ұйымдары, олардың баспасөз органдары — облыстық газеттер баса көңіл аудару керектігі өзінен өзі түсінікті. Бұл облыстардың газеттері: «Семиречинская правда», «Сталиншіл», «Правда Южного Казахстана», «Оңтүстік Қазақстан», «Знамя коммунизма», «Коммунизм туы» полиметалл рудаларын шығаруды, қорғасын және мырш концентраттарын өндіруді, қорғасын және мырш балқытуды арттыру жолында қалай күрес жүргізеді?

Текелі қорғасын-мырш комбинаты өткен жылдың программасын руда шығару жөнінен орындады және мырш концентраттарын өндіру жөніндегі тапсырмасын асыра орындады, бірақ қорғасын концентраттарын шығару жоспарын орындай алмады. Комбинат осы жылдың бірінші тоқсанының программасын руда шығару және концентраттар өндіру жөнінен асырып орындады. «Семиречинская правда» газетінің редакциясын бұл жалпы табыстар жайбарақаттандырып қойса керек, ол комбинаттың жұмысын оқта-текте бір рет, ауыр өнеркәсіптің облыстағы бірден-бір кәсіпорнының жұмысын істің байыбына бармай жазады.

Партия мен үкімет әрбір кәсіпорыннан мемлекеттік жоспарды тек сан жағынан ғана емес, сонымен бірге сапа көрсеткіштері бойынша да орындауды талап етеді. Текелі комбинаты үшін бұл — тапсырманы шығарылған рудадағы металдың мөлшері бойынша, одан концентрат алу жөнінде, концентраттағы металдың мөлшері жөнінде орындау, «қалдық» деп аталатындығы металдың шығынын барынша азайту үшін күресу, әрбір тонна руданың, концентраттың түсер құнын арзандату, еңбек өнімділігін арттыру деген сөз. 1955 жылдың бірінші тоқсанының газетімен танысу редакцияның бәрінен де комбинат жұмысының сапа көрсеткіштеріне аз көңіл бөлетінін көрсетті. Ал сапа көрсеткіштері айтарлықтай емес.

А. Никифоровтың «Еңбек өнімділігін арттырайық» (январь 1955 ж.) деген мақаласы газеттің жарты бетін алған, бірақ онда комбинаттағы еңбек өнімділігінің жағдайына талдау жасалмаған. Мақалада тек «...еңбек өнімділігін батыл арттыру үшін күресіп жатқан Текелі кенші жаңашылары...орынды данққа бөленіп отыр» делінген. Ал комбинатты жалпы алғанда еңбек өнімділігінің жағдайы қалай? Автор да, газет те білмейді. Мұнда жүздеген жұмысшылар жұмыс нормасын орындамайды, рудникте өткен жылы әртүрлі себептермен жұмыс уақытының 33,6 проценті шығын болды. Механизмдер, атап айтқанда скреперлі лебедкалар толық пайдаланылмайды, еңбек тәртібі нашар.

Өткен жыл бойына, тіпті осы жылдың бірінші тоқсанында да комбинат қорғасын рудасынан концентрат шығарудың жоспарын орындамады, байыту фабрикасында «қалдықта» көп металл шығын болып келді және шығын болуда, бірақ «Семиречинская правда» металдың шығынына қарсы күрес жүргізбейді. Газет «Жоғары еңбек мәдениеті үшін» деген бас мақалада фабрика «руда байытудың технологиясын жиі-жиі бұзады, руда массасын өңдеу процесінде орта есеппен тәулігіне төрт рет үзіліс болады, осының салдарынан байытушылар елімізге өткен жылы бірнеше миллион сомның өнімін кем берді» деп көрсетті. Технологиялық процесс неге бұзылады, бұған кім жауапты (фамилиясы, аты) — редакция бұл туралы жазбайды.

Текелі руднигінде бұрынғы өнімділігі аз, қымбатқа түсетін қабатпен құлатудың орнына блоктап құлату әдісі кеңінен қолданылуда. Руда шығарудың ғылым мен практиканың қызметкерлері бірлесіп жасап шығарған жаңа, прогрессивтік әдісі әрбір тонна руданың түсер құнын төмендетуге, руда шығарудың қарқынын арттыруға мүмкіндік берді. Бірақ газеттен руда шығарудың жаңа системасының мәні неде екенін білуге болмайды. Ал, ғылым мен озат тәжірибенің жетістіктерін насихаттау — газеттің ең бірінші міндеті емес пе.

«Сталиншіл» газеті де Текелі қорғасын-мырш комбинатының жұмысын қанағаттанарлықсыз жазады. Мысалы, 1955 жылдың март айы ішінде редакция Текелі руднигінің жұмысы туралы бар болғаны екі қабар жариялады. Газет бетінен өндіріс озаттарының даусы естілмейді.

«Сталиншіл» газеті 15 мартта «Тоқсандық жоспарды мерзімінен бұрын орындайық» деген редакциялық мақала жариялады. Онда кәсіпшілік кооперациясының артельдері туралы да, аудандық өнеркәсіп комби-

наттары туралы да, жергілікті өнеркәсіптің басқа кәсіпорындары туралы да айтылады. Тек қорғасын-мырш комбинатының қызметі ғана ұмыт қалып қойған. Осыған байланысты: Талдықорған облыстық партия комитеті өзінің баспасөз органын оқый ма? Облыстық комитет газеттің облыс ауыр өнеркәсібінің жұмысына мән бермей отырғанын біле ме? деген сұрақ туатыны заңды.

Шымкент қорғасын заводы 1954 жылдың программасын қорғасын балқыту жөнінде 97,7 процент орындады. Шымкент заводы сыяқты ірі қорғасын заводына программаны 2,3 процент кем орындау үлкен кемшілік. Осылай болып отырғанда «Правда Южного Казахстана» газетінде 1955 жылы 8 январьдағы «Жаңа жылда жаңа табыстарға жете берейік» деген мақаласында Ж. Шаяхметов жолдастың «Шымкент қорғасыншылары... жаңа жылды мемлекеттік жоспарды мерзімінен бұрын орындап қарсы алды» деуі таңғаларлық.

Осыдан дәл бір ай кейін, 9 февральда Оңтүстік Қазақстан облыстық Санақ басқармасының қабары жарияланды, ол бойынша завод программаны жалпы өнім шығару жөнінен орындай отырып, ассортимент жөнінен тапсырманы орындай алмаған. Осы айқын фактіге қарамай редакция осы номердегі бас мақаласында «Шымкент қорғасын заводы өнімді белгіленген мөлшерден артық шығарды...» деп жазады. «Правда Южного Казахстана» газетінің қызметкерлері мемлекеттік тапсырманы жалпы өнім шығару жөнінде орындау сыяқты, ассортимент бойынша орындау да міндетті түрде екенін білмейтін сыяқты. Егер редакцияның қызметкерлері экономика мәселесіне терең үңіліп, оны зерттейтін болса, заводтың 1954 жылы жалпы өнім шығарудың жоспарын өңделетін шикізатта кездесетін қымбат бағалы компоненттерді шығарудың есебінен орындағанын оп-оңай-ақ байқаған болар еді. Ал негізгі көрсеткіш бойынша—рафинатталған қорғасын шығару жөнінде завод тапсырманы орындай алған жоқ.

Недіктен бұлай болды? Мұның себебі, заводта сапа көрсеткіштеріне аз көңіл бөлінеді, кәсіпорынның балансына сирек көңіл аударылады, оның мүмкіндіктері нашар ашылады және пайдаланылады, технологиялық процестің барлық сатыларында бірдей металдың шығын болуына қарсы күрес жүргізілмейді. Ал мұнда металдың шығыны едәуір.

Осы елеулі кемшіліктердің болуына карамастан Шымкент қорғасын заводы рентабельді кәсіпорын. Ол соңғы үш жылда жыл сайын жоспарда белгіленгеннен тыс орта есеппен 8—14 миллион сом табыс беріп келе жатыр. Бұл табыстар завод пен цех басшы қызметкерлерінде мемлекеттік игілікке теріс көзқарас туғызды. Олар совет тыйынын үнемдемейтін, әрбір грамм металл үшін күреспейтін болды және заводқа шикізат даярлап беретін кеншілердің ауыр еңбегін бағаламайтын болды. Кәсіпорындағы металдың және қаржының шығын болуына жол беріліп келгенін және жол берілуін тек осымен ғана түсіндіруге болады.

Бірнеше цифр келтірейік. Қорғасынның шығыны 1951 жылы заводтың 44 жұмыс күнде қорытқанына, 1952 жылы 48 күнде қорытқанына, 1953 жылы 41 күнде қорытқанына тең болды. Өткен жылы тек газдар мен тасталған шлактарда мың тоннадан астам қорғасын шығын болды. Рудадан металл айырып алу жоспары кәзір де орындалмай келеді.

Бұл мәліметтер заводқа да, редакцияға да мәлім. Бұл туралы Шымкент қалалық партия комитетінің пленумында, заводтағы техникалық конференцияда айтылды, «Правда Южного Казахстана» газетінде де қабарланды. Дегенмен мұның бәрі редакцияда партиялық дабыл туғызбады. Газеттің «Жоспарды жаңа жылдың алғашқы күнінен бастап орындайық» деген бас мақала жариялай отырып, қорғасын заводының жұмысы туралы бір ауыз сөз айтпағанын басқаша қалай түсіндіруге болады? Сол сыяқты «Отанымызға түсті металды көп берейік» деген бас

мақала жариялап және заводта металдың зор мөлшерде шығын болуы туралы мәліметтер келтіре отырып, газеттің бір фамилияны атамағанын, бұл іске кінәлі нақтылы бір адамды атамағанын басқаша қалай түсіндіруге болады? «Правда Южного Казахстана» газеті заводтар мен цехтардың жауапты қызметкерлерін сынамайды, тек заводтың жаман жұмысы туралы фактыларды тіркеп отырады, онда да уақыты өтіп кеткен соң, қалалық партия комитетінің пленумынан, техникалық конференциядан кейін жазады. Газеттің ұйымдастырушылық ролі осы ма?

Оңтүстік Қазақстан облысындағы қорғасын-мырш өнеркәсібінің екінші ірі кәсіпорны — Ащысай полиметалл комбинаты — Шымкент заводының негізгі шикізат базасы. Комбинат өткен жылдың және осы жылдың бірінші тоқсанының программасын мерзімінен бұрын орындады. Дегенмен мұнда да сана көрсеткіштері көп төмен, ал байыту фабрикаларында, әсіресе Ащысай фабрикасында металл шығыны әлі көп. «Правда Южного Казахстана» газеті Ащысай және Мырғалымсай кәсіпорындарының жұмысы туралы жалпы сирек жазады, байытушылардың назарын концентраттың сапасын шұғыл жақсарту керек екеніне аударып отырмайды.

Шымкентте өткен техникалық конференцияда мынандай фактілер келтірілді: 1952 жылы заводқа 6500 тонна артық ылғалды концентрат түскен, 1953 жылы түскен концентратта 11 100 тонна артық су, ал өткен жылғы концентратта 11 700 тонна артық су болған. Мұндай концентраттың қыстыкүні тоң болып қалатыны белгілі, завод сондықтан жыл сайын тоң концентратты түсіруге 800 мың сом артық төлейді, вагондардың қарап тұрғаны үшін штраф төлейді және т. б. Газет быйыл заводқа көрер көзге ылғалды концентрат беруге қарсы бір рет те мақала жазбады.

Ащысай комбинатының құрамында екі байыту фабрикасы — Ащысай және Мырғалымсай фабрикасы бар. Руда өңдеу жоспарының орындалуы, концентраттың сапасы, «қалдықта» металдың шығынын азайту жөнінде Мырғалымсай фабрикасы алда келеді. Газет Мырғалымсай флататорлары мен сұрыптаушыларының тәжірибесін кең насихаттайды деп күтуге болатын еді. Бірақ бұлай болмады. «Правда Южного Казахстана» газеті тек жанашылдарды барынша қолдауға шақырады да, ал өзі бұл маңызды істен шет қалады.

Оңтүстік Қазақстанның полиметалл өнеркәсібі кәсіпорындарының жұмысты қалай істейтінін «Оңтүстік Қазақстан» газеті арқылы білуге болмайды. Шымкент заводындағы, Ащысай полиметалл комбинатының рудниктері мен байыту фабрикаларындағы істің шын жағдайын білмегендіктен редакция көбінше біріне бірі қайшы материалдар жариялайды.

«Оңтүстік Қазақстан» газеті 1955 жылы февральда Я. Ежаковтың мақаласын жариялады, онда Шымкент қорғасын заводының жұмысы қатаң сыналады. Автор заводта механизмдер нашар пайдаланылады, жұмысшылардың еңбегі қанағаттанарлықсыз ұйымдастырылған, барлық жұмысшылар бірдей жарысқа тартылмаған деп көрсетеді. Ал 20 және 26 февральда газет заводтың жақсы жұмыс істейтіндігі туралы екі қабар жариялады. 6 мартта редакция Ю. Свядоштың мақаласын және бір қабар жариялады, оларда заводтың жұмысы мақталады, ал үш күннен кейін (бас мақалада) заводтың жұмысы қайтадан сыналады. Осы бас мақаламен бірге заводтың табыстары туралы қабар жариялаған. Бас мақалада рафинация цехында машиналардың қарап тұрып қалғандығын және басқа кемшіліктерді айтады, ал қабарда барлығы мұның керісінше: рафинация цехы жұмысты жақсы, бірқалыпты істейді, тапсырманы күнделікті орындап отырады.

Бұл сыяқты қарама-қарсы байымдаулар оқушыны шатастыратыны түсінікті емес пе.

ССР Одарының және Қазақстанның қорғасын-мырш өнеркәсібінде Шығыс Қазақстан облысы ерекше орын алады. Оның территориясында

төрт полиметалл комбинаты: Лениногорск, Зыряновск, Ертіс және Өскемен комбинаттары орналасқан. Лениногорск және Ертіс комбинаттары ғана өткен жылдың программасын орындады. Шығыс Қазақстанның қорғасын-мырш өнеркәсібінің кәсіпорындары быйылғы жылдың бірінші тоқсанында өз жұмыстарын біраз жақсартты. Осылай болғанмен Алтайдың жақсы кәсіпорындарының өзі металды көп шығын етеді. Мысалы, жоспардан тыс руда беруші Лениногорск және Сокольный рудниктерінің өзі өткен жылы рудадағы металдың мөлшері жөніндегі тапсырманы орындай алмады. Өскемен және Лениногорск заводтары рудадан металл айырып алу тапсырмасын орындамайды, Алтайдың барлық байыту фабрикаларында дерлік қорғасынның, мырштың және басқа металдардың шығыны көп. Жағдай осындай болса да «Знамя Коммунизма» газеті январь айында көлемді мақала жазып, облыстың полиметалл кәсіпорындарының 1954 жылғы жұмысына анализ жасауды керек деп есептемеді. Жаңа жылда да металл шығын болуда.

27 февральда газет «СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімдерін аброймен орындайық» деген бас мақала жариялады. Газеттің жарты беттейін алған бас мақалада түсті металлургияға бір абзац ғана орын берілген. Онда былай делінген: «Партия активі жыйналысында сөйлеушілердің сөзінде (СОКП Орталық Комитеті Пленумының қортындыларын талқылаған партия активінің облыстық жыйналысы туралы сөз болып отыр — Ред.) түсті металл өндірісі жөнінен республикада және елімізде үлкен орын алатын біздің облыстың кен металлургия өнеркәсібін дамыту мәселесіне партия ұйымдарының назарын күшейту керектігі атап көрсетілді. Міндет мынада: жұмысты нашар істейтін барлық кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарын озаттардың қатарына жеткізу керек, ай сайын өндірістік жоспарды орындап және асыра орындап, бесінші бесжылдықтың тапсырмаларын толық орындау керек. Рудалы Алтайдың металлургия өндірісі елімізге қорғасынды, мысты, мыршты және басқа түсті металдарды бұдан да көп беруге тиісті, ал құрылысшылар өндірістік, тұрғын үйлік және мәдени-тұрмыстық жаңа объектілерді уақытында пайдалануға беруге тиісті». Міне бар болғаны осы. Бұл сыяқты жалаң декларацияның кімге керекі бар.

«Знамя Коммунизма» газеті 21 мартта «1955 жылдың жоспарын мерзімінен бұрын орындайық» деген бас мақала жариялады. Облыстың түсті металлургия кәсіпорындары быйылғы жылдың бірінші тоқсанында руда шығаруды және металл қорытуды арттырды деп дұрыс көрсете отырып, газет сапа көрсеткіштерінің әлі төмен екендігі туралы, шығынның әлі көп екендігі туралы бірауыз сөз айтпайды. Рудалы Алтайдың көпшілік кәсіпорындары кәзір жоспарларын жалпы көрсеткіштер бойынша орындайды, сондықтан бұлар үшін енді басты нәрсе — шығынды барынша азайту, руда мен концентраттан қорғасын, мырш, мыс, алтын, күміс және басқа металдарды айырып алуды күн сайын арттыра беру емес пе.

Алтайдың кәсіпорындарында соңғы жылдары көптеген жаңалықтар енгізілді. Рудниктерде жоғары өнімді блокты қопару барған сайын кеңінен қолданылуда. Бірақ еңбектің озат әдістерін, ғылым мен тәжірибенің жетістіктерін насихаттау әлі нашар жолға қойылған. Мысалы, «Еңбектің озат әдістері өндіріске енгізілсін» деген мақаласында Сокольный руднигінің бас инженері Н. Кутузов жолдас осы туралы айтады. Ол былай деп жазады: «Біздің облысымызда сыбайлас кәсіпорындар көп, бірақ біз олардың жаңа техниканы пайдаланудағы, еңбектің жаңа әдістерін табудағы жетістіктерін білмейміз». Бұл Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігіне, сол сыяқты өндіріс жаңашылдарының табыстарын жеткіліксіз тарататын «Знамя коммунизма» газетіне елеулі кінә.

«Коммунизм туы» газеті де Алтайдың қорғасын-мырш өнеркәсі-

бінің жұмысын үстірт, істің байыбына бармай жазады. Онда жарияланған материалдардың басым көпшілігі қабарлау сипатты болады. Түсті металлургия кәсіпорындарындағы еңбек өнімділігін арттыру мәселесін редакция жетік жазбайды. Газет еңбек өнімділігін арттырып отырған рудниктердің, заводтардың және байыту фабрикаларының «сырын» ашпайды. Мысалға газетте 19 январьда осы тақырыпқа басылған мақаланы алайық. Онда Ертіс комбинаты коллективінің еңбек өнімділігін арттыру ісінде елеулі табыстарға жеткені көрсетілген. Ал бұл табысқа коллективтің қалай жеткенін редакция ашпайды. Осы мақалада көптеген жұмысшылар «еңбек өнімділігінің тамаша үлгілерін көрсетті» деп көрсетеді және оның бәрін тек цифрға шағады. «Коммунизм туы» газеті материалдық игіліктерді жасаушы адамдармен, олардың ой-талабымен емес, тек цифрлармен шұғылданады.

СОКП Орталық Комитетінің январь (1955 ж.) Пленумының қаулыларын талқылаған облыстық партия активінің жыйналысына газет бүтін бір бет арнады. Жыйналыста облыстың ауыр өнеркәсібі туралы көп сөз бола тұрса да, жыйналыстың есебінде оған бәрінен де аз орын берілген — бұл жөнінде бар болғаны бірнеше сөз айтылған.

* * *

Коммунистік партия халық шаруашылығының барлық тарауларын дамытудың шешуші шарты жоғары дамыған ауыр өнеркәсіп деп үйретеді. Тек ауыр өнеркәсіптің табыстары негізінде ғана жеңіл, тамақ өнеркәсібінің және өнеркәсіптің басқа салаларының онан әрі дамуын, ауыл шаруашылығының онан әрі өркендеуін қамтамасыз етуге болады.

Осы тұрғыдан алып карағанда «Семиречинская правда» (1955 ж. 8 январь) газетіндегі А. Никифоровтың «Халық тұтынатын товарлар өндірісін шұғыл өркендету жөніндегі партия қойған міндеттерді толық жүзеге асыру ісінің шешуші шарты, негізгі звеносы — социалистік ауыл шаруашылығының шапшаң және жан-жақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады» деген байымдауы кате.

СОКП Орталық Комитетінің 1955 жылы январьда болған Пленумы ауыр өнеркәсіпті бірінші кезекте дамыту керектігін тағы да ерекше атап көрсетті. СОКП Орталық Комитеті Пленумының қортындыларын талқылай отырып, совет адамдары Коммунистік партияның ауыр индустрияны шапшаң қарқынмен дамытуға бағытталған саясатын бірауыздан қолдады. Осылай болып отырғанда СОКП Орталық Комитеті Пленумының шешімдері туралы «Правда Южного Казахстана» (№№ 28, 29) газетінде жарияланған жер-жерден берілген қабарлар таңғаларлық, оларда ауыр өнеркәсіп туралы бір ауыз сөз айтылмайды.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулыларында: «Коммунистік партия, машиналы ірі өнеркәсіпті және елімізді электрлендіруді барынша дамыта беру туралы Лениннің ілімін басшылыққа ала отырып, өткендегі сыяқты өзінің негізгі міндеті ауыр индустрияны онан әрі өркендете беру деп санайды» деп көрсетілген. СОКП Орталық Комитеті Пленумының бұл шешімдері Қазақстанның облыстық газеттеріне республиканың ауыр өнеркәсібінің жұмысын терең, істі білгендіктен жазып отыруды, оны үнемі өркендете беруде партия ұйымдарына көмектесіп отыруды міндеттейді.


РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Бучкин А. А. (бас редактор),
Әбілдаев К., Глебов С. А., Ордабаев Б.,
Покровский С. Н., Рахимов Х., Федюкин С. А.

Редакцияның адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 107.
Тел. 39-00, 23-03,
11-45, 17-96.

20/V-1955 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108/16 — 2 к. — 5.48 авт. т.

УГ05040. Тираж 15 350. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы, Зак. 657.



Кітап жаңалықтары

партия активінің кітапханасы үшін

Ауыл шаруашылығын жоспарлау практикасын өзгерту туралы. СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің 1955 жылғы 9 марттағы қаулысы. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 15 бет. Бағасы 15 тыйын.

В. И. ЛЕНИН. Жұмысшы табы мен шаруалардың одағы туралы. Жыйнақ. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 712 бет. Бағасы 10 сом.

В. И. ЛЕНИН. 1905 — 1907 жылдардағы революция туралы. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 736 бет. Бағасы 10 сом 80 тыйын.

В. И. ЛЕНИН. Дін туралы. Жыйнақ. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 80 бет. Бағасы 80 тыйын.

И. СТАЛИН. Қарулы көтеріліс және біздің тактикамыз. Екі шайқас. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 125 бет. Бағасы 3 сом.

И. СТАЛИН. БЛКЖО VIII съезінде 1928 жылғы 16 майда сөйленген сөз. «Молодая гвардия» баспасы. 1954 ж. 24 бет. Бағасы 15 тыйын.

И. СТАЛИН. Совет Одағының шаруашылық жайы және партияның саясаты туралы. 1926 жылғы 13 апрельде БК(б)П Орталық Комитеті Пленумының жұмысы туралы Ленинград ұйымының активіне жасалған баяндама. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1954 ж. 100 бет. Бағасы 2 сом 50 тыйын.

В. И. Ленин туралы естеліктер. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 104 бет. Бағасы 1 сом.

С. КУКУШКИН. Лениндік «Искра» Москвада. «Московский рабочий» баспасы. 1954 ж. 124 бет. Бағасы 1 сом 50 тыйын.

В. И. Ленин туралы туысқандарының естеліктері. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 216 бет. Бағасы 2 сом.

КЛАРА ЦЕТКИН. Ленин туралы естеліктер. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 72 бет. Бағасы 85 тыйын.

Ц. С. БОБРОВСКАЯ-ЗЕЛИКСОН. Өткен революциялық дәуірдің беттері (1903 — 1908). Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 68 бет. Бағасы 75 тыйын.

П. ЧЕРЕМНЫХ. Таптар қалай пайда болды және тап күресі неге болады. («Марксизм-ленинизм бойынша көпшілікке арналған кітапхана» сериясынан). Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1954 ж. 87 бет. Бағасы 85 тыйын.

А. ҚОРЯГИН. Социалистік ұдайы өндіріс. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 84 бет. Бағасы 1 сом 10 тыйын.

Д. И. РОЗЕНБЕРГ. XIX ғасырдың қыркыншы жылдарында Маркс пен Энгельстің экономикалық ілімінің да-

муы туралы очерктер. ССРО Ғылым Академиясының баспасы. 1954 ж. 324 бет. Бағасы 14 сом 60 тыйын.

А. АРЗУМАНЯН. Империализм дегеніміз не. (Марксизм-ленинизм бойынша көпшілікке арналған кітапхана» сериясынан). Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1954 ж. 83 бет. Бағасы 80 тыйын.

М. Қ. ТАЛАНТОВА. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін империализмнің колониялық системасы кризисінің тереңдеуі. Ұсынылатын әдебиеттің көрсеткіші. В. И. Ленин атындағы ССРО Мемлекеттік кітапханасының баспасы. 1955 ж. 57 бет. Бағасы 2 сом.

М. С. ДРАГИЛЕВ. Капитализмнің жалпы кризисі. Москва мемлекеттік университетінің баспасы. 1955 ж. 91 бет. Бағасы 3 сом 60 тыйын.

А. АЛЕКСЕЕВ. Атом проблемасы және АҚШ-тың «күшке сүйенген» саясаты. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 99 бет. Бағасы 1 сом 20 тыйын.

А. И. ДЕМИДЕНКО. Нәсілшілдік империализмнің қызметінде. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1954 ж. 109 бет. Бағасы 1 сом 30 тыйын.

Е. А. ҚОРОВИН. ССРО мен халықтық демократия елдері халықтарының мызғымас достығы мен ынтымағы — бейбітшіліктің және жалпы қауіпсіздіктің қуатты тірегі. «Знание» баспасы. 1955 ж. 39 бет. Бағасы 60 тыйын.

В. П. ДОБРОХВАЛОВ. И. В. Мичуриннің ілімінің философиялық және табиғи-ғылыми алғышарттары. «Советская наука» баспасы. 1954 ж. 258 бет. Бағасы 10 сом 50 тыйын.

Декабристер қозғалысының тарихынан очерктер. Мақалалар жыйнағы. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1954 ж. 580 бет. Бағасы 8 сом 50 тыйын.

Қазіргі Индонезия. Ағылшын тілінен аударма. Шетелдік әдебиет баспасы. 1955 ж. 157 бет. Бағасы 5 сом 25 тыйын.

Д. ВИЛЕНСКИЙ. Тың және тыңайған жерлерді игеру қандай нәтиже береді. «Московский рабочий» баспасы. 1955 ж. 40 бет. Бағасы 45 тыйын.

А. БАРАЕВ. Қазақстанда Т. С. Мальцевтің системасын қолдану тәжірибесі. Қазақ мемлекеттік баспасы. 1955 ж. 24 бет. Бағасы 30 тыйын.

Х. СҮЙІНДІКОВ, Ғ. ОТАРОВ. «Путь Октября» колхозында жүгері өсіру. Қазақ мемлекеттік баспасы. 1955 ж. 15 бет. Бағасы 20 тыйын.

А. А. ГОСТЕВ. Қамыс және оны құрылыста қолдану. Қазақ мемлекеттік баспасы. 1955 ж. 36 бет. Бағасы 65 тыйын.